

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ

Г. РАХИМБАЕВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

Орта деңгей (B 1)

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 Қаз-923
Р24

Пікір берушілер:

филология ғылымдарының докторы, С.Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры
Г.Ә.Кусманова

филология ғылымдарының докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң
университетінің профессоры, ф.ғ.д. Г.Т.Абикенова

филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран-Астана» университетінің профессоры
Г.Т.Карипжанова

Рахимбаева Гаухар Кинаятовна. Қазақ тілі. Орта деңгей В 1. Студенттерге арналған
оқу құралы.-Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университеті, 2022.-214 бет

IZBN 978-601-7616-59-5

Орта деңгейге (В 1) арналған «Қазақ тілі» оқулығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелері үшін «Қазақ тілі» жалпы білім беру пәнінің типтік оқу жоспары негізінде жазылды. Оқу құралында «Қазақ тілін» «Ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну», «Жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну», «Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану» сияқты А, В, С критерийлері (нақты стрендтер) негізінде оқыту жүзеге асырылған. Аталмыш критерийлерді қолдана отырып тілді үйрену өте ұтымды. Оқу құралы лексикалық және грамматикалық тақырыптарды қамтиды. Әр сабақтың тақырыбына орай белгілі бір көркем шығарма оқуға алынған, яғни тіл үйренушілер қазақ тілін меңгерумен қатар қазақ әдебиетінің жауһар шығармаларымен де танысып, игеруге талпыныс жасайды. Көркем шығармалар нақты критерийлер негізінде талқыланып, стрендтер бойынша тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар өзіндік жұмыс тапсырмалары мен алған білімді бекіту мақсатында тест сұрақтары берілген.

Республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен баспаға ұсынылды.

IZBN 978-601-7616-59-5

© Рахимбаева Г.К.2021
© «Тұран-Астана»баспасы»,2021

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне оқыту мәселесі өзекті тақырыптардың бірі. Соған орай бүгінгі таңда қазақ тілін оқытудың көптеген әдістемелік негіздері қалыптасқан. Қазақ тілін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздеу қоғамда орын алатын түрлі өзгерістерге орай әр уақытта да сұраныста болады. Қазақ тілін халықаралық тәжірибеде қолданылатын түрлі тәсілдер арқылы оқыту өзіндік нәтижесін берер деген ойдамын.

Қазақ тілін **А критерийі** бойынша нақты стрендтер негізінде, яғни **ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну** арқылы оқыту, критериймен жұмыс барысында бейнежазбамен жұмыс жүргізіледі. Өйткені студент тақырып бойынша белгілі бір деректерді бейнежазбадан көру және ауызша есту арқылы қабылдайды әрі нақты стрендтер негізінде нақты талдай отырып түсінеді. А критерийі барысында тіл үйренушінің сөйлеу дағдысына ғана назар аударылады. Егер тақырыпты бекіту мақсатында жазбаша түрде қорытынды бақылау жұмысы алынған жағдайда жіберілген стильдік, грамматикалық қателерге назар аударылмайды. Студенттің өз ойын еркін жеткізуі есепке алынады. А критерийінің стрендтері:

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Осындай нақты стрендтердің негізінде бейнебаянға талдау жасалады. Стрендтер бойынша нақты сұрақтар құрастырылып, бейнебаянның басты идеясы және оны жеткізудегі қосымша детальдар анықталады. Ондағы конвенцияларға (дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.) басты назар аударылып, негізгі идеяны жеткізудегі рөлі айқындалады.

Жетістік деңгейі	Деңгей сипаттамасы
0	Оқушы төменде берілген стандарттардың бірде-біріне жете алмады.
60-64	I. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағынаны төмен деңгейде құрайды, қорытынды жасай алмайды . II. Конвенцияларды түсіндіруде қиналады ; III. Ауызша және визуалды мәтіндердегі кейбір идея, пікір мен көзқарастарды төмен деңгейде анықтайды, жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беруде қиналады . Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен

	мазмұнды шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді.
65-74	<p>I. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағынаны біршама құрайды, кейбір қорытындыларды жасайды;</p> <p>II. Кейбір конвенцияларды түсіндіреді;</p> <p>III. Ауызша және визуалды мәтіндердегі кейбір идея, пікір мен көзқарастарды біршама анықтайды, кейде жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауапты береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды біршама түсінгендігін көрсетеді.</p>
75-89	<p>I. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағынаны жеткілікті деңгейде құрайды, қорытынды жасайды;</p> <p>II. Конвенциялардың басым бөлігін түсіндіреді;</p> <p>III. Ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастардың басым бөлігін анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауапты жеткілікті деңгейде береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды жеткілікті деңгейде түсінгендігін көрсетеді.</p>
90-100	<p>I. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағынаны жоғары деңгейде құрайды, қорытынды жасайды;</p> <p>II. Конвенцияларды түсіндіреді;</p> <p>III. Ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауапты толық береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді.</p>

Қазақ тілін **Вкритерийі** бойынша нақты стрендтер негізінде, яғни **жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну** арқылы оқыту, критериймен жұмыс барысында мәтінмен бірге міндетті түрде сурет (картина) болу қажет. Сурет пен мәтін бір-бірінің мағынасына сәйкес болу керек. А критерийінің стрендтері:

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Осы іспетті нақты стрендтердің негізінде суретті мәтінге талдау жасалады. Стрендтер бойынша нақты сұрақтар құрастырылып, бейнебаянның басты идеясы және оны жеткізудегі қосымша детальдар

анықталады. Ондағы конвенцияларға (екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс т.б.) басты назар аударылып, негізгі идеяны жеткізудегі рөлі айқындалады. В критерийі жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну болғандықтан, мәтіннің жанында мінетті түрде сурет болады.

Жетістік деңгейі	Деңгей сипаттамасы
0	Оқушы төменде берілген стандарттардың бірде-біріне жете алмады.
60-64	<p>I. Ақпаратты немесе басты идеялар мен қосымша детальдарды талдауда қиналады, қорытынды жасай алмайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса негізгі ережелерді шектеулі деңгейде талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі кейбір идея, пікір мен көзқарастарды төмен деңгейде талдайды, жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауап беруде қиналады.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді.</p>
65-74	<p>I. Ақпаратты, басты идеялар мен қосымша детальдарды біраз талдайды, біршама қорытынды жасайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса кейбір негізгі ережелерді талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі кейбір идея, пікір мен көзқарастарды біршама талдау арқылы кейде жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауапты береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды біршама түсінгендігін көрсетеді.</p>
75-89	<p>I. Ақпаратты, басты идеялар мен қосымша детальдарды толық талдайды, қорытынды жасайды;</p> <p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса негізгі ережелердің басым бөлігін талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастардың басым бөлігін талдау арқылы жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауапты жеткілікті деңгейде береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды жеткілікті деңгейде түсінгендігін көрсетеді.</p>
90-100	I. Ақпаратты, басты идеялар мен қосымша детальдарды терең талдайды, қорытынды жасайды;

	<p>II. Автор мақсаты, шығарманың пішіні (форматы) мен стилінің аспектілерімен қоса негізгі ережелерді талдайды;</p> <p>III. Жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды талдау арқылы жеке тәжірибелері мен ғаламдық тұрғыдағы пікірлерге негізделген жауапты толық береді.</p> <p>Жалпы алғанда, мәтіндегі тұжырымдама, мәнмәтін мен мазмұнды толық түсінгендігін көрсетеді.</p>
--	--

Қазақ тілін **Скритерийі** бойынша нақты стрендтер негізінде, яғни **ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану** арқылы оқыту. С критерийінің стрендтері:

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Аталмыш критерийде сөздік қорына, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің негізгі жиынтығын қолдану арқылы жазу мен қатесіз, дұрыс сөйлеуіне, интонацияны анық қоюына, ақпараттарды жеткізе білуіне, өз ойын жеткізу барысында байланыстырушы сөз орамдарын қолдануына басты назар аударылады.

Жетістік деңгейі	Деңгей сипаттамасы
0	Оқушы төменде берілген стандарттардың бірде-біріне жете алмады.
60-64	<p>I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің негізгі жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеуде қиналады, анық интонация мен айтылу ережесін қолдануда түсінуге кедергі келтіретін көп қате жібереді;</p> <p>II. Шектеулі ақпарат ұйымдастырады, байланыстырушы сөз орамдарын қолданбайды;</p> <p>III. Мәнмәтінге сәйкес тілді төмен деңгейде қолданады.</p>
65-74	<p>I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің негізгі жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеуде біршама қиналады, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдануда кейбір түсінуге кедергі келтіретін қателер жібереді;</p> <p>II. Кейбір ақпарат пен идеяларды ұйымдастырады, байланыстырушы сөз орамдарын шектеулі мөлшерде кейде қолданады;</p> <p>III. Мәнмәтінге сәйкес тілді біршама қолданады.</p>
75-89	I. Жалпы алғанда сөздік қор, грамматикалық

	<p>құрылымдар мен ережелердің жиынтығын жақсы қолдану арқылы дұрыс жазады және сөйлейді, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдануда түсінуге кедергі келтірмейтінкейбір қателер жібереді;</p> <p>II. Ақпарат пен идеяларды жақсы ұйымдастырады, негізгі байланыстырушы сөз орамдарын шектеулі мөлшерде дұрыс қолданады;</p> <p>III. Әдетте, мәнмәтінге сәйкес тілді қолданады.</p>
90-100	<p>I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын тиімді қолдану арқылы дұрыс жазады және сөйлейді, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану қарым-қатынасты жеңілдетеді;</p> <p>II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды нақты ұйымдастырады, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын дұрыс қолданады,</p> <p>III. Мәнмәтінге сәйкес тілді тиімді қолданады.</p>

Әр тақырыпты аяқтағанда сол сабақта қолданған критерийді пайдаланып, оқытушыға қорытынды бақылау жұмысын алуға болады.

Лексикалық минимум сабақ тақырыбына қатысты берілген бейнебаянға немесе көркем мәтінге т.б. қатысты алынады.

Критерийлерімен жұмыс барысында оқылатын көркем шығармалар студенттерге алдын ала беріледі, олар мәтінмен танысып келеді. Сабақта мәтіннен үзінді ғана алынады.

Деректі, концептуалды және пікір-сайыс сұрақтарды сабақ үстінде студенттердің өздеріне де құраттыруға болады.

**Әр сабақта қолданылатын критерийлер мен оқылатын көркем шығармалар
«Қазақ тілі», 1-семестр**

№	Апта (1-семестр)	тақырып	критерий	Оқытылатын көркем шығарма
1	1-апта	Жеке тұлға	А	Бейнебаянмен жұмыс
2	2-апта	Отбасы және дәстүр. Отбасындағы сыйластық	В	«Данагүлдің даналығы»
3	3-апта	Мамандықтың бәрі жақсы. Менің мамандығым – менің болашағым	С	Мамандық туралы мәтін

4	4-апта	Қоғам және жастар	А, С	Бейнебаянмен жұмыс
5	5-апта	Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық тағамның пайдасы	В,С	Б.Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» әңгімесі
6	6-апта	Адам және экология. Экологиялық таза өнім	А	Бейнебаянмен жұмыс
7	7-апта	Саяхат және туризм. Өз өлкеңді таны.	В	С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы
8	8-апта	Адам және табиғат. Табиғат құбылыстары	С	М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы
9	9-апта	Адам және уақыт. Ұлы мәртебелі уақыт	А, С	М.Мақатаев «Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?» өлеңі (бейнебаян түрінде берілген)
10	10-апта	Мәдениет және өнер. Театр және кино өнері	В,С	Ж.Аймауытов «Әнші» әңгімесі
11	11-апта	Мінез және келбет. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.	А	Бейнебаянмен жұмыс
12	12-апта	Сән мен талғам. Киім. Сән. Талғам.	В	Абай «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңі
13	13-апта	Әдебиет және өнер. Проза және поэзия	С	М.Шаханов «Төрт ана» өлеңі
14	14-апта	Менің Отаным. Атамекен– құт мекен	А, С	М.Мақатаев «Отан туралы» өлеңі (бейнебаян түрінде берілген)
15	15-апта	Тұрғын үй және сәулет. Қазіргі заманауи үйлер	В,С	Ерболат Әбікен «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

«Қазақ тілі», 2-семестр

№	Апта (1-семестр)	тақырып	критерий	Оқытылатын көркем шығарма
1	1-апта	Білім және ғылым.Ел	А	Бейнебаянменжұмыс

		болашағы – білімді ұрпақта		
2	-2-апта	Білімді жастар – болашақтың тірегі. Мен жастарға сенемін.	В	М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» өлеңі
3	3-апта	Өнертабыс және жаңашылдық.	С	Өнертабыс туралы мәтін
4	4-апта	Танымал тұлғалар	А, С	Бейнебаянмен жұмыс
5	5-апта	Бұқаралық ақпарат құралы	В,С	Қазақтың тұңғыш журналист қыздары туралы мәтін
6	6-апта	Көлік және логистика	А	Бейнебаянмен жұмыс
7	7-апта	Ел экономикасы	В	Ы.Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады» әңгімесі
8	8-апта	Әлем назарындағы Қазақстан	С	Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы
9	9-апта	Ел қауіпсіздігі	А, С	Бейнебаянмен жұмыс
10	10-апта	Адами құндылық	В,С	Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» (үзінді)
11	11-апта	Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру	А	Бейнебаянмен жұмыс
12	12-апта	Өркениет және жаңа әліпби	В	Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы
13	13-апта	Тілдік кәсіби бағдар	С	Мәтінмен жұмыс
14	14-апта	Кәсіби тілдің термин жүйесі	А, С	Бейнебаянмен жұмыс
15	15-апта	Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі.	В,С	Мәтінмен жұмыс

1-СЕМЕСТР 1-АПТА

Қызығушылықты ояту.

Студенттерге жүрек түріндегі қағаздар таратылып беріледі. Әр оқушы болашақта өзінің бойынан көргісі келетін құндылықтарын жазып, тақтаға іледі. Осы қасиеттерді негізге ала отырып, тақырыпты болжайды (болжамнан кейін қағазға жазған қасиеттерін бүгінгі тақырыппен байланыстыра отырып, жеке тұлға ретінде қалыптасуға қандай қасиеттердің әсер ететінін саралайды.

Лексикалық тақырып: Жеке тұлға.

Лексикалық минимум: Жеке тұлға, болмыс, өзіндік сана-сезім, түйсік, дағды, өзін-өзі дамыту, осмысление, генетикалық ес, өмірлік тәжірибе, әлеуметтік орта, шығармашылық, құндылық, күрес

Деректі сұрақ: Жеке тұлға деген кім?

Концептуалды сұрақ: Жеке тұлғаның қоғамдағы орны қандай?

Пікір-таласты сұрақ: Жеке тұлға қоғамды өзгерте ала ма?

Критерий: А

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну арқылы оқыту:

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Бейнебаянмен жұмыс. «Жеке тұлға. Өзіндік сана-сезім. Психология» атты бейнебаянды ұсынылған сілтеме бойынша көру
(<https://www.youtube.com/watch?v=r2AEbJMINe8>)

1-тапсырма: Бейнебаян негізінде А критерийінің талаптарын орындаңыз. *Нұсқаулық:*

- Кестедегі тапсырманы мұқият оқыңыз, оны талапқа сай орындаңыздар.
- Көзді жұмып отырып бейнежазбаны *тыңдап*, кестедегі сұрақтарға жауап беріңіздер.
- Бейнежазбаны *көріп*, кестедегі сұрақтарға жауап беріңіздер.
- Бір бейнебаянды екі түрлі жағдайда қабылдау кезіндегі сезіміңізді лексикалық минимумды қолдана отырып жеткізіңіздер.

Бейнебаянды мұқият <i>тыңдаңыз</i> . Тапсырманы орындаңыз.		
Не естідім?	Не елестеді?/Нені көре алдым?	Не сездім?

Бейнебаянды мұқият көріңіз . Тапсырманы орындаңыз		
Не естідім?	Не елестеді?/Нені көре алдым?	Не сездім?
<p>Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы А критерийіне сай бейнебаянға талдау жасау.</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Бейнебаянда не туралы айтылған? ➤ Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар. ➤ Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген? ➤ Конвенциялар (дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады? ➤ Жеке тұлғаның адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар. ➤ Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер. 		

Грамматикалық тақырып: Зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестердің қолданысы.

Зат есім септеледі. Тілімізде 7 септік бар. Олар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Атау септікте жалғау болмайды, зат есім негізгі және туынды түбір формасында қолданылады. Мысалы: әлем, табиғат, адам т.б. Атау септігінде тұрған сөз сөйлемде бастауыш қызметін атқарады.

Ілік септік меншіктік мағынаны білдіреді, кімнің, ненің деген сұрақтарға жауап береді, жалғаулары: -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің, ол тәуелдік жалғауымен тіркесіп келеді: құрбымның қаламы, кітаптың беті, қаланың баласы. Сөйлемде ілік септігінде тұрған сөз анықтауыш болады. Ілік септігінің сөздерге жалғану тәртібі:

-ның, -нің	и ю / л р у й / ж з
-дың, -дің	қатаң / б в г д
-тың, -тің	дауысты / м н ң

Барыс септік іс-әрекеттің, қимылдың бағытын білдіреді, кімге, неге? деген сұрақтарға жауап береді, ол кезде толықтауыш қызметін атқарса, қайда, не үшін? деген сұрақтарға жауап бергенде пысықтауыш болады, жалғаулары: -ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е. (ауылға, көшеге, батысқа, анаға, әкеге т.б.). Барыс септігінің сөздерге жалғану тәртібі:

-ға, -ге,	Дауысты/үнді/ұяң дауыссыз дыбыстар
-қа, -ке,	қатаң / б в г д, ф
-на, -не, -а, -е	Ана+сы+на, әке+сі+не

Табыс септік істің, қимылдың объектісін білдіреді, кімді? нені? деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемде толықтауыш болады. Жалғаулары: -ты, -ті, -ды,-ді, -ны,-ні (анамды, әкемді, кітапты т.б.). Табыс септігінің жалғауы кейде жасырын тұрады, оны сұрақ қою арқылы табуға болады. Табыс септігінің сөздерге жалғану тәртібі:

-ты, -ті	и ю /үнді/ж з
-ды,-ді,	қатаң / б в г д
-ны,-ні, -н	дауысты Ана+сы+н, әке+сі+н

Жатыс септік істің, қимылдың мекенін, мезгілін білдіреді, кімде? неде? деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Жалғаулары: -да,-де, -та,-те, -нда,-нде (анамда, әкемде т.б.). Жатыс септігінің сөздерге жалғану тәртібі:

-да,-де,	дауысты /үнді/ж з
-та,-те,	қатаң / б в г д
-нда,-нде	көше+сі+нде

Шығыс септік қимылдың қайдан шыққанын білдіреді, кімнен? неден? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш қызметін атқарады. Жалғаулары: -нан,-нен,-дан,-ден, -тан,-тен. Шығыс септігінің сөздерге жалғану тәртібі:

-дан,-ден	дауысты /үнді/ж з
тан,-тен.	қатаң / б в г д
-нан,-нен	м,н,ң

Көмектес септік қимылдың қалай, немен істелгенін білдіреді. Кіммен? Немен? деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемде пысықтауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Жалғаулары: -мен, -бен, -пен (анаммен, әкеммен т.б.). Көмектес септігінің сөздерге жалғану тәртібі:

-бен	ж зұяң дауыссыз
-пен	қатаң / б в г д
-мен	дауысты/үнді

Зат есім қабыса және матаса байланысады, яғни сөз тіркестерінің еш жалғаусыз, қатар тұрып байланысуын қабысу дейміз, сөз тіркестері есім сөздерден болады. Мысалы: күміс жүзік, ағаш үй, әдемі қыз т.б.

Ал матасу ілік септік пен тәуелдік жалғауының тіркесуі арқылы жасалады: үйдің төбесі, жігіттің сұлтаны т.б.

2-тапсырма: Дыбыссыз берілген бейнебаянды ұсынылған сілтеме бойынша (<https://www.youtube.com/watch?v=PilZK1ahqM>) көріп, дыбыстау

(озвучение) жасаңыздар, тапсырманы орындау барысында лексикалық минимум мен грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар, яғни жеті септік түрін және қабыса, матаса байланысқан сөз тіркестерін пайдаланыңыздар.

3-тапсырма:


Бейнебаянның мақсаты	Бейнебаянның бүгінгі күнмен үндестігі	Бейнебаянның танымдық-тағылымдық мәні	Бейнебаян туралы өз көзқарасың, пікірің

4-тапсырма. «FILA» кестесі негізінде бейнебаянға проблемалық талдау жасаңыздар.

Дәлел	Авторлық идеяны табу	Сұрақ дайындау	Өзіндік шешім шығару

5- тапсырма.

Адамды жеке тұлға ретінде танытатын қасиеттерін жаза отырып, ассоциациограмманы толтыр.



СӨЖ тапсырмасы: «Мен – Қазақстан азаматымын» тақырыбына монолог құрастыру.

Рефлексия: студенттершеңбер құрып тұрады да, кезекпен тақтада көрсетілген тіркестер бойынша **бір сөйлеммен** өз ойларын айтады:

Мен бүгін.....білдім.

Маған.....қызықты болды.


Маған.....қиын болды.

Мен бүгінтапсырманы орындадым.

Мен сабақ барысындатүсіндім.
Мен енді істей аламын.
Мен сабақ барысындамеңгердім.
Мен сабақ барысындасезіндім.
Мен сабақ барысындаүйрендім.
Мені.....таң қалдырды.
Ментырысамын.
Сабақтағы..... өмірде де қажет.

2-АПТА

Қызығушылықты ояту. Студенттер өз отбасындағы құндылықтарды маңыздылығына орай ағашқа тамыр ретінде рет-ретімен жазып, кезекпе-кезек айтып шығады.



«Бес құндылық» әдісі арқылы әр оқушы ата-анасының бойындағы өзі ең құнды деп санайтын қасиеттерін жазады, оқиды (*мүмкін олардың отбасындағы құндылықтар басқа шығар*). Осы іспеттес тапсырмалар бүгінгі сабақтың тақырыбын табуға жетелейді.

Лексикалық тақырып: Отбасы және дәстүр. Отбасындағы сыйластық.

Лексикалық минимум: қызықпау, береке, даңқ, кембағал, шарапат, ауқатты, ел арасы, кесіп өтпеу (үлкендердің жолын), арынды батыр, бата беру, қараша үй, құда болу, келін, елші, дастархан, тостаған, алаша, шалап, текемет, таңдай, құпия, өсиет, жолаушы, ниет, киелі, үбірлі-шүбірлі, тізгін (қолға алу), түз (далада), сынау, қарақшы, тап болу (кездесіп қалу), мұрша бермеу, тонау, құнан, буыршын, ақбас атан, босаға, даналық, қаңғу, жәбір шегу, қаннен-қаперсіз, тырп еткізбеу, матап байлау, тұтқын, жарлы, зорлық, қиянат, жаза, үкім, тәубаға келу.

Әңгімедегі мақал-мәтелдер: «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды», «Ердің бақыты – әйел», «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол», «Ер сыйлаған есікте қалмас», «Ғұмыр – біреу, кезек – екеу».

Деректі сұрақ: Дәстүр, отбасы берекесі дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Қандай туыстық атауларды білесіздер? Отбасындағы салт-дәстүрлер дегенді қалай түсінесіздер? Отбасылық мерекелерді қалай тойлайсыздар? Басқа ұлт өкілдерінің отбасылық

дәстүрлері сіздерге қалай әсер етеді? Дәстүрлер мен мерекелердің қандай айырмашылығы бар? Туыстық атауларды қаншалықты білесіздер?

Пікір-таласты сұрақ: Әр елдің салтын білу және құрметтеу маңызды ма?

Критерий: В

В критерийі: Жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну:

i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. жазбаша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Мәтінмен жұмыс.«Данагүлдің даналығы». (Студенттерге Төле би туралы айтып өтуге болады).

<https://bilim-all.kz/article/10104-Danagul>

Мәтін (ықшамдалып алынды)



Төле би: «Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын. «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылды болса, балам дана болады. «Ердің бақыты– әйел» деген. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін – әйел, кең жайылған дастарханымен ердің атын шығаратын да әйел. Малына, байлығына қызығып, ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып, кездесе көрермін. Ырыс, бақыт та әйелде. Жақсы әйелдің арқасында ердің елге даңқы кетеді. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден. Ол әйелді халық та жақсы көреді, кембағал, қайыршы да жақсы көреді. Жақсы кісіні жұрт жек көре ме? Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел.

Осындай ой құшағында жүрген Төле би түрікмен елінен елші болып келе жатқанда алдарынан бір топ атты қыз-келіншек көрінеді. Ол топтың

ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы да бар еді. Жалғыз көк шолақ атына мініп, байдың қыздарымен тойдан қайтқан беті еді деседі:

- Апайлар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар. Жоғары жақтан бірқатар аттылар келе жатыр, алдынан кесіп өтпейік. Үлкендердің алдынан кесіп өту дұрыс болмайды. Олар – ел қорғайтын, жер қорғайтын ерлер. Кім біліпті араларында ақылы асқан ақылды, данышпан қариялары бар шығар, ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған есікте қалмас» деген. Әлі-ақ бәріміз де бір-бір үйдің иесі боламыз. Шарапат, жақсылығы тиер, үлкен кісілердің батасын алып, алғысына бөленейік. Апалар, күтіп тұралық. Атты ер кісілер алдымыздан кесіп өтсін! Сонан соң жүрсек те аулымызға жетерміз,- деді Данагүл.

Қыздар жол кеспей тұрып қалды. Топ алдындағы Төле би мұны алыстан көріп, байқап келе жатыр. Қыздардың жанынан өткен соң:

- Анау алдымызды кеспей, кейіндеп қалған балаларды шақырып келші,- деді. Ол шауып барып, қыздарды шақырып келді. Жақындай бергенде Данагүл атынан түсіп, жаяулап:

- Апалар, бәріміз аттан түсіп, жаяу барып сәлем берейік. Үлкен кісілерге атпен барып сәлем бергеніміз ұят. Бұл кісілер ешуақытта да кездеспейтін кісілер. Жолымыз болады екен,- деді.

Осылайша барып, қыздар сәлемдесіп, Төле би олардың іс-әрекеттерінің себебін сұрап, жауап алды. Данагүлмен танысып, жөн сұрасып, батасын беріп, жүріп кетеді. Сол бетімен Данагүлдің аулына келіп, кедейлігіне қарамай, әкесі Алакөздің қараша үйіне келіп түседі. Қыздың әкесі Төле биді серіктерімен үйіне әкеп түсірді. Алаша, киіз жетпеген жерге қамыс төседі. Үй кісіге толды. Жалғыз сиырының айранына суды қосып жіберіп шалап жасап, бір-бір тостағаннан сусын ұсынды. Біреулерді жүгіртіп, байлардың үйінен самауыр, қарызға нан алдырды. Ауыл хабарланып, жиналып қалады. Төле би Алакөзбен танысып, барлығын сұрап біліп, соңында:

- Ә, жақсы екен. Жарайды, келінім. Балам, әлгі қызыңды, Данагүлді шақырып кел! Үлкен кісілердің әңгімесін есітіп отырсын. Бала ғой...

Данагүл көрші ауылда қыздармен отыр еді. «Әкең шақырып жатыр» деп бір келіншек барып, шақырып келді.

Бір кезде тамақ пісті. Төле бидің алдына бата сұрап бас келді.

-Әлгі Данагүл баламды шақыршы?

Табаққа бата беріп болғаннан кейінгі жерде Төле би басты қасқалап пышақпен кесті де, бір ұртын алып өзі аузына сал-ды. Бір құлағы мен таңдайын алып:

- Қарағым, Данагүл, келші, өз қолымнан ұсынайын. Құлақ бергенім — екімнің бірі бол! Таңдай бергенім – айттырмай біліп, құпия, жұмбақ сырымды шешіп, өсиетімді жұртқа жайып жүретін балам бол, міне, - деп ұсынды.

Данагүл келіп еңкейіп, қолына алып:

- Рахмет, ата. Айтқаныңыз қабыл болсын! - деді басын иіп.

Жолаушылар қонақ болып жатты. Таң атты. Шай ішіп отырғанда, жұртқа Төле би:

- Оу, жігіттер, мына Алакөз мырзамен құда болғым келіп отыр. Данагүл балама мейірімім түсті. Бұйрық болса, бала етіп алсам деп отырмын. Мен де кедей адаммын, Алакөз де кедей адам. Қоралап айдап беретін малым жоқ. Сондықтан мұныкі – менікі, менікі – мұныкі. Екеуімізге екі бала ортақ. Ниетім қалыс. Қабыл көрсең, Алакөз қарағым, тапқанымыз екі баланікі,- деді. Алакөз әйелі екеуі келісіп, Төле бимен құда болғандарына қуанышты екендіктерін айтады.

- Ал, ендеше, олай болса, мінеки, бабам Бәйдібектің батасы болсын. Әумин, қолыңды жай. Ақылды, абыройлы, мейірлі, рақымды, кішіпейіл, киелі, айтқаны әділ, тілегі қабыл, өмір жасы ұзақ, халқына қадірлі, жұртына сүйкімді, әке-шеше, туыс-туғанына жағымды, арты үбір-шүбірлі, ризық-несібесі молболсын! Аллау әкпар!-деп бата берді.

Арада ай өтпей Төле би Данагүлді ауылына келін етіп түсірді. Келіні өзінің ойынан шығып, күткендегідей болды.

- Балам, Данагүлім, өзімнің ұлым қандай болса, сондай болып жүре бер! Атаға көрінбей қашып кетуді қой. Ол – ескірген әдет. Мен болсам, халық үшін жүрген адаммын. Көбінесе түзде жүремін. Үйдің, ауылдың, бәрінің ақылшысы өзің бол, шырағым. Шаруаны да өзің басқар. Тізгіншылбырды қолыңа ал!- деп келінін баласындай көріп, кішкентай нәрсе болса, ақылдасып отыратын болды. Бір жақтан жолаушылап келсе, үлкен кісідей келініне көрген-білгенін айтып, сұрақ қоя сынап, ауылдағы шаруаның жайын әңгімелетіп, үнсіз тыңдап отырады екен.

Көп ұзамай-ақ келіні ел аузына ілікті. Барлығы осылай болғанына қуанды. Төле би сыртта алты алашқа билік айтса, қара домалақ келіні ауылдағы ағайын-туғанға билік етті. Арбаның дөңгелегіндей өтіп жатқан уақыт қой. Бірде Төле би алыстағы жекжатына бара жатып қырық қарақшыға тап болады. Бас салып, сөз сөйлеуге де мұрша бермей, қолға түсіріп, тонап, екеуін шөлге тастайтын болды. Төле би өзінің кім екенін айтпады. Оларға мал беретінін айтты, қарақшылар келісті. Төле би:

- Аулыма хат жазайын. Қырық құнан, атан, жиырма буыршын, сегіз ақбас атаным бар еді. Соны берсін. Он босағамда көмген алтыным, сол босағамда күмісім бар еді. Өзімнен басқа адам білмеуші еді, - деді. Бірақ хаттың мәнін ауылға ешкім түсінбейді, сонда Данагүл:

- Атам қырық қарақшының қолына тұтқын болып түскен екен. Қырық құнан атан берсін дегені – қырық мықты жауынгер жігіт берсін дегені. Жиырма буыршын берсін дегені – жиырма палуан берсін дегені. Сегіз ақбас атан берсін дегені – сегіз ақсақал берсін дегені. Оң босағадағы алтыны мен едім, сол босағадағы күмісі баласы еді. Атам мені артық көруші еді. Жұмбағымды шешер деп ойлаған екен. Алтынымды түгел берсін дегені – мені алып келсін дегені,- дейді. Отырғандардың бәрі Данагүлдің даналығына таң қалысты.

Мал жинап, Данагүлді алып, екі қарақшымен жолға шығады. Алпыс жігіт, сегіз ақсақал соңдарынан жасырын ілесіп отырады. Осылайша олар қаннен-қаперсіз жатқан қарақшыларды тырп еткізбей қоршап алды. Қырқын да матап байлады. Ауылына әкелген соң Төле би бәріне арнайы сөз сөйледі.

- «Ғұмыр – біреу, кезек – екеу» деген. Сендерге өлім керек пе, өмір керек пе? Кешегі күні тұтқынға мен түсіп едім, бүгін сендер түстіңдер. «Дүние– кезек» деген осы болады. Маған сендердің аттарыңның керегі жоқ. Бес-алты күн сендермен жолдас болып қалып едім. Тілімді алсаңдар, әлі де болса, ақылымды айтып, ара түсейін. Бәріңнің елге пайдаларың жоқ, жарлының жалғызын тартып ап жылатасыңдар. Шөлдеп келе жатқандарды өлтіресіңдер. Айдалада не әйелің жоқ, не балаң жоқ, қаңғып өмір сүресіңдер. Жетім мен жесірге, жалғыз-жарымға жасаған зорлықтарың бүгін мойындарыңа түсіп отыр. Жазықсыз өлген жандардың қаны үшін сендерді қырып жіберсек, шамамыз жетеді. Оны біліп тұрсыңдар. Менің атым – Төле би. Адамның баласына әділдік айтып, таласқан, тартысқанын, жауласып айтысқанын анықтап, өмірімше істеп келе жатқан кәсібім – жұртқа жақсылық жасау, болысу. Біреуге біреу зорлық істесе, біреуге біреу қиянат жасаса, оған әділ жаза кесемін, әділ үкім айтамын. Жәбір шеккен жанға болысып, оны ажалдан, азаптан құтқаруға асығамын. Сендердің қарақшылық кәсіпке ден қойғандарыңа көп болса да, байымадыңдар. Тілімді алсаңдар, өлтіртпейін. Сендер бұл кәсіпті қойыңдар. Тәубаға келіңдер. Мына менімен бірге жүріңдер. Әйелің жоғыңа әйел, малың жоғыңа мал, үйің жоғыңа үй алып беремін. Халықпен бірге өмір сүріп, адал кәсіп істеңдер. Таза, адал еңбек істесеңдер, қарның тояды, біреуді жылатып, тартып алғанның берекесі болмайды. Менің айтар ақылым осы. Қарақшылар келісіп, Төле би қырқын да ауылына алып келді. Біреуі қой, біреуі түйе бақты. Әркім қолдан келген ісін істеді. Бәріне әйел алып берді, ешкімге тигізген жоқ.

Қырқы да өсіп-өнді. Жұрт оларға «қырық ағайынды» деген ат қойды. Бастарына мал да бітгі, жан да бітгі.

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы В критерийіне сай әңгімеге талдау жасау.

- Әңгіме кім туралы?
- Әңгімедегі негізгі деректерді табыңыздар.
- Әңгіменің идеясы не, ол қандай детальдар арқылы берілген?
- «Данагүлдің даналығы» туындысын жазудағы автордың мақсаты қандай? Туындының негізгі идеясын анықтаңыз.
- Конвенциялар (*екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері т.б.*) әңгіме идеясын жеткізуде қандай рөл атқарып тұр?
- Әйел адамның ер азаматтың өміріндегі, жалпы отбасындағы орны туралы қорытынды жасаңыздар.
- Әңгімедегі оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

- Туындыдағы кейіпкерлер мен қазіргі замандағы адамдарды салыстыра отырып, өз ойларыңызды қағазға түсіріңіздер.
- «Данагүлдің даналығы» туындысындағы және қазіргі өмірдегі отбасылық құндылықтар туралы ой өрбітіңіздер. Туындыданалған әсерлеріңізді сипаттап жазыңыздар.

Грамматикалық тақырып: Жалпы және жалқы зат есімдер, көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі, тәуелді септеу, жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы. Жай сөйлемдердің коммуникативтік мақсаттарға қарай жқмсалуды.

Тілімізде деректі, дерексіз ұғымдар мен заттарды білдіретін зат есімдерді жалпы есімдер дейміз: қиял, сана, дала, су, көлік, терезе т.б.

Ал белгілі бір затты даралап атайтын зат есімдерді жалқы есімдер дейміз, оған кісі есімдері (Данагүл, Қайрат), үй жануарларының аттары (Ақтөс, Шұбаркөк), кәсіпорын, мекеме атаулары («Тұран-Астана» университеті), көркем шығармалар, газет-журнал т.б. атаулары («Көшпенділер» трилогиясы, «Дидар» газеті), жер-су аттары (Ертіс, Үлбі өзендері, Зайсан көлі), белгілі бір қала мен көше атаулары (Өскемен қаласы, Көкжал Барақ көшесі) т.б.

Көптік жалғаулы сөз тәуелденеді (менің туыстар+ым), тәуелді септеу (менің әкемнің ағасы).

Сөздерге жіктік жалғауының жалғануын сөздердің жіктелуі деп атаймыз. Тілімізде сөздер жіктелу барысында өзара бөлінеді. 1-топ: отыр, жатыр, тұр, жүр қалып етістіктері мен есімдер, жекеше, көпше түрде. 2-топқа -а,-е,-й, -ып,-іп,-п түріндегі көсемше жатады: мен келемін. Жекеше, көпше түрде беріледі. 3-топқа етістіктің бұйрық рай формасында келген сөздер жатады, жекеше, көпше түрде (мен келейін, сен кел, сіз келіңіз, ол келсін).

Жіктік жалғаудың көптік формасы: біз қалалықпыз.

2-тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топ өздеріне қойылған сұрақтарға жауап береді және жауап барысында грамматикалық тақырыпты (жалпы және жалқы есімдерді, жіктік жалғауын) қолдану қажет.

1-топ

1. Төле би қандай шешім қабылдады?
2. Төле би «Ырыс, бақыт кімде?» деп санады?
3. Төле би қайда жолға шықты?
4. Жолда кімдерге кездесті?
5. Қыздар не істеді?
6. Төле би қалай жауап қатты?

2-топ

1. Төле би кімдерге бата берді?
2. Алакөз деген кім?
3. Төле би кімнің үйіне қонақ боп түсті?
4. Үйге неге адамдар толып кетті?
5. Төле би неге байдың үйіне қонақ болмады?

6. Төле би Данагүлге не деді?
7. Төле би құлақ пен таңдап, Данагүлге бергенде не деді?

3-топ

1. Құлақ бергенім...?
2. Таңдай бергенім...?
3. Таңертең Төле би не айтты?
4. Данагүлдің ата-анасы қалай жауап берді?
5. Данагүл кімге келін болды, ауылға қандай қасиеттерімен танылды?
6. Төле би Мойынқұм деген жердегі елдің мәселесін шешіп келе жатқанда қандай оқиғаға тап болады?
7. Төле би қарақшыларға қандай өтініш айтады?
8. Ауылға қандай хат жазады?
9. Төле бидің жұмбақ хатын Данагүл қалай шешті?
10. Оқиға қалай аяқталды?

3-тапсырма. «Ақиқат немесе жалған».

Егер тұжырым ақиқат болса, жасыл карточканы, ал жалған болса – қызыл карточканы көрсетіңіздер.

Сұрақтар:

1. Төле би ұлына қалыңдықты өзі іздейді.
2. Төле би ұлына қалыңдық таңдауда бай адамдармен құда болғысы келеді.
3. Данагүл деген қыздың есімі бақыт, қуаныш деген мағынаны береді.
4. Төле би тек қазақ халқының мәселелерін шешетін би болды.
5. Төле би отбасында береке-бірлік болуы ер адамның қолында деп санады.
6. Қыздар ер-азаматтарға қорыққандықтан жол берді.
7. Төле би бай адам болғандықтан, көп мал сұратып хат жазды.
8. Асқа бата қайырғанда, батаны ең жас адам береді.
9. Төле би Данагүлге әкесінің байлығына қызығып құда түсті.
10. Данагүлдің анасы да көргенді адам болды.
11. Төле би Данагүлге құлақ пен таңдайды ырымдап берді.
12. Төле бидің Данагүлге құда түскеніне ата-анасы мүлдем қуанбады.
13. Төле би қарақшыларды абақтыға жаптырды.


4-тапсырма: «Балық қаңқасы» әдісі.

Туындыда не себепті кейінгі ұрпаққа отбасылық сыйластық мәселесі өсиет етілген? Қазіргі таңда біздің қоғамда отбасылық құндылықтар сақтала ма?

I топ.Тақырыпқа сай келетін үш негізгі мәселені анықтап, балықтың бас сүйегіне жазады.

II топ.Мәселенің пайда болуының негізгі үш себебін үстіңгі қанатына, мәселеге сәйкес үш дәлелді балықтың астыңғы қанатына жазады.

III топ.Мәселені шешудің нақты үш жолын балықтың құйрық қаңқасына жазады.



5-тапсырма:



«Отбасы – адамдарға жақын белгілі бір әлеуметтік орта. Онда белгілі бір отбасылық салт-дәстүрлер сақталады. Өз отбасында балалар өмірмен, өзін қоршаған ортамен алғаш рет танысып, мінез-құлық нормалары қалыптасады.

Демек, отбасы – баланың болашақта үлкен азамат болып қалыптасуының негізі боп саналады. Әрбір халықтың бала тәрбиелеу ісінде сол халыққа тән отбасылық өзіндік ерекшеліктері, мәдени құндылықтары болады» (<https://surak.baribar.kz/225308/>)

1. «Данагүл» туындысын жоғарыда берілген суреттердің бірімен байланыстырыңыз. Дәлелдерді мәтіндегі ой арқылы жеткізіңіз.

2. «Данагүл» туындысын жазудағы автордың мақсаты қандай? Туындының негізгі идеясын анықтаңыздар.

3. Мәтіндегі «Әр халықтың бала тәрбиелеу ерекшелігінің негізінде сол халықтың отбасы және мәдени құндылықтары қалыптасады» деген ойды (<https://surak.baribar.kz/225308/>) аталмыш шығарма негізінде қарастырып, ой тұжырымданыңдар.

4. «Данагүл» туындысында қандай отбасылық құндылықтар көрініс тапқан? Ойларыңызды дәлелдеп жазыңыздар.

5. Төле бидің отбасына қатысты әрекетіне қалай қарайсыз? Бүгінгі таңда осы дәстүрді жаңғырту керек деп ойлайсыз ба? Ойыңызды дәлелдеңіз.

6. Данагүлдей адамдар бүгінгі өмірде қажет пе? Бүгінгі қоғам Данагүлдің әрекетін қалай бағалайды?

СӨЖ тапсырмасы: Туыстар, олардың тұрмысы мен мамандығы жайлы сұқбат. Туыстарының бойындағы ерекше қасиеттері туралы әңгімелеу.

Рефлексия.«Табак тарту» әдісі.

3-АПТА

Лексикалық тақырып: Мамандықтың бәрі жақсы. Менің мамандығым – менің болашағым.

Лексикалық минимум: Таңдау, еңбек нарығы, басымдық, сұраныс, мұқият, құндылық, құрмет, игі қасиет, демеу, рухани қолдау, әлеуметтік желі, жарнамалау, қалыптастыру. *Мақал-мәтелдер:* Бал ұстаған бармағын жалар. Жұмысы жоқтың ырысы жоқ.

Деректі сұрақ: Мамандық сөзін кім қалай түсінеді?

Концептуалды сұрақ: Таңдаған мамандығыңыздың өз бейімділігіңіз бен қабілетіңізге сәйкес келуі міндетті ме? Жоғалып бара жатқан мамандықтарға цифрлы технологиялар қандай әсерін тигізді? SMM менеджерлері қоғамға қаншалықты қажет?

Пікір-таласты сұрақ: Адамның болашағына өзі таңдаған мамандығы әсер ете ме?

Критерий: С

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс.

Мамандық таңдау – оңай іс емес, өйткені ол адамның болашағымен тікелей байланысты, яғни тағдырына әсер ететін маңызды фактілердің бірі. Сол үшін мамандық таңдауда аса мұқият болған жөн. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға басымдық бергеннен гөрі, жаның қалаған мамандықты таңдаған жөн. Себебі сол мамандық бойынша оқитын да, кейін жұмыс істейтін де адамның өзі. Яғни, таңдаған мамандығыңыз көңіліңізден шықса, жұмысыңызға қуана-қуана баратын боласыз.

Адамның бойында туа біткен немесе тәрбие арқылы қалыптасқан құндылықтар болады. Ал мамандық адам бойындағы сол құндылықтарды дамыта түседі. Мысалы, мұғалім мамандығы зор құрметке ие. Ұстаздар шәкірттеріне білім беріп қана қоймай, олардың бойларында ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық және кешірімді болу сияқты көптеген игі қасиеттердің қалыптасып, дамуына әсер етеді. Бұның өзі мұғалім мамандығының өзіндік құндылықтары болып табылады. Ал дәрігерлер болса, адамды емдеп қана қоймай, ауруға шипа, көңіліне демеу боларлық жылы сөздерін айтып, рухани қолдау көрсетеді.

Заман ағымына сай мамандықтардың бірі сұраныстан шығып жатса, кейбіреулері, керісінше, еңбек нарығында сұранысқа ие болып жатады.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың жақсы дамуына байланысты жаңадан біраз мамандық түрлері пайда болды. Олардың ішінде SMM менеджер сұранысқа ие. SMM менеджерді оқытатын арнайы оқу орындары жоқ. Яғни, осы саланы білетін кез келген адам маман бола алады. Оған тіпті жоғары білімнің де оншалықты қажеті жоқ. SMM менеджер ағылшын тіліндегі Social Media Marketing деген сөздің бас әріптерінен құралған қысқарған атау. Аты айтып тұрғандай, ол әлеуметтік желілермен жұмыс істейтін маман. SEO және SMO маркетинг дегендерден ерекшелігі, бұл саланың мамандары тікелей сайтпен жұмыс істемейді, олар сыртқы алаңдарда, яғни әлеуметтік желілерде жұмыс істеп, компанияның немесе өзі қызмет ететін мекеменің тауарларын, не қызметін жарнамалайды, клиенттер тартады, жақсы имиджін қалыптастырады.

1-тапсырма:

- Мәтінде қандай ақпарат берілген?
- Мамандықты қалай таңдау керек?

- Мамандықтарға сұраныс қандай жағдайда артады?
- Ал қандай жағдайда сұраныс төмендейді?
- Мамандық адам бойындағы қандай құндылықтарды дамытады?
- Технологияның дамуы жаңа мамандықтардың туындауына негіз бола ма?
- SMM менеджер дегеніміз кім?
- SMM менеджер қандай істермен айналысады?

Грамматикалық тақырып: Іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.

Зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылатын сөз табын есімдіктер дейміз. Қазақ тілінде есімдіктің 7 түрі бар: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері.

Қазақ тілінде іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға деген эмоциялық қатынас, көзқарас, бағалау қалау рай арқылы жүзеге асады. Мысалы, бүгінгі мамандық тақырыбына қатысты алсақ: «Менің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түскім келеді» немесе «Университетте оқығым келеді» десек, қалау рай жұрнағы қолданып тұр. «Менің шетелде тұрғым келмейді», «Хэмингуэйдің кітаптарын оқығым келеді» десек, іс-әрекеттерге көзқарас білдіріледі, есімдіктер мен етістіктер тіркесіп келеді. Осы сөйлемдерде есімдіктер септеліп тұр.

2-тапсырма: Есімдіктің әрбір түріне мысал келтіріп, септеңіздер.

3-тапсырма: «Айналмалы бекеттер» стратегиясы

Мақсаты: Бұл әдіс студенттердің белгілі бір мәселені толықтай қамтуын, ақпаратты толық анықтауын басты назара алады және студенттерден белсенділік талап етіледі. Сынып ішіне түсі алуан түрлі қағаздардан жасалған бірнеше бекет қойылу қажет. Әр бір топ өз мәтіні бойынша бекеттерде жазылған сұрақтарға жауап береді. Оларға құндылықтарды анықтауға, сұрақтарға жауап беруге, өзіндік ойларын тақтаға жазып көрсетуге 15 минут бөлінеді, осы уақыт ішінде әр топ сынып ішіндегі бекеттердің әрқайсысына көшіп отырады, өздеріне дейін осында болған топтардың ойларын басшылыққа алып, оны ары қарай жалғап жазады. Осылайша студенттер барлық бекеттерді аралап шығып, олардың жазғандарымен танысып, өздері ой қосып жазып болғанша 5 минут сайын бекеттерін ауыстырып отыру керек.

1. Мәтіндегі тірек сөздерді анықтау. Тірек сөздер мәтін идеясын ашуда қандай ықпал етіп тұрғанын талдау.

2. Мәтіндегі мамандыққа қатысты құндылықтарды табу. Осы құндылықтар елдің дамуына ықпал ете ме?

3. Осы құндылықтар бүгінгі қоғамда сақталған ба?

4. Мәтіннің осы бөлігін суретпен көрсету.

4-тапсырма: Мамандықтың адам өміріндегі маңызы

Маған не белгілі? Не білемін?	Маған нені білу қажет?	Мен оны қалай шешемін? Шешу жолын ұсыну.
Мәселені қай деңгейде қараймын? Неге?		
Жергілікті	ұлттық	жаһандық

5-тапсырма:

Сіз «Мамандықтың бәрі жақсы» атты телеарналық пікірталасқа қатысасыз. Пікірталаста қорғайтын ұстанымыңыздың сөзін жазыңыз. Жазбаңызда қажетті деректер және мысалдар келтіріп, өз пікіріңізді қорғаңыз. Тапсырма барысында грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

СӨЖ: «Мен таңдаған мамандық» ойталқы.

Рефлексия:

1. Бүгінгі сабақтан өзіме не алдым?
2. Алдағы уақытта не үйренгім келеді?

4-Апта

Лексикалық тақырып: Қоғам және жастар.

Лексикалық минимум: Алтын кілт, кемел келешек, жолдау маңызды құжат, игі бастама, ел бірлігі, жұмысқа орналастыру, тоқтап қалмау, өркендеу, жас отбасы, қолжетімді баспана, жол сілтеу, отандық білім, тиімді жүйе, жоғары сапа, жастарға сенім, аға ұрпақ, жүзеге асу, атсалысу

Деректі сұрақ: Қоғам дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Жастардың қоғамдағы орны қандай? «Жастар саясаты-2021» тұжырымдамасы туралы не білесіздер? Жастардың қолында билік бар ма? Неліктен қазіргі қозғаушы күш – жастар делінеді? Қайырымдылық істері бойынша «челленджердің» ұйымдастырылуы қоғамға қалай әсер етуде?

Пікір-таласты сұрақ: Қоғам дамуындағы жастардың рөлі үлкен бе?

Критерийлер: А, С

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Бейнебаянмен жұмыс. https://www.youtube.com/watch?v=fc63uWqu_oU
(бейнебаянда жастардың қоғамдағы орны, болашақтың олардың қолында екендігі туралы айтылады).

1-тапсырма: Бейнебаянды мұқият көріңіздер. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, мәтін түрінде комментарий жазыңыздар.

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар туынды идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады (дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.)
- Жастардың қоғам өміріндегі маңызы туралы ой қорытыңыздар.
- Елбасының жастарға арнаған жолдауының мәні неде?
- Жастардың кемел келешегінің кілті неде?
- Жолдауда жастарға қатысты қандай мәселелер көтерілген?
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер (интенциялар), әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары, салыстыру құрылымдарын беру тәсілдері.

Ақпарат алмасуға бағытталған ниеттерді (интенциялар) төмендегіше жіктеуге

болады: (https://tilqazyna.kz/file/iso/%D2%9A%D0%A0%20%D0%A1%D0%A2%201926-2015_%D0%BA%D0%B0%D0%B7_%D1%80%D1%83%D1%81-%D0%901.pdf)

- Коммуникацияға қатысу (үйде, көшеде, жұмыста, кеңседе, дүкенде, қоғамдық көлікте, қоғамдық және тұрмыстық қызмет көрсету орындарында);

- танысу түрлері (ресми және бейресми жағдайда өзін және басқа адамды таныстыру);
- сәлемдесу және қоштасу түрлері (сұхбаттасушының жас ерекшелігі мен әлеуметтік орны және сөйлеу әдебіне сәйкес);
- қаратпа түрлері (есімін толық аты-жөнін айту, жеке қатысымдағы қаратпа сөздер);
- кешірім сұрау түрлері;
- құттықтау түрлері (мерекелер, туған күн).

2-тапсырма: «Жастар – қоғамның қозғаушы күші» атты тақырыпта пікір-сайыс өткізіңіздер.

3-тапсырма: «Синкуэйн» стратегиясы бойынша тақырып негізінде бес жолды өлең құрастырыңыздар. Мысалы:

1. Кім? Әке
2. Қандай? Байыпты, салмақты.
3. Не істеді? Қамтамасыз етеді, бағып-қағады, аялайды.
4. Қорытынды. Әке – асқар тау.
5. Синоним. Ер адам.

4-тапсырма: «Миға шабуыл» стратегиясы негізінде «Жастар және ұлттық, рухани құндылықтар» атты мәселе бойынша өзіндік шешім табыңыздар.

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Бұл әдіс жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды әдістердің бірі. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса, студенттің стандартты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Миға шабуыл стратегиясының қағидасы қиын емес. Оқытушы топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды айтады. Барлық студенттер өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс-тәжірибе көрсеткендей, бірнеше минут өткенде көптеген пікірлер, яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы:

- Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды.
- Жұмыс пікірдің сапасына емес, санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады).
- Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы.
- Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

5-тапсырма: Топтық жұмыс (студенттерді екі топқа бөлу). «Тірек сөздер» стратегиясы негізінде шағын мәтін жазыңыздар, тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты жүзеге асырыңыздар.

Тірек сөздер: қоғам, жастар, өзіндік көзқарас, эгоизм, менмендік, кеудемсоқтық (амбиция), үлес, білім, орта, тәрбиелі / тәрбиесіз, ұстамды, шет ел, ұлт, ана тіл, Отан, махаббат, менсінбеу, еліктеу, тұрақтау т.б.

Тірек сөздер стратегиясында оқытушы студенттерге тірек сөздер ұсынады. Білім алушылар осы тірек сөздердің негізінде шағын мәтін құрайды. Оның мағыналылығына көңіл аударылады. Бұл жұмыс барысында студенттердің логикалық тұрғыда ойлау қабілеттері артады. Мәтін топта ақылдаса отырып жазылады.

СӨЖ тапсырмасы: Қоғамдық орындардағы этика (пікір сайыс)

Рефлексия: 1 – қандай жаңа білім алдым? 2 – мақсатқа жету үшін не істедім? 3 – көңіл-күйім қандай болды? 4 – қандай көмек бере алдым? 5 – қандай кедергі болды?

5-АПТА

Қызығушылықты ояту. Студенттерді отырған қалыптарындауш топқа бөлу. Плакат беріледі, олар «Салауатты өмір:кеше, бүгін, ертең» деп бөле отырып, кешегі күні адамдар салауатты өмір дегенді қалай түсінді, бүгін қалай қабылдайды және ертең қалай қарауы мүмкін деген сұрақтарға жауап іздейді. ПОСТЕР қабырғада орындалады. Плакатқа адам суретін салады да, ойларын соған жазады. Аяқтаған соң топтар бірінікін бірі әр түрлі маркерлер алып жүріп +, -, түсініксіз жерлеріне ? белгісін қойып тексереді, топтар түсіндіреді.

Лексикалық тақырып: Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық тағамның пайдасы.

Лексикалық минимум: Гулеу, кірпік қақпау, айлалы, машық, соққы, айқас, тұқыру, айқын, мертіктіру, бәсеңдеу, шаншыла құлау, жойқын, қаусау, шырай, қанат біту. *Мақал-мәтелдер:* «Денсаулық – зор байлық», «Тәні саудың жаны сау», «Газалық – саулық негізі, Саулық – байлық негізі».

Деректі сұрақ: Денсаулық дегенді қалай түсінесіздер? Ұлттық тағам дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Спорттың денсаулыққа пайдасы қандай? Ұлттық тағамдар мен сусындардың денсаулық үшін пайдасы бар ма?

Пікір-таласты сұрақ: Дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін пайдасы көп пе?

Критерийлер: В,С

В критерийі: Жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну
і. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс. Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» (ықшамдалып алынды)

<https://bilim-all.kz/article/7611-On-alty-zhasar-chempion>



...Радио: «Тыңдаңыздар!» – дегенде стадиондағы гулеп кететін отырған адамдар ауыздарын баса қойғандай тына қалды. «Бүгін он төрт жас боксер дүние жүзінің чемпионы атағын алу үшін төбелеске шығады. Бірінші кездесетіндер жеңіл салмақтылардан үздік шыққан Сандерес (АҚШ) пен Мұрат (ССРО).

1) Сандерес. Бокспен шұғылданғанына бес жыл болды. Жасы он алтыда, салмағы 51 килограмм.

2) Мұрат. Бокспен шұғылданғанына үш жыл болды. Жасы он алтыда, салмағы 48 килограмм.

...Мыңдаған көздер кірпік қақпай қарап, боксшылардың әр қимылдарын бағып тұр. Орынсыз кіргендер мойындарын созып, алға ұмтылып, көруге тырысады.

Гонг шыңғыр ете түсті. Бокс ойыны басталды. Айлалы екі жас тап берісіп, бірақ батыл шабуылға шыға алмай, тая қимылдайды. Боксерлер мұны барлау дейді.

Бірі екіншісінің әдіс-айласын, қалай соғуға машық екенін білмек. Қарсы жақты танып алмай жатып, бар өнеріңді ала жүгіру қауіпті.

Мұрат бір айла істеді. Сол қолын төмендетіңкіреп жіберді де, оң қолымен қырынан ұратын сияқтанды. Бетін әдейі ашық қалдырып еді. Сандерес ілгері шапшып, тура соққы жұмсады. Күткені осы болған Мұрат, дереу оң қолымен Сандерестің білегінен жоғары қарай ұрып қалды да, ашық қалып, соққының әсерінен шалқая берген оның мұрнынсоғып жіберді. Сандерес нокаут болып, арқанға асылып қалды. Тез араға түскен судья: «Бір адым артқа», - деп команда берді. Мұрат кейін секіріп түсті де, айқасқа әзір тұрды...

Бір кезде Мұрат Сандересті соққынын астына алып. Бір бұрышқа тықсырды. Сандерес арқасы арқанға тірелгенше шалқалап барып, үнсіз қорғанып тұрып қалды. Сандерес бұлт етіп, бұрыштан қашып шықты. Мұрат ес жиғызар емес. Жақтан және бірнеше рет ұрды. Енді Сандерес басын тұқырып алып, Мұратқа тап берді. Күресетін адамша кеп құшақтай алды. «Тоқта! Бір адым артқа!» деген команда берілді. Мұрат шегіне бергенде ызаланған анау берілген командаға қарамай, Мұратты бүйректен соқты. Бар күшімен ұрғанға ұқсайды. Мұрат бүйрегін басып бұрышқа қарай қисая берді де, сылқ етіп құлап түсті. Жұрт ду ете қалды:

- Хулигандық!

-Сандерес рингтен қуылсын! — деп жатыр.

Көпшілік орындарынан тұрып, бас киімдерін қолдарына алып айғайлайды. Дүрсілдетіп тақтайды тебеді.

Мұраттың жылдам тұрып кеткендігін еске алып, рингтегі судья Сандереске қатты ескерту жасаумен тынды да, ойынды жүргізе берді.

Екінші раундтың соңынан Мұраттың көп басым екендігі кімге болса да ап-айқын көрінді.

Бүкіл кеудесі көтеріліп-басылып, терге малынып, аузын кен аша дем алып, алқынып отырған Сандерестің құлағына менаджор Пирсон тағы да тұттыға сөйлеп жатыр:

-Тіпті жеңіліп бара жатсақ, қандай жолмен болса да қарсы жақты мертіктіріп кет. Аяғыңды да жұмсап жібер!

Үшінші раунд шиеленіскен шабуылдардың жойқын соққыларымен басталды. Әркім соңғы айқасқа барын салғандай. Жұрттың жүрегін тітіркентерлік қауыпты жағдай жиі алмасып жатты. Екі боксшы да бірнеше реттен сүрініп, тез тұрысты. Бір кезде Сандерестің мұрнынан қан көрінді. Бір жақ танауы қып-қызыл боп боялды.

- Берілме!

- Шыдап бақ!

Сандерес қатты шабуылға шықты. Көзге шалынбайтын соққыларымен Мұратты көміп тастады. Оның мақсаты соңғы раундта басымдығымен көзге түсу, ұпай санын арттырып озып шығу еді.

Мұрат қорғана отырып, шегініп барады. Бұрышқа жетті, арқасы арқанға тірелді. Сандерестің соққысы бәсеңдер емес. Мұрат зып беріп, Сандерестің қолтығының астынан өтіп, лезде артқы бұрышқа жетті. Сандерес те оқыс бұрыла берген. Осы мезетте Мұрат атылып кеп, жақтан соқты. Соққы

жойқын еді. Сандерестің жағы қаусағандай боп қалды. Жағын қорғап, сүзе қарай беріп еді, Мұрат оны иектен көтере ұрды. Арқанға асылып барып ол рингтің сыртына құлап түсті, төбесімен шаншыла құлады...

Американдықтардың шу ете түскен үнін, бақырып айтқан әдепсіз сөздерін сартылдаған шапалақ дауысы тұншықтырып жіберді. Мұрнынан аққан қаны екі езуін бояған Сандерес соғылған қасқырша бұралып, шалқасынан жатыр. Төніп келіп, судья санап тұр. «Бір, екі, үш... тоғыз...» жұрттың айғайы мен ұрасы күшейіп кетті:

Сандерес тұрған жоқ.. Ол тұрмастай болып жығылған еді.

Кеудесін кере ентіге дем алып, Мұрат рингтің қақ ортасында тұр. Жұртқа ақжарқын қарап, шырайы жайнай түсті. Шапалақ қыза соғылып, басылар емес.

Мұрат қолтығынан қанат біткендей болып, әсем сазды ыстық сезімге шомылды. Қиялы шартарапқа жосылып, қуаныштың құшағында балқыды. Қошамет етуші жұртқа асқан бір сезімтал әдептілікпен басын иіп, разылық білдірді.

Сол кезде рингтегі судья:

-Жеңіл салмақтылар бойынша дүние жүзінің чемпионы атағын Мұрат Батырбаев алды,- деп оның қолын көтерді...

1-тапсырма:

- Туынды неге «Он алты жасар чемпион» деп аталған? Автор аталмыш шығарма арқылы қандай идеяны жеткізгісі келеді?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыздар.
- Мәтінкімдерге арналған (аудиториясы кімдер)?
- Автордың мақсаты қандай?
- Автор аудиторияға үн тастай ма, әлде ақпаратты ұсына ма?
- Автор аудиториясына қалай үн тастағысы келеді? (Ресми/бейресми, әдеби стильде).
- Мұрат шабуыл барысында қандай әдіс-тәсілдер қолданды?
- АҚШ боксшысы қандай әділетсіздік жасады?
- Мұраттың жеңіске жетуіне не себеп болды?
- Шығарма сізге қалай әсер етті?

Грамматикалық тақырып: Бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндердің сипатталуы, жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы.

Мәтіннің бірнеше түрлері бар, мысалы, баяндау мәтіні, сипаттау мәтіні, пайымдау мәтіні т.б. Оқиғаларды рет-ретімен баяндап беретін мәтінді баяндау мәтіні десек, заттар мен құбылыстарды суреттеп беретін мәтін түрін сипаттау мәтіні деп атаймыз. Белгілі бір оқиға не құбылыстың себебін дәлелдейтін мәтінді пайымдау мәтін дейміз.

Яғни бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерде белгілі бір зат не құбылысқа қатысты деректер алынады және оларды

сипаттап, ой пайымдауда жалқы және жалпы, деректі және дерексіз есімдерді қолдануға болады. Мысалы, бүгінгі тақырып атауындағы денсаулық сөзінің өзі дерексіз ұғым. «Денсаулық мықты болу үшін күнделікті жаттығулар жасап, салауатты өмір салтын ұстану керек. Ағзамызға су, ауа аса қажет. Сондықтан күніне 3 литрден астам су ішу қажет, таза ауады серуендеген жөн, оның денсаулыққа пайдасы зор» десек, пайымдау мәтіні болып табылады.

2-тапсырма: Лексикалық минимумды пайдаланып, «РАФТ» стратегиясы негізінде мәтін жазу. *Жазылым және оқылым.*

Р – роль (Спортшы)

А – аудитория (студенттер)

Ф – форма. Шағын мәтін.

Т – тақырып. «Салауатты өмір салтын ұстанайық!»

*Топ мәтін мазмұнына орай сурет те салу керек, яғни визуалды және жазбаша мәтін.

3-тапсырма: Рөлдік ойын. *Айтылым*

Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, ұлттық сусындардың пайдасы мен зиянын ситуация (жағдаят) арқылы көрсетіңіздер.

4-тапсырма: Студенттерді тағы 3 топқа бөлу. Ол процесс «Кіру билеті» негізінде тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдер арқылы жүзеге асады: «Денсаулық – зор байлық», «Тәні саудың жаны сау», «Тазалық – саулық негізі, Саулық – байлық негізі. *(Студенттер алғаш аудиторияға кіргенде қолдарына мақал-мәтел жазылған карточка беріледі, бірдей мақал-мәтел келген студенттер бірін-бірі тауып алады, осылайша топ құрылады).*

Оларға салауатты өмір салты туралы бейнебаян дыбыссыз көрсетіледі (<https://www.youtube.com/watch?v=kygHHE8iGDA>), олар топта осы бейнебаянға сөз дайындайды, яғни *дубляж* жасайды. Ұсынатын ақпараттары «Салауатты өмір салты кеше, бүгін және ертең» деген тақырыпты қамтуы тиіс. Дубляжда лексикалық минимум мен мақал мәтелдерді тиімді қолдану және сабақ басында постерде берген ақпараттарын кіріктіре отырып, аудиторияны денсаулықты күтуге шақырады. Дубляж жасағанда бірнеше адам сөйлеуге болады, тек ойды бірінен соң бірі жалғастырып кетіп отыруы керек.

5-тапсырма: Ұлттық тағам мен ұлттық сусынның адам ағзасына пайдасы туралы «Тәні саудың жаны сау» атты тақырыпта эссе жазыңыздар. Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты жүзеге асырыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: Ұлттық сусын. Қымыздың пайдасы туралы бейнебаян материалдарымен жұмыс.

Рефлексия: «Үш мезет» (Студенттер сабақ барысында өзіне ұнаған үш мезет туралы қысқаша айтады).

6-АПТА

Қызығушылықты ояту: Суретпен жұмыс.



- Суреттерді не байланыстыратынын анықтау.
- Сурет мазмұнына сай сөз тіркестерін табу.
- Суреттерге ат қою, бүгінгі тақырыпты болжау.

Лексикалық тақырып: Адам және экология. Экологиялық таза өнім.

Лексикалық минимум: Экологиялық таза өнім, сүт өнімдері / ашытылған сүт өнімдері, қатық, тосап, қой сүті, ағза, ұйқы қашу, дорба, өре, іш кебу, сүт көже, ұйыған сүт, ірімшік, шұңғыл ыдыс, зардап шегу, зиян келтіру/қиянат жасау, зардап шектіру, қасірет, құтты қоныс/ жайлы мекен, күту/баптау/қорғау/аялау, құрметтеу/қадір тұту, табиғат заңдылықтары, табиғат құбылыстары/ табиғи апаттар. *Мақал-мәтелдер:* Жер тағдыры – ел тағдыры. Құс қонбаған көл жетім, Ел қонбаған жер жетім. Бір тал қисаң, он тал ек. Құлан – қырда, Құндыз – суда. Судың да сұрауы бар.

Деректі сұрақ: Экология дегеніміз не? Экологиялық таза өнім дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Табиғи таза өнімдер сұранысқа көп ие бола ма? Табиғи ресурстардың қорғалуына және табиғаттың таза сақталуына қандай үлес қосасыздар?

Пікір-таласты сұрақ: Табиғи өнім денсаулыққа көбірек пайдалы ма?

Критерий: А

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру

Бейнебаянмен жұмыс<https://youtu.be/iOzhX1ySsMk>
(бейнебаянда сүт өнімдерінің пайдасы туралы айтылған)

1-тапсырма: Бейнебаян негізінде А критерийі бойынша сұрақтар беріледі.

- Бейнебаян не туралы?
- Бейнебаянда қандай негізгі деректер берілген?
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Сүт өнімдеріне не жатады?
- Сүт өнімдері адам ағзасына қаншалықты пайдалы?
- Олар қандай ауруларға ем болады?
- Құрт, тосап қалай жасалады?
- Қазақ халқында құртқа қатысты қандай ырым бар?
- Сүт өнімдерінің бойымызға жұғымдылығы мен сіңімділігі не себепті жоғары болады?
- Конвенциялар бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарып тұр (дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.)
- Экологияның және экологиялық таза өнімнің адам өміріндегі маңыздылығы туралы қорытынды жасаңыздар.
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендіруге болады? Ойларыңызды дәлелденіздер.


Грамматикалық тақырып: Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы, күрделі сөздер. Оларға қосымшалардың жалғану ерекшеліктері.

Қазақ тілінде табыс септік істің, қимылдың объектісін білдіреді, кімді? нені? деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемде тура толықтауыш болады. Жалғаулары: -ты, -ті, -ды,-ді, -ны,-ні, -н (анамды, әкемді, кітапты т.б.). -н тәуелдік жалғаулы зат есімнің 3-жағынан кейін жалғанады, мысалы: Абай қарасөздерін оқи бергім келеді.

Табыс септігінің жалғау кейде жасырын тұрады, оны сұрақ қою арқылы табуға болады. Мысалы: «Ержан, Бақытгүл, Нұралы, Айзере, Ералыны шақыр» десек, алдыңғы сөздерде табыс септігі жасырын тұр.


Екі не одан да көп түбірден құралған сөзді күрделі сөздер дейміз. Мысалы: ауыл-аймақ, ата-ана, сүт өнімдері, қоршаған орта, ауыл шаруашылығы т.б. қосымшалар күрделі сөздердің екінші компонентіне жалғанады: Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің. Ауыл-аймаққа сәлем айт т.б.

2-тапсырма: Лексикалық минимумға енген сөздер мен мақал-мәтелдерді тиімді қолданып, топта рөлдік ойын ойнаңыз, берілген сурет негізінде шешім шығарыңыз (*1-топ – 1-сурет; 2-топ-2-сурет; 3-топ – 3-сурет*).



1-жағдаят. Құндыз – терісі бағалы аң. Оның терісі суық пен су өткізбейді. Сондықтан адамдар қыстың суығында тоңбас үшін оның терісінен жылы тон, құлақшын т.б. киімдер тігіп киіп, сан алуан бұйымдар жасайды. Әрі құндыздың терісі жылтырып, әдемі көрінеді. Сол үшін де адамдар әдемі аңның терісін таңдайды. Басқа адамдар сияқты сенің де құндыз тон кигің келеді. Бірақ сіз бір күні тон сатып алу үшін фабрикаға барып, құндыз терісінен тонның қалай жасалатынын және құндыздардың қиналып өлгенін көріп, тон алғыңыз келмей қалды, тіпті жылап жібердіңіз.

Тапсырма: Сіз өзіңізді құндыздың орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен құндыздың әрекеті мен сезімін жеткізетін рөлдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен құндыздың сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



2-жағдаят. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында көптеген адамдар шырша сатып алып, мерекені безендірілген шыршамен қарсы алады. Сіздің де отбасыңыз жаңадан кесілген шыршаны әдемі безендіріп, жаңа жылды қарсы алдыңыздар. Жаңа жыл аяқталды. Сіз досыңызбен серуендеуге далаға шықтыңыз, қоқыс төгетін жерде үйіліп жатқан шыршаны көріп, сізде шыршаға деген аяныш сезімі оянды.

Тапсырма: Сіз өзіңізді шыршаның орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен шыршаның әрекеті мен сезімін жеткізетін рольдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен шыршаның сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.



3-жағдаят. Жазда теңізде демалуды көп адам армандайды. Өткен жазда сіз де отбасымен бірге теңізге демалуға бардыңыздар. Бірақ адамдардың көбі теңіз жағасына ішкен-жеген тамақтарының қалдықтарын тастап, өте ластап кеткенін көріп, көңіліңіз түсіп кетті.

Тапсырма: Сіз өзіңізді теңіздің орнына қойып, осы үдеріс кезіндегі адамдар мен теңіздің әрекеті мен сезімін жеткізетін рольдік ойын жасаңыз. Рөлдік ойын барысында адам мен теңіздің сезімдерін лексикалық минимумға енген сөздерді қолдана отырып жеткізіңіз.

Тапсырмаға кері байланыс:

- Лексикалық минимумды тиімді қолданған топ
- Шығармашыл топ

- Уақытты тиімді пайдаланған топ

3-тапсырма: Берілген сөздер мен сөз тіркесі және мақалдардың мағынасын топтағы студенттерден сұраңыз. Жауапты алған оқушының атын белгілеп көрсетіңіз. Кім бірінші барлық сөздерге жауап алып үлгерсе, Бингоны ұтқан болып саналады, яғни «Бинго» деп айтып, белгі береді.

Б	И	Н	Г	О
Зардап шегу	Күту	жайлы мекен	баптау	табиғи апаттар
қиянат жасау	Құрметтеу	Табиғат заңдылықтары	Қадір тұту	аялау
Жертағдыры – елтағдыры	Жердің сәні – егін, ердің сәні – білім	Қасірет	Зиян келтіру	Құс қонбаған көл жетім, Ел қонбаған жер жетім

4-тапсырма: «Ой толғаныс» стратегиясы негізінде «Экологиялық таза өнім» атты тақырыпта эссе жазыңыздар.

Аталмыш стратегия бойынша тақырып негізінде студент өзіндік ойын, толғанысын бес-он минут аралығында еш іркілместен жазып шығу керек. Бұл әдісте студент шығармашылықпен жұмыс істей отырып, сөздік қорын дамытады, әр бір нәрсеге өзіндік көзқарасын қалыптастырып, оны еркін жеткізуге үйренеді.

5-тапсырма: Жағдаяттық тапсырмалар.



1-жағдаят. Сіз осы жылы 3 адамнан құралған топта әлеуметтік жоба бойынша «Қоршаған ортаны сақтап қалуға қол ұшын берейік!» деген


тақырыпты таңдадыңыздар. Сіздердің мақсаттарыңыз университет бойынша қоршаған ортаны сақтап қалу туралы буклет даярлау және оны тарату.

Тапсырма: Студенттерді қоршаған ортаны сақтауға шақыратын буклет даярлаңыз. Буклетті талапқа сай рәсімдеңіз. Буклетте: Жоба тақырыбын көрсетіңіз, мақсатын жазыңыз, мәселені қысқаша баяндаңыз, мәселенің шешімін ұсыныңыз. Сөйлемдеріңізде грамматикалық тақырыпты және лексикалық минимумға енген сөздерді тиімді қолданыңыз.



2-жаздыат. «Тұран-Астана» университетінде 5-маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған үлкен мерекелік іс-шара өтеді. Осы мерекеге Сіз басқа қаладағы университетте оқитын досыңызды шақырғыңыз келеді, өйткені бұл досыңыз да қоршаған ортаны қорғау үшін ұйымдастырылатын іс-шараларға белсене қатысады, досыңызды іс-шараға шақырып хат жазыңыз. Хаттың басталуы мен аяқталуын жазуды ұмытпаңыз.

Тапсырма: Досыңызды шақырып, қандай іс-шара болатынын жазыңыз, іс-шараның атауын көрсетіңіз, қайда, қашан, не болатыны туралы көрсетіңіз, іс-шараның бағдарламасы туралы жазыңыз. Сөйлемдеріңізде грамматикалық тақырыпты және лексикалық минимумға енген сөздерді тиімді қолданыңыз.



3-жаздыат. Сіз КТК телеарнасының тілшісісіз. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша республикалық деңгейде қоршаған ортаны қорғау аясында «Бір тал кессең, он тал ек» атты акция өтті. Акцияға мектеп оқушылары, студенттер, билік басшылары мен қала тұрғындары қатысқаны туралы ақпаратты кешкі жаңалықтарда жеткізу керексіз.

Тапсырма: Осы акция туралы ақпаратты рөлдік ойын арқылы жеткізіңіз (диктор, тілші, акцияға қатысқан адам). Акцияның мақсатын, оған

қатысқан адамдар және олардың көңіл-күйлері туралы ақпарат беруді ұмытпаңыз. Ақцияға қатысушылардан сұхбат алуды ескеріңіз. Сөйлемдеріңізде грамматикалық тақырыпты және лексикалық минимумға енген сөздерді тиімді қолданыңыз.

СӨЖ тапсырмасы: «Сапалы тағам – салауатты өмір салтының бастауы» (мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну, талдау).

Рефлексия: Бүгінгі сабақта не тиімді болды?

7-АПТА

Лексикалық тақырып: Саяхат және туризм. Өз өлкеңді таны.

Лексикалық минимум: Дамылсыз, жұпар иіс, дерт, дауа, көкірек, шарпу, қарауыл, қалғу, көз жұму, көкке қарау / аспанға қарау, көлбеу (жату), дулыға, бура, атан, алшаң басу, қалың жыныс, шымылдық, сүйір, тақия, тәжім.

Деректі сұрақ: Саяхат дегенді қалай түсінесіздер? Туризм дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Туған жеріңізді қаншалықты жақсы көресіз, оны қалай дәлелдейсіз? Туған өлке байлығын бағалап жүрміз бе? Туған еліңіздің табиғаты өзіңізге ұнай ма? Қазақстандағы туризмді қалай дамытушы едіңіз?

Пікір-таласты сұрақ: Елімізде туризм жақсы дамыған ба?

Критерий: В

Вкритерий: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Мәтінмен жұмыс. Сәкен Сейфуллин «Көкшатау» поэмасы
https://www.zharar.com/kz/poema/3190-saken_kokshetau.html


(ықшамдалып алынды)

КӨКШЕТАУ



Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудын саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Бірғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті әппақ қайың,
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы...

ЖЕКЕ БАТЫР



Болыпты баяғыда Жеке батыр...
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгеше ұйықтап жатыр.
Сол батыр осы күні бір үлкен тау,
Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.
«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.
Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
Денесі биік жота, таудай басы,

Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
Киюлі баста жатыр дулығасы.

БУРАБАЙ



Тағы бір ақбас бура, емес атан,
Жүріпті Көкшетауды қылып Отан.
Мұныда «көзі көрген» қартайтады,
Тыңдаған әлеуметке алқа-қотан.
Тағы екен жанға ұстатпай жүрген қашып.
Күркіреп тұрады екен көбік шашып,
Бір көлді мекен қылып күнде келіп,
Су ішіп кетеді екен алшаң басып.
Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрі елдің аты.
Бурабай атаныпты содан бері
Ақ бура мекен қылған көлдің аты.
Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай, қайың менен қалың жыныс...

ОҚЖЕТПЕС



Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап бұлттан асқан.

Бір шың бар етегінде тіп-тік найза
Адамзат жасағандай құйған тастан.
Сүп-сүйір бейне найза шың, құз, биік,
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп.
Қарасаң етегінен шың басына,
Тақияң жерге түсед тұрған киіп...
Басына атсаң-дағы оғың жетпес,
Иіліп ешбір тауға тәжім етпес,
Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,
Шаңқылдап қаршыға мен бүркіт кетпес...

1-тапсырма:

- Автор аталмыш шығарма арқылы қандай ойды жеткізгісі келеді?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыздар.
- Мәтін кімдерге арналған?
- Автор Көкшетаудың әдемілігін қалай жеткізген? (қандай сөздер, сөз оралымдарын пайдаланған?)
- Көкшетаудың баурайында неше көл болған екен? Қазір солардың барлығы бар ма? Жоқ болса, олардың жоғалып кетуіне не себеп болды?
- Көкшетауды көрдіңіздер ме? Табиғаты қандай екен?
- Тау не себепті «Жеке батыр» аталған?
- Бурабай атауы қалай пайда болған?
- Оқжетпес қандай тау? Автор оны қалай суреттеген?

Грамматикалық тақырып. Жалпы және жалқы зат есімдер, деректі және дерексіз ұғымдардың атауы. Күрделі атауларда тәуелдік жалғауының қолданылуы.

Қазақ тілінде деректі, дерексіз ұғымдар мен заттарды білдіретін зат есімдерді жалпы есімдер дейміз: қиял, сана, дала, су, көлік, терезе т.б.


Ал белгілі бір затты даралап атайтын зат есімдерді жалқы есімдер дейміз, оған кісі есімдері (Данагүл, Қайрат), үй жануарларының аттары (Ақтөс, Шұбаркөк), кәсіпорын, мекеме атаулары («Тұран-Астана» университеті), көркем шығармалар, газет-журнал т.б. атаулары («Көшпенділер» трилогиясы, «Дидар» газеті), жер-су аттары (Ертіс, Үлбі өзендері, Зайсан көлі), белгілі бір қала мен көше атаулары (Өскемен қаласы, Көкжал Барақ көшесі) т.б. Егер Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы Ақмектеп ауылы десек, Ақмектеп – жалқы және біріккен зат есім әрі күрделі атау, Зат есімдер, біріккен, тіркескен зат есімдер болып бөлінеді: Ақмектептің оқушысы десек, күрделі атауға тәуелдік жалғауы жалғанып тұр.

Қолмен ұстап, көзбен көре алатын зат атаулары деректі зат есім болады: қалам, компьютер, ұялы телефон т.б. Ал көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін, тек ести, сезе алатын құбылыс атаулары дерексіз зат есімге жатады: махаббат, ой, парасат, құрмет т.б.

2-тапсырма: Мәтіннің мазмұнына жуықтатып тұжырымды әңгіме құрастырыңыздар (поэма нықарасөз түрінде беру). Өздеріңізге ұнаған бөлігін ойларыңызға, қалауларыңызға ерік бере отырып, әңгімелеңіздер. Әңгімелеріңізге поэмадан үзінді алып, тақырып қойыңыздар. Әңгімеде поэмадағы айшықты сөздер, оралымдар болу керек. Грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

3-тапсырма: Поэмадан үзінді жаттап алыңыздар, мәнерлеп оқуға дағдыланыңыздар.

4-тапсырма: «Өрмекші» стратегиясы бойынша поэmanın негізгі идеясын анықтаңыздар.



5-тапсырма: «Блум таксономиясы» арқылы тақырыпты қорытындылаңыздар.

Білім
<p>Сәкен Сейфуллин кім? Ақынның «Көкшетау» поэмасының негізгі идеясы мен тақырыбы қандай?</p> <p>Поэма не туралы? Поэма ны өз сөздеріңізбен мазмұндаңыздар.</p> <p>Туындыдағы жер атаулары қандай оқиғалармен байланысты жырланған?</p>
Түсінік
<p>«Көкшетау» поэмасынан нені түсіндіңіздер? Ақын поэма ны неге «Көкшетау», «Бурабай», «Жеке батыр», «Жұмбақтас» деп тарауларға бөлген? Бұл ұғымдарды қалай қабылдайсыздар?</p>
Қолдану
<p>Ақын туындысында ел мен жерге қатысты ұғымдарды бүгінгі таңдағы ұлттық код, рухани жаңғыру үдерісінде жаңғыртуға бола ма?</p> <p>Автор позициясына барлау жасаңыздар, поэма нысіздер қалай атар едіңіздер, ойларыңызды ортаға салып пікірлесу жүргізіңіздер.</p>
Талдау
<p>С.Сейфуллин поэмасындағы тақырып пен идеяға талдау жасай отырып, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Ақын жырлаған кездегі Көкшетау мен бүгінгі Көкшетауды салыстырыңыздар. Көкшетауға</p>

арналған басқа туындыларды білесіздер ме?

Жинақтау

Жалпы тақырып бойынша білген-түйгендеріңізді жинақтап, қазіргі замандағы лирик ақындар туралы өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Бағалау

С.Сейфуллин туындыларының кейінгі ұрпақ үшін маңызы қандай? (шағын пікірталас өткізіңіздер). Поэма қалай аяқталған? Бағалаңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: «Қандай көркем – туған өлкем» тақырыбына эссе жазу.

Рефлексия: «Бес саусақ».

8-АПТА

Қызығушылықты ояту https://www.youtube.com/watch?v=wIUyf_7yN4w

Күйдің аты не? (әр оқушы өз нұсқасын айтады)

Күйдің бүгінгі өтер тақырыппен қандай байланысы бар? (тақырыпты болжау)

Тыңдап болған соң, аудиторияға сұрақ қойылады:

Қазақта аққу киелі құс саналса, адамдар неліктен аққуды атады? Кемінде 2 себеп ұсыныңыз.

Лексикалық тақырып: Адам және табиғат. Табиғат құбылыстары.

Лексикалық минимум: Таңдау, көккұтан, жетімсіреу, ем, тіршілік, рахаттану, қону (көлге), көз ілмеу, тербелу, тәуіп, аластау, қасиетті, жаға (көл жағасы), тұмсық, аққудың ақ мамығы, ат ерттеу, таңсәрі, таңсор (сорлау, сорлады), олжа, ерік (еркінен айрылу), өң бе, түс пе, жалбыз.

Деректі сұрақ: Табиғат дегеніміз не? Табиғат құбылыстары дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Табиғат құбылыстарының адам өміріне әсері қандай? Табиғатта болып жатқан өзгерістер адамзатқа қаншалықты зиянды? Ауа райының құбылмалылығы туралы не білесіз?

Пікір-таласты сұрақ: Табиғат құбылыстары адам өміріне әсер ете ме?

Критерий: С

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен

айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінді оқымас бұрын мына сөздер тақтадан көрсетіледі: «Ана. Әке. Бала. Тәуіп». Бұл кейіпкерлердің шығарма сюжетіне қаншалықты қатысы бар, болжам жасаңыздар (студенттер өз болжамдарын айтады).

Мәтінмен жұмыс. М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.

(ықшамдалып алынды)

<https://bilim-all.kz/olen/1557>

(Мәтінді Іштен оқу. Түсіндіре оқу. Поэмадан үзіндіні оқып, жұптағы екі студент бірі бастап, тоқтап, келесісі жалғастырып, бір-біріне кезек-кезек түсіндіріп береді).

...Бала жатыр төсекте, албыраған,
Әке жатыр еденде, қалжыраған.
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаған,
жаудыраған...
Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,
Миын қарып барады, миын қарып...
«Мана, күндіз, тәуіп шал не деп
кетті?!
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...
-Аққуменен баланы аластандар,
Деді-дағы жәйімен жөнep кетті...»
-Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз
жаратылған?!
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатыңнан?
...Айналайын аққудың қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.
«Жетім көлге» барып қайт таң
жамылып,
Таң атқанша қалайда тауға ілік.
Біреулердің көзіне түсіп қалып,
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған

үміт...
-Апыр-ай, қалай барам, қалай
барам?!
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары ұйықтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қарайлаған
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бара алмаймын, қалай
барам?!
Адуынды жан екен алған жары:
- Жалғыз ұлдан артық па, жалған
бәрі?
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап несіне армандадың?!
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты әкел!
Атты ертте!
Жалған бәрі!...
Қасқа таң.
Бұлбұл үні.
Көл бетінде,
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып тәкаппар құс келбетіне.
Тығып ап тұмсықтарын мамығына,

Айдын - төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы,
Сұғынып, бәрі көлге табынуда.
Аласұрып, қан ойнап тамырында,
Ана-жүрек тыпыршып, қабынуда,
Не қыларын біле алмай, жабығуда.
Асқар белден күн нұры шашырады,
Шашырап, ол да көлге бас ұрады...
Сұлулыққа сұқтанып, қашып әлі.
Ана-жүрек солқ етіп, басылады.
Қызғанып, қызғыш байғұс шыр
айналды,
Абыржып ана-көңіл мың ойланды.
Ғазиздің көзінде емес, көңілінде,
Айдын көл астан-кестен лайланды.
Дәстүр, ырым, жәйімен құдай қалды,
Жалғыз ұлдан басқасы былай
қалды...
...Ал, аққулар,
Аққулар тарануда,
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.
Қарайды ана шыршаның
қалқасынан.
«Сірә, сорлы жоқ шығар менен
өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?!
...Аққулар ақ айдынды қалдырды да,
Тартты кеп, ана отырған жағалауға.
Шошымай шолжаң өскен
батырларың,
Ана отырған шыршаға жақындады.
Көзі тұнған бейбағың, топ аққуға,
Білмей қалды мылтықтың
атылғанын.
Көздің алды көк түтін, ақыл жарым
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын!..
Ию-қию көл маңы, астаң-кестең,
Жер айналып, тау құлап, аспан
көшкен.
Жаңғырығып, жар салып, жартастар
тұр,
«Жетім көлдің» қайғысын бастан
кешкен,

Көріп-біліп, таныпты тастар да
естен.
Алып аспан астына сыя алмай бір,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Мөлдіреген «Жетім көл» көкке
қарап,
Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай
тұр,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Сан айналып, сұңқылдап ұшты-дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,
Қарғыс атқан мекеннен күсті бәрі.
Тау жаңғыртып, тамаша құстың әні,
Қош айтысып көлменен, ұшты бәрі.
Көл бетінде көлбеңдеп, жаралы
аққу,
Ұша алмайды, ұшпақ боп- күш
қылады...
Сыңар қанат сынық құс байлауда
тұр,
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.
Қан аралас қалқыған мамығымен,
«Жетім көлдің» толқыны ойнап
жатыр.
...Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,
Қалай алып кетерін біле алмастан,
Сүле-сопа, жағада ойлауда құр...

III
«Жетім көлдің» басында жылқы
жатқан,
Дөңге шығып, қарт тұрған жылқы
баққан
«...Апыр-ай, бұл кім болды,
таңсәріде,
Көргенсіз, көл басында мылтық
атқан?!
Құстардың зәре-құтын
шырқыратқан,
Неғылған қаныпезер құлқы қатқан?!
Мылтықты атарлықтай көлге келіп,
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік...»

...Аққу үркіп,батысқа бет түзеген,
Қамшы басты атына, шыдамады.
Алыс тұрып, ақырды қыр басынан:
«Берекесін бұл жердің кім
қашырған?..»
Өнім бе, түсім бе деп таңданады,
Көз алмай орамалды ұрғашыдан,
Көз алмай сүле-сопа тұлғасынан:
- Ей!
Кімсің?
Тірісің бе?
Жаның бар ма?
Аққуды неге атасың, арың бар ма?!
Тастағын қаруыңды, келгін бері,
Келгін бері, кеудеңде жаның барда!
...Байғұс әйел үн-түнсіз жылап
тұрды,
Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа
ұрды.
Қолындағы мылтығын құлаштап
кеп,
Бөгелмей, «Жетім көлге» лақтырды.
Қартқа қарай ақырын аяндады,
Қарусызға қарт келді, аянбады.
...Көзінен жас,көңілінен зар төгіліп,
Болған жәйтті келіні баяндады.
-Әй, балам!..
Болмады ғой, болмады ғой...
Қасиет кетті Көлден, сорлады ғой.
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..
Мін атқа, қайт ауылға тағат қыл да,
...Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың
ба?!
Аққуға кезенерде, ырым жасап,
Тым құрса саусағыңды қанаттың ба?
-Әлек боп, арпалысып сор-
қайғымен,
Жоқ ата, жасамадым ондайды мен...
Жасымнан естігенім бар-тын еді,
Әйтеуір аққу атқан оңбайды деп...
-Солай, солай...
Аманат бір құдайға...
Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға...

...Ат басын шұғыл бұрып, тайып
тұрды,
Қарт тастап - нелер сұмдық сырды
бойға.
Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың
да,
Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы,
мұң да.
«Жетім көл» жетімсіреп қалып
қойды,
Бір өлі, бір тірі аққу айдынында...
Бар өмірден көңілі шайлығуда,
Байғұс ана еркінен айрылуда.
Өлденеден сұм жүрек сескенеді,
Аракідік әлдене ес береді.
Табиғаттың, таудың да, аққудың да,
Байғұсқа болмай қалды еш керегі...
Келеді ана, қарабет қарақшыдай,
Ел мен жерден біржола аласталған
Аппақ нұрды көре алмай ақ
аспаннан,
Түн-түнекте бейне бір адасқан жан.
...Абыр-сабыр, үй маңы дүрбелең-ді,
Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды
Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді
Білмейді, қайда келді, кімге келді.
Өң бе, түс пе, әйтеуір таласуда,
Өлі менен тірінің арасында.
Отырғандай «Жетім көл»
жағасында,
Аққу жатыр көзінің шарасында.
Аунап түсіп атынан, үйіне енді,
Есіне алып ерін де, баласын да.
Өліп жатқан ұлына қарасын да,
Қалсын ана «Жетім көл» жағасында,
Өлі менен тірінің арасында...
Ақ төсек - аппақ айдын, аққу - бала,
Жаралы аққу секілді жаттың ба,
ана?..
«...Мына жатқан «Жетім көл», мына
аққуды,
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...
Жоқ!

Мен емес...
 Мен атпадым...
 Кеше гөр, кешіре гөр,
 жаратқаным?!»
 Ғазиз ана, ербеңдеп екі қолы,
 Жиылған жұртқа қарап алақтады.
 Күледі, бірде жылап, зарланады,
 Көкке қарап, бекерге қарманады.
 Бірде үнсіз, мелшиіп тың тындайды,
 Құлағында аққудың арман-әні.
 Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады,
 Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...
 Бірде ана көкке жайып алақанын:
 «Қазір, ботам...
 Мінеки, таң атады...
 Қазір, ботам, аққумен
 ұшықтаймын...
 Жазыласың құлыным...балапаным!
 Қасиет!..
 О, қасірет!
 Осындай ма ең?!
 Сорымның қалыңдығы шашымдай
 ма ең!..
 Қасиет!..
 Қасиеттер ұшып кетті,
 Қасірет!..
 Қасымдағы досымдай ма ең!..

Қасиет... Қасірет...
 Қасірет... қасиет...»

ЭПИЛОГ

...Сол кеткеннен мол кеттім,
 оралмадым,
 Жерді аңсаймын...
 Жалғыз-ақ сол - арманым.
 Қиын екен, қимасың екі бірдей,
 Көз алдында ғайып боп жоғалғаны...
 Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,
 Бір қырсық бір қырсықпен
 шектелуін?
 Балам-ай, мынау өмір-дарияның,
 Білмейсің қайда екенін өткелінің.
 Аққулар...
 Аңыз көп қой олар жайлы,
 Көзіңмен көргеніңдей бола
 алмайды...
 Тек қана тыныштықта ұйықтайды
 олар,
 Шошыса, екінші рет оралмайды.
 Орнында екен «Жетім көл»
 жоғалмапты,
 Ортаймапты немесе тола алмапты.
 Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
 Қасиетті аққулар оралмапты.

1-тапсырма: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Шығарма неліктен “Аққулар ұйықтағанда” деп аталған?
- Поэманың идеясы қандай?
- Ана неге мазасызданып жүр?
- Балаға не болды?
- Тәуіп не деп айтты?
- Ата-ананың бұл туралы ойы мен көзқарасы қандай?
- Әкесі неге аққуды атудан бас тартты?
- Ананың әрекетін қалай бағалар едіңіздер?
- Ананың аққуларды атқандағы оқиға қалай суреттелген?
- Қарт жылқышы анаға қандай кеңес берді?
- Қазақта аққуға қатысты қандай ырым бар еді?
- Аққуды атқаннан кейінгі ананың көңіл-күйі қалай берілген?
- Бала тағдыры не болды?
- Аққулар «Жетім көлді» неге тастап кетті?

Грамматикалық тақырып: Мезгіл мағыналы сөздер, салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы.

Тілімізде мезгіл мағынасын білдіретін сөздер бар, мысалы: қыс, көктем, жаз, күз, таңертең, түсте, кеш батқанда түнде т.б. Олар салыстыру мағынасын беруге қолданыс табады(бұған қарағанда, соған қарағанда, осыған қарағанда). Мысалы: Маған қыс мезгіліне қарағанда жаз көбірек ұнайды. Алматыға қарағанда Нұр-Сұлтан суық т.б.

2-тапсырма:Топтық жұмыс.

https://www.youtube.com/watch?v=k6DEYxv_Av0

(3.28-4.36 минуттар, осы сілтеме бойынша тақтадан поэманың сюжетіне орай түсірілген бейнебаяннан үзінді көрсетіледі).

Әр топ лексикалық минимум мен грамматикалық тақырыпты қолдана отырып, шығарманың жалғасын рөлдік ойын арқылы көрсетіңіздер.

3-тапсырма:Топтық жұмыс. Оқушылар 3 топқа бөлініп, тақырып бойынша әрқайсысы 3 сұрақ құрастырып, стикерге жазады, сосын топ болып ақылдасып, ішіндегі ең жақсы 1 сұрақты А4-ке жазып, тақтаға шығып іліп, жауап алады. Бір топ басқа топты таңдап, сұрағын соларға қойып, жауап алады. Ең жақсы сұрақ анықталады.

Оқытушының сұрағы:

Егер бір тылсым күш адамның санасынан Отанын, туған жерін алып тастаса, қандай жағдай орын алар еді? («Рухы түседі, рухсыз адам ешкім емес, Отан, туған жер – айбын,ол түрлі батыл істерге жетелейді» деген сипаттағы жауаптар күтіледі).

4-тапсырма:Берілген үзінді шешімінің бірін таңдап, қай үзінді поэма шешіміне сай келетініне болжам жасаңдар.

1. Ана өлген аққудың денесін тәуіпке әкеледі, тәуіп баланы аластап, оның бойындағы ауруды аққуға көшіреді. Бала аман қалады, бірақ ана өмір бойы өзін аққуды өлтіргені үшін кінәлі санайды.

2. Атқан аққуды қой бағып жүрген шал көріп: «Сен аққуды атар кезде құрбандыққа бір нәрсе шалдың ба, ең болмаса қолыңнан қан шығардың ба?»,- деп әйелден сұрайды. Әйел ештеңе жасамағанын айтады. Әйел үйіне келгенде баласының өлі денесін көреді.

3. Шал аққуды атқан әйелді көріп, тәуіп шалдың дұрыс айтқанын айтады, ертерек үйіне барып баласын емдеу керектігін айтады. Әйел аққуды тәуіпке әкеледі, тәуіп баланы емдейді, бірақ бала жазылмайды, қайта ауруы асқынып кетеді.

Топты екіге бөлу. 1-топ алдыңғы сабақта өткен «Құс қонбаған көл жетім, ел қонбаған жер жетім» деген мақалды, **2-топ** «Жер тағдыры – ел

тағдыры» деген мақалды М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасымен байланыстырыңыздар.

5-тапсырма: Кездейсоқ пайда болған кейіпкердің поэма мазмұнына қатысы қандай? Мысалы, кездейсоқ кейіпкер (бала, қария, әйел, ер адам).

Жұптық жұмыс. Автор ретінде шығарманы аяқтаңыз. Шығарма мазмұнына кездейсоқ пайда болған адамды кіргізіңіз. Оның әрекеті шығарма мазмұнына сәйкес болуы қажет.

Топтық жұмыс. «Аққу» – жақтаушы топ:

«Аққуды атуға болады».

«Баласын өлімнен сақтап қалу үшін атады».

«Аққу – махаббаттың белгісі, ана мен бала арасындағы махаббаттан артық махаббат жоқ».

«Ананың балаға деген махаббаты өте күшті».

«Егер сол кезде аққуды атпағанда өзін өмір бақи кінәлап өтер еді».

«Ана» – даттаушы топ:

«Аққуды атуға болмайды».

«Аққу – киелі құс, сұлулықтың, пәктіктің белгісі».

«Аққу – табиғаттың жаратылысы, бірақ өмір сүруге тиіс».

«Аққу – махаббат белгісі, махаббатты қорлауға болмайды».

«Аққуды атпа, махаббатты сатпа» деген дана сөз бар.

СӨЖ тапсырмасы: Табиғат құбылыстарынан келетін қиындықтар (сауалнама дайындау).

Рефлексия: Партада қатар отырған көршіңізге арнап бір тіркес айтыңыз:

Жарайсың!

Сабақта жақсы жұмыс істедің.

Бұдан да жақсы жұмыс істей алар едің.

9-АПТА

Лексикалық тақырып: Адам және уақыт. Ұлы мәртебелі уақыт.

Лексикалық минимум: Ғалам, жылға, тартылу, жаны ашу, таң нұры, ұран, жаңару, ескіру, ұрпақ, өмірден өту, бейтаныс.

Деректі сұрақ: Уақыт дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Өз уақыттарыңызды тиімді пайдалана аласыздар ма? Уақытты тиімді пайдалану тәсілдерін білесіздер ме? Уақытты басқаруға бола ма?

Пікір-таласты сұрақ: Адам өмірі уақытқа тәуелді ме?

Критерий: А, С

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс: Мұқағали Мақатаев «Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?» өлеңі

<https://www.youtube.com/watch?v=ReKBkrX8guU>

(бейнебаянда өлеңнің мәтіні әнімен бірге берілген, ақынның өміріне қатысты фотосуреттерден коллаж жасалған).

Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан,
Су тартылған теңізден, жылғалардан,
Нелер ұрпақ аттанған қуған арман,
Не бар дейсің, өмірге тұлға болған
Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан.
Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірді,
Өтпейтіндей көретін адамдарға!
Өтеді ғой...
Өтеді барлығы да,
Күн арқалап кетеді таңды мына
Менің жаным ашиды барлығына,
Таң нұрына, адамның тағдырына.
Менің жаным ашиды өткендерге,
Жаңа ғана өмірге жеткендерге
Ұран жазып аспанға қойсам ба екен:
«Енді сендер өмірден өтпендер!» деп?!
Бәрі өтуде
Күн батып, кеш кіруде.
Жаңаруда дүние, ескіруде
Болашақтан бейтаныс, ұрпағымыз,
Босат деп тұр орнымды,

Естідің бе?!

1-тапсырма:

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Уақыттың адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру.

Объект/субъект ұғымы етіс категориясында болады. Яғни істің объект/субъектіге қатысын немесе объект/субъектінің іске қатысын білдіретін формалар жүйесін етіс категориясы дейміз. Кейде іс-әрекет басталғанда да, аяқталғанда да тек субъектіге(адамға) қатысты болады. Ал кей жағдайда объект ғана болады, мысалы: еден жуылды десек, оған субъектінің қатысы жоқ, кімнің жуғаны көрсетілмейді. Шаш таралды, үй жиналды т.б.

Етістер жұрнақтарының түрлеріне, қызметтері мен мағыналарына қарай беске бөлінеді: негізгі етіс, ортақ етіс (-с,-ыс,-іс), өзгелік етіс (-т,-тыр,-тір, -дыр,-дір), ырықсыз етіс (-ыл,-іл,-л), өздік етіс (-ын,-ін,-н).

2-тапсырма: Лексикалық минимумды пайдаланып, «РАФТ» стратегиясы негізінде мәтін жазу. Жазылым және оқылым

Р – роль (сағат)

А – аудитория (студенттер)

Ф – форма. Шағын мәтін.

Т – тақырып. «Адамның уақыты шектеулі ме?»

*Топ мәтін мазмұнына орай сурет те салу керек, яғни визуалды және жазбаша мәтін.

3-тапсырма: Бейнебаянның негізінде «БББ» стратегиясы арқылы кестенің үш бөлігін толтырыңыздар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

4-тапсырма: «Кейіпкерге хат» стратегиясы. Уақыт туралы сөз қозғаған ақынға хат жазу, уақыт туралы ой бөлісу. Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты жүзеге асырыңыздар.

5-тапсырма: «Ұлы мәртебелі уақыт» атты тақырыпта эссе жазыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: «Уақытты бағалай білесің бе?» (ойталқы)

Рефлексия: Бүгінгі сабақта басқаларға қойғыңыз келген сұрақтарыңызды жазыңыздар (3-сұрақ).

10-АПТА

Қызығушылықты ояту. (өнерге байланысты бейнеролик көру, ой бөлісу).

<https://www.youtube.com/watch?v=BG1Bpx-vhqA>

Лексикалық тақырып: Мәдениет және өнер. Театр және кино өнері.

Лексикалық минимум: Шапалақ (шартылдады), жүріс-тұрыс, жат, аруақтану, күңгірлеу, жаңғыру, қанатынан қайрылу, қайғы-зар, өкініш, өксік, қасіретті, тым-тырыс, талпыну, өршелену, айызын қандыру, бәйге, елемей, гүл-гүл жайнау, шабыттану.

Деректі сұрақ: Мәдениет дегеніміз не? Өнер дегеніміз не? Өнердің қандай түрлерін білесіздер?

Концептуалды сұрақ: Қазақтың тұңғыш драма театры мен киносы туралы не білесіздер? Қазақтың танымал қандай өнер қайраткерлерін білесіздер? Әлемдік мәдениет қайраткерлерін атай аласыздар ма? Өздеріңізге ұнайтын туынды туралы әңгімелеп бере аласыздар ма? Театрға қаншалықты жиі барасыздар?

Пікір-таласты сұрақ: Өнер қайраткерлері қоғамның дамуына әсер ете ме?

Критерий: В, С

В критерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен

айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс. Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі

(ықшамдалып алынды)

<https://alashainasy.kz/proza/jusbek-aymauyitov-ansh-56981/>

...Әмірқан сахнаға шығысымен шапалақ шартылдады. Өзге шығушылардан Әмірқанның киімі де, түрі де, жүріс-тұрысы да жат еді, қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді. Топ көргенде Әмірқан аруақтанып, көтеріліп кетеді екен. Бұрынғы даусынан да артып кетеді. Зал жаңғырып, күңгірлеп кетті. Бұл жолы Әмірқан басқа әнге салды.

Бір-бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай, қош айтысқан жарға ұқсап, жалғызынан айрылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұқсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұқсап, өкінішті, өксікті, қасіретті, мұнды әнді сарнады. Жұрт төмен қарап, әркім жүрегімен сырласқандай, әншінің бітіргенін де сезбей қалды. Кенет тым-тырыс бола қалды да, шапалақ қайта соғылды. Қалғып кетіп оянған, қызықты тәтті түс көрген, қайтарам деп талпынған кісідей, жанға жаққан тәтті үннің кеткеніне өкініп, өршелене соғылды.

Әмірқан тымағын қыңырайта киіп тағы барды. Тағы соқты. Тағы да тыңдаушының айызын әбден қандырды. Әмірқан бәйгеден келді! Зал сарт-сұрт, айғай-ұйғай, гуілдеп, толқындап барып басылды. Әмірқанды құшақтап алып, арқаға қағып, бетінен сүйіп жатырмыз.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды. Жай жүргенде Әмірқанды ешкім де елемейді. Әмірқан ән салса, сонда кім екенін білесің. Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді. Ол тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады.

Оның ән салғандағы түріне қарап отырсаң, тоясың. Әнін ұғушы, тыңдаушы болса, шабыттанып айтады. Тыңдамай, жыбырлап сөйлесе бастаса, Әмірқан тұрып кетеді, айтпайды...

1-тапсырма: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Туынды неге «Әнші» деп аталған? Автор аталмыш шығарма арқылы қандай идеяны жеткізгісі келеді?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыздар.
- Мәтін кімдерге арналған?
- Автордың мақсаты қандай?
- Әмірқанның прототипі кім? Ол туралы не білесіздер?

- «Әмірқанның жүрісі қазақтың еркіндігін еске түсіруші еді» деген сөйлемдегі «қазақ еркіндігі» деген сөзді қалай түсінесіздер?
- Әңгімеде Әмірқанның қандай қасиеттеріне назар аударылған?
- Әмірқан аудитория өзін тыңдамаса, неге тұрып кетіп, ән айтпай қояды деп ойлайсыздар?
- Әнші неден шабыт алады?

Грамматикалық тақырып: Бірлескен іс-қимылдың берілуі, қимылдың тәсілі, амалы. Жалпылау есімдіктері.

Жинақтау, жалпылау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрін жалпылау есімдігі дейміз. Барлығы, барша, түгел, бүкіл, бар, тегіс т.б. сөздер жалпылау есімдігіне жатады. Мысалы: Маған өнердің барлық түрі ұнайды.

2-тапсырма. Топтық жұмыс. Сурет өнеріне қатысты жағдаяттар бойынша жұмыс. Жағдаяттармен жұмыс істеу барысында жалпылау есімдігін қолданыңыздар.

Жағдаяттар (ситуациялар)

1-жағдаят. Сурет салу – Анардың хоббиі. Сурет салғанды ұнататындығы соншалық, тіпті сабақ үстінде де сүйікті ісімен айналысып кеткенін өзі де байқамай қалады. Сол үшін мұғалімдерден сөз естіп, сабақ үлгерімі де төмендеп кетті. Анарға қандай ақыл қосар едіңдер? Оған қандай көмек бере аласыңдар?

2-жағдаят. Ерлан бала кезінен суретші болғысы келді. Бірақ ата-анасы математикаға деген қабілетін байқап, оны тереңдетіп оқытатын арнайы мектепке берді. Ерлан аталмыш мектепті, университетті үздік аяқтап, осы мамандық бойынша жұмыс істеп жүр. Бірақ жұмысы өзіне ұнамайды, суретші болғанды жаны қалайды. Мамандығын ауыстыру үшін біраз уақыт керек. Өз басында осында жағдай болса қайтер едің? Ермек не істеу керек?


3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Туған елім – мәңгілік ел» тақырыбында сурет салу. Аталмыш тақырыпта сурет салып, грамматикалық тақырып пен лексикалық минимумды қолдана отырып, сурет бойынша мәтін құрастыру, көпшілік алдында қорғау.

4-тапсырма: Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі бойынша төмендегі кестені толтырыңыз.

«Білу қажет» стенді

Бізге не белгілі? Біз не білеміз?	Бізге нені білу қажет?	Біз оны қандай жолмен анықтаймыз?
Анықталған мәселе:		⊕ 15-20 минут

5-тапсырма: Әншінің бойындағы адамгершілік қасиеттерді саралап ассоциограмманы толтырыңыздар. Әмірқанның бойында әншіге тән қандай қасиеттер бар ма?



СӨЖ тапсырмасы: «Өнер көкке жеткізер» жобалық жұмыс.

Рефлексия: Екі жұлдыз, бір тілек.

11-АПТА

Лексикалық тақырып: Мінез және келбет. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Лексикалық минимум: Ұрысқақ, мінез-құлық, ескіше жыл санау, халықтық болжам, бас қатырмау, сақылдаған сары аяз, аспан тесілу, адамға жағу, күрделі құбылыс, жорамал, тік мінезді, жанын жаралау, сезімтал, әсершіл, тәуекел, уысында ұстап тұру, табандылық таныту, бірбеткей, ұстамды,

тұрақты, уайымшыл, шығармашылық, зерек, кикілжің, сәтсіздік, өзімшіл, назарда болу, қызуқанды, томаға-тұйық, отпен ойнау, ара-жігін ажырату, жолы болғыш, сүттен ақ, судан таза, адамды тану

Деректі сұрақ: Мінез дегеніміз не? Келбет деген сөзді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Адамның ішкі жан дүниесі мен сыртқы келбеті, оның үйлесімділігі туралы не айтар едіңіздер?

Пікір-таласты сұрақ: Адамның келбет сұлулығы оның тағдырына әсер ете ме?

Критерий: А

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Бейнебаянмен жұмыс. https://www.youtube.com/watch?v=mu3Q_vSobQ0
(бейнебаянда адам мінезіне қатысты ойлар айтылған)

1-тапсырма:

Бейнебаянды көріп, берілген сұрақтарға жауап беріңіздер. А критерийіне сай бейнебаянға талдау жасау.

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Мінез неге күрделі құбылыс? Ойларыңызды ортаға салыңыздар.
- Адамдар мінезі неге әртүрлі болады деп ойлайсыздар?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Мінездің адам өміріндегі орны туралы қорытынды жасаңыздар. Мінез тағдырға әсер ете ме?
- «Әр айда туғандардың өздеріне тән ортақ мінездері болады» деген оймен келісесіздер ме?
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер. Сіздер қай айда дүниеге келдіңіздер?

Грамматикалық тақырып: Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері. Құранды етістіктер.

Зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына қолданылатын сөз табын есімдіктер дейміз. Қазақ тілінде есімдіктің 7 түрі бар: жіктеу, сілтеу, сұрау,

өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері. Жіктеу есімдіктеріне мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар деген сөздерді жатқызамыз. Жіктеу есімдігі жақпен (I, II, III) байланысты болып келеді, сол себепті ол үнемі адаммен байланысты болады. Есімдіктер басқа есімдер сияқты септелгенмен, өзіндік ерекшеліктері де бар. Жіктеу есімдігінің жекеше түрі былайша септеледі:

Атау: мен, сен, ол

Ілік: менің, сенің, оның

Барыс: маған, саған, оған

Табыс: мені, сені, оны

Жатыс: менде, сенде, онда

Шығыс: менен, сенен, одан (онан)

Көмектес: менімен, сенімен, онымен

Көріп отырғанымыздай, жіктеу есімдігінің септелуінде сәл ерекшелік бар, алайда ол ерекшелік көпше түріне, сіз деген есімдікте кездеспейді, септелуінде сіз, біз, сендер сіздер есімдіктері басқаларына ұқсас болып келеді.

Құранды етістіктер күрделі етістіктің бір түрі. Құранды етістіктің лексикалық мағынасына бірінші компонент, яғни есім негіз болса, екінші компонент (көмекші етістік) сол есім сөзді етістікке айналдыратын дәнекер ретінде қызмет етеді. Мысалы: жәрдем ет – жәрдемдес, ән сал – әндет, бет қой, бас и, жақсы көр т.б.

2-тапсырма: «Қар кесегі» стратегиясын қолданып, адам мінезіне қатысты өз тұжырымдарыңызды ұсыныңыздар. Бір студент тақырып бойынша өз тұжырымын айтады. Келесі студент алдыңғы студенттің айтқандарын қайталайды, өз ойын қосады. Одан кейінгі студент бұл екеуінікін қайталай отырып, өз ойын қосады. Осылайша жалғасын табады, нәтижесінде белгілі бір тұжырым қалыптасады. Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты жүзеге асырыңыздар.

3-тапсырма: «Сұрақтар қобдишасы» стратегиясын жүзеге асырыңыздар. (Ортаға қобдиша қойылады, студенттер тақырыпқа қатысты, яғни мінез бен келбет және есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері, құранды етістіктер туралы сұрақтар құрастырып, қобдишаға салып, кезекпе-кезек алып, жауап береді. Сұрақтарды оқытушы алдын ала дайындап, қобдишаға салып қойса да болады).

4-тапсырма: Топтық жұмыс. «Тұжырымдамалық карта» (постер) жасау. Студенттер өтіліп жатқан тақырып негізінде (адамның мінезі, сыртқы келбеті) постер жасайды. Ол тақырыпты ашу қажет, оған кестелер, суреттер, график т.б. салуға, дайын материалды жапсыруға болады. Аталмыш картаны жасамастан бұрын студенттер оның қалай бағаланатыны туралы критерийлер

құрастырып алып, топтар бірінің жұмысын бірі бағалайды. Ойды түйіндеп жазу барысында грамматикалық тақырыпты қолдану қажет.

5-тапсырма: «Бір сөйлеммен түйіндеу» стратегиясы. Студенттер дәптерлеріне тақырып негізінде бүгінгі алған білімдерін түйіндеу үшін бір сөйлем жазу керек. Жазғаннан соң оларды дауыстап оқиды, топтағы студенттер бағалай алады немесе көшіріп жазуға болады.

СӨЖ тапсырмасы: Киіміне қарай қарсы ал, мінезіне қарап шығарып сал (ойталқы)

Рефлексия: Өз миыңыздың суретін салыңыз (сабаққа дейінгі және кейінгі).



12-АПТА

Қызығушылықты ояту.

https://www.youtube.com/watch?v=jcJR_9n2PcI

Бейнебаянды көріп болған соң оқушыларға жетек сұрақтар қою: Бейнебаяннан не көрдіңіздер? Неліктен заман ағымына сай адамдардың сұлулыққа деген ойы, киімге байланысты талғамы өзгеріп отырады? Сұлулыққа, сәнге деген ұмтылыс немен байланысты? Сұлулыққа байланысты қандай сөздер білеміз?

Лексикалық тақырып: Киім. Сән. Талғам.

Лексикалық минимум: Сән, сәнгер, талғам, пішін, стиль ерекшеліктері, киім үлгілері, сән үрдістері, білек, бұрым (өру), шолпы, кәмшат бөрік, аласы аз қара көз, үлбіреген, бұраң бел, некен-саяк, шымырлау. *Мақал-мәтел:* Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек.

Деректі сұрақ: Сән дегеніміз не? Талғам дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Киім үлгілері пішіндерінің алмасып отыруы шарт па? Адамның стиль ерекшелігі дегенді қалай түсінесіздер? Қазіргі заманғы киім үлгілері сіздерге ұнай ма? Қазақстандық қандай сәнгерлерді білесіздер?

Пікір-таласты сұрақ: Қазақстанның қазіргі сәнгерлерінің киім үлгілері көңілге қонымды ма?

КРИТЕРИЙ: В

Вкритерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Мәтінмен жұмыс: Абай «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңі
<https://bilim-all.kz/olen/71>



Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

1-тапсырма:

- Туынды неге «Білектей арқасында өрген бұрым» деп аталған? Автор аталмыш шығарма арқылы қандай идеяны жеткізгісі келеді?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыз.
- Мәтін кімдерге арналған?

- Автордың мақсаты қандай?
- Сұлу қыздың сипатын ақын қалай береді?
- Шолпы дегеніміз не?
- «Некен-саяқ», «бұраң бел», «аласы аз қара көз» сөздерінің мағынасын түсіндіріңіздер.
- Ақын сипаттағандай шынайы сұлу қыздар өмірде көп пе?
- Қыздың әдемілігітағдырына әсер ете ме?
- Мәтіндегісұлу қыздың келбетін шынайы өмірдегісұлу бойжеткендердің өмірлерімен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Сын-бейне үстеулері, мөлшер үстеулері.

Сын-бейне үстеулері іс-әрекеттің сыны, бейнесін, амалын білдіріп, қалай, қайтіп, қалайша, кімше? деген сұрақтарға жауап береді. Аталмыш үстеу етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: әрең тұрды, бірте-бірте үйренді, ақырындап келе жатты, шапшаң жүрді, жылдам келді, етпетінен құлады, емен-жарқын отырды, тектен-текке жүрді т.б.

Мөлшер үстеу іс-әрекеттің мөлшерін, шама-шарқын, көлемдік дәрежесін білдіреді, қанша?қаншама? қаншалық?қаншалап? кейде қалай? қалайша? деген сұрақтарға жауап береді. Мөлшер үстеу етістіктермен тіркесіп келгенде, іс-әрекеттің мөлшерін, шамасын білдірсе, сын есімдермен тіркескенде сынның мөлшерін білдіреді. Мысалы: біраз, айтарлықтай, бірен-саран, *едәуір* (қалай) өсіпті, *анағұрлым* (қалай) көбейді т.б. Яғни іс-әрекетті анықтап, нақтылайды.

2-тапсырма:Топтық жұмыс. «Дөңгелек үстел» стратегиясы. Топтарға бір-бір парақтан беріледі. Топтағы студенттердің бірі сол параққа сабақтың тақырыбы бойынша, яғни киім, сән, талғам туралы бір сөйлем жазады. Екіншісі оның жазған ойын әрі қарай жалғастырып, келесі сөйлемді жазады. Соңында тақырып туралы мәтін қалыптасады. Бір студент сол мәтінді оқиды, қалғандары өз ойларын білдіріп, талдайды. Тапсырманы орындау барысында сын-бейне және мөлшер үстеулерін қолданыңыздар.

3-тапсырма:«Ыстық орындық» стратегиясы. Тақтаға бір оқушы шақырылып, студенттер тақырыпқа (киім, сән, талғам және үстеу түрлері) қатысты сұрақтарын қойып, жауаптар алынады. Тапсырманы орындау кезінде грамматикалық тақырыпты жүзеге асырыңыздар. «Ыстық орындыққа» оқытушыға да отыруға болады.

4-тапсырма:Топтық жұмыс.«Тұжырымдамалық карта» (постер) жасау. Студенттерге өтіліп жатқан тақырып негізінде, яғни киім, сән, талғам бойынша постер жасау тапсырылады. Карта тақырыпты ашатындай болу керек. Оған сурет, кесте, ойдың түйіні, график т.б. салуға, дайын материалды жапсыруға болады. Тұжырымдамалық картаны жасамастан бұрын студенттер

оның қалай бағаланатыны туралы критерийлер құрастырып алып, топтар бірінің жұмысын бірі бағалайды. Тұжырымдамалық карта жасау барысында сын-бейне және мөлшер үстеулерін пайдаланыңыздар.

5-тапсырма:Өлеңде қолданыс тапқан төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер, оларды ақынның қолдану себебін дәлелдеңіздер, осы сөздерді қолданып сөйлем құрастырыңыздар.

Сөздер	Мән-мағынасы қандай?	Өлеңдегі орны	Сөйлем
Шолпы			
Кәмшат бөрік			
Бұрым			
Ашық жүз			
Аласы аз қара көз			

СӨЖ тапсырмасы: Тренд қандай? Сән үрдістері мен тенденциялары (жобалық жұмыс).

Рефлексия:Сабақтағыменің 3 сәтті тұсым.

13-АПТА

Қызығушылықты ояту. Досыңыздыңпортретін салыңыз (сурет өнердің бір түріне жатады). Сол арқылы сабақтың тақырыбын болжаңыздар.

Лексикалық тақырып: Әдебиет және өнер. Проза және поэзия.

Лексикалық минимум:Әдебиет,өнер,рухани мұра,мәдени мұра,тамырсыздық, індет,қалқалау,мазмұн,демеу, жебеу, түп қазық,айбын, өнеге, тірек, шуақ шашу, күдірет, қаңбақ, ұлылық, менсінбеу, пенде, бағы жанбау, тыныс.*Мақал-мәтелдер:*Өнерліге есік ашық.Қол өнері – кілемде, Сөз өнері –өлеңде.

Деректі сұрақ: Рухани, мәдени мұра деген сөздерді қалай түсінесіздер? Әдебиет дегеніміз не? Әдебиеттің қандай жанрларын атай аласыздар?

Концептуалды сұрақ: Қазақ халқының рухани, мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері туралы не білесіздер? Жаныңызға поэзия жақын ба әлде прозаны ұнатасыз ба? Не себепті?

Пікір-таласты сұрақ: Ақындық туа біте ме?

Критерий: С

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс. Мұхтар Шаханов «Төрт ана» өлеңі.

<https://bilim-all.kz/olen/1783>

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,

Ғұмырына етер мәңгі астана,

Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,

Болу керек құдіретті төрт ана:

ТУҒАН ЖЕРІ - түп қазығы, айбыны,

ТУҒАН ТІЛІ - мәңгі өнеге айдыны,

ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ - тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және ТУҒАН ТАРИХЫ.

Еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да.

Құдірет жоқ төрт анаға тең келер

Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.

Өзге ананың ұлылығын танымас,

Төрт анасын менсінбеген пенделер.

Төрт анадан сенім таба алмаған

Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!

Төрт анасын сыйламаған халықтың

Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана-тағдырыңның тынысы,

Төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы.

1-тапсырма:

- Туынды неге «Төрт ана» деп аталған? Автор аталмыш өлеңі арқылы қандай идеяны жеткізгісі келеді?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыз.
- Мәтін кімдерге арналған?
- Автордың мақсаты қандай?
- Төрт анаға ақын нелерді жатқызған?
- Ақын оларды неге анаға балаған?
- Сіздер төрт анаға нені балар едіңіздер?

- «Тамырсыздық», «індет», «қалқалау», «түп қазық», «айбын», «жұлдызы жанбау» сөздерінің мағынасын түсіндіріңіздер.
- Ақын сипаттағандай сұлу қыздар өмірде көп пе?
- Туған жері адамның тағдырына әсер ете ме?
- Өлеңде айтылған туған жер, туған тіл, салт-дәстүр, тарих атты ұғымдарды қазақ халқының өмірімен қалай байланыстырар едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар.

Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тең дәрежеде байланыстырады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп те аталады. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, һәм, әрі. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті. Аталмыш жалғаулықтар танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылауда қолданылады.

2-тапсырма:

1. Төменде берілген абстракт суреттің біреуін таңдап алыңыз, одан өзіңіз көріп тұрған заттарды, құбылыстарды жазыңыз. Суретте неше бейне бар?
2. Сізге соның ішінде ең жақыны қайсысы? Неліктен?
3. Сіз суреттен өзіңізді көре аласыз ба? Дәлелденіз.
4. Осы сурет бойынша әдебиетуындылардан мазмұндас, тақырыптас шығарманы атаңыз. Өлең болса оқып беріңіз, прозалық туынды болса, негізгі идеясын түсіндіріңіз.
5. Сіз суретшінің орнында болсаңыз бұл жұмысқа не қосып, негізгі идеяны қалай бейнелеріңіз? Түйінденіз.
6. Бұл суретті қазіргі оқылып жатқан шығармамен қалай байланыстырасыз?



3-тапсырма: Эссе жанрына тән негізгі ерекшеліктерді сақтай отырып, грамматикалық тақырып пен лексикалық минимумды қолданып, «Мен жазушы боламын!» тақырыбында эссе жазыңыздар.

4-тапсырма. «Әдебиет» сөзіне синквейн (бес жолды өлең) жазыңыз.

1 зат есім. Не? _____

2 сын есім. Қандай? _____


3 етістік. Не істейді? _____

1 сөйлем. Нені білдіреді? _____

1 зат есім. Синоним _____

5-тапсырма. а) Белгілі бір шығарма негізінде Эйдос-конспект жасау.


Эйдос-конспект – мәтіннің образдылығын негізге ала отырып, шығармадан келтірілген цитаталар мен түйін сөздер арқылы студенттердің өз образдарын жасауы, көркем ойлауға жол ашуы. Эйдос-конспектідегі басты нәрсе – көркем мәтіндегі сөздің рөлін түсіну, студенттің бейнелі ойлауын дамыту. Шығармашылық жұмыстың мұндай түрі студенттердің ақын-жазушылардың көркем шығармаларын қабылдау деңгейлерін бақылап, тексеруге мүмкіндік береді, студенттердің мәтінді қаншалықты терең түсінгендіктерін таныта алады. Сонымен қатар студенттің көркем шығарманы өзінің таңдауын талап етеді, оларды ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге баулиды, шығармашылық қабілеттерін арттырады, өнердің көптеген түрлерінің басын біріктіреді: мысалы, әдебиет, сурет өнері, кейде тіпті музыка (әуен). Нәтижесінде белгілі бір көркем шығарманы талдау арқылы студент бойындағы көптеген игі қасиеттері ашылып, эстетикалық талғамы арта түседі. Эйдос-конспект жасау барысында студентке көркем шығармадағы кілт сөздер, түйінді ойлар талдауға көмектеседі. Осылардың негізінде туындының табиғаты танылып, кеңінен талданып, автор идеясының ашылуына мүмкіндік туады.



«Психология» мамандығы студентінің Абайдың 14-қарасөзі негізінде жасаған эйдос-конспектісі





«Аударма ісі» мамандығы студентінің С.Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасы негізінде жасаған эйдос-конспектсі



б) Мәтінді түсініп, мазмұнын игерту мақсатында Дудлинг (Doodling) стратегиясын қолдану.

Дудлинг (Doodling) – мәтін мазмұнын эскиз арқылы меңгеру. Стратегияның сипаттамасы: бұл әдісті жеке немесе жұптық тапсырма ретінде орындатуға болады. Студенттер тақырыпқа қатысты әдеби немесе әдеби емес мәтінді мұқият оқиды, жұпта бір-біріне түсінгенін баяндайды. Мәтіннен сөздер (тірек сөздер), сөз тіркестерін белгілейді, олардың қолданылу мақсатын анықтайды. Сөздер мен сөз тіркестеріне сүйеніп сурет салады. Тірек сөздер мен сөз тіркестері арқылы автор ойына, көтерген мәселесіне талдау жасайды, көзқарасын білдіреді. Бұл әдістің мақсаты – студентті мәтінді мұқият оқуға, мазмұнын түсінуге, сөздер мен сөз тіркестері арқылы автор стилін анықтауға, сөйлесім дағдысын жетілдіруге машықтандыру. Жұмыс алгоритмі: Мәтін мазмұнын жұпта талқылау; автор ойын жеткізетін сөздер (тірек сөздер) мен сөз тіркестерін белгілеу; олардың қолданылу мақсатын анықтау; сөздер мен сөз тіркестеріне сүйеніп, мәтіннің бетіне оның мазмұнын ашатын сурет салу; мәтіндегі эскиз / сурет, тандалған түстерге түсінік беру; жұмысты топ алдында таныстырып, өзіндік көзқарасын білдіру. (Төменде әр көркем шығарма негізінде орындалған жұмыстар берілді).





СӨЖ тапсырмасы: Менің сүйікті жанрым (әңгімелеу).

Рефлексия: «Плюс-минус-қызықты».

14-АПТА

Лексикалық тақырып: Менің Отаным. Атамекен – құтмекен.

Лексикалық минимум: Атамекен, құт, сүйіспеншілік, құрметтеу, рәміздер, ағынды өзен, асқар тау, қыбырлаған жәндік, кеудені жарып шығу, бозторғай, шырылдау, күйік. **Мақал-мәтелдер:** Отан отбасынан басталады. Опасызда отан жоқ. Отан оттан да ыстық. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

Деректі сұрақ: Отан дегеніміз не? Туған жер ұғымын қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Отаныңызға деген сүйіспеншіліктеріңізді қалай дәлелдер едіңіздер? Еліңіз бен жеріңізге қалай құрмет көрсетесіз? Еліміздің рәміздері туралы не білесіздер?

Пікір-таласты сұрақ: Отанына сатқындық жасауға бола ма?

Критерий: А, С

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс: М.Мақатаев «Отан туралы»

<https://www.youtube.com/watch?v=aBGhp7EQEw0>

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан!
Отан!
Бәрінен биік кен.
Мен оны мәңгіліккесүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік кен,
Отанды сүйгенің де күйік кен...

1-тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы А,С критерийлеріне сай бейнебаянға талдау жасау.

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*дауыс ырзағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Отанның адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени салалардағы қатысым түрлері. Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі. Күрделі сан есімнің берілуі (жиырма бірінші ғасыр, бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы).

Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы тұрмыстық сөздер ретінде күнделікті өмірде, ауызекі сөйлеу тілінде қолданатын сөздерді айтамыз. Мысалы, отбасында, дос, құрбылар ортасында, күнделікті өмірде айтатын сөздер. Бұндай қарым-қатынас кезінде ой еркін жеткізіледі, көбінде диалогқа құрылады, лепті, сұраулы, қыстырма, қаратпа, одағай сөздер көп қолданылады. Ал әлеуметтік-мәдени салаларда көбінде әдеби тіл қолданысқа түседі. Сөздер өзара логикалық, мағыналық байланыста болады.

Реттік сан есім заттың саналу ретін білдіре отырып, нешінші деген сұраққа жауап береді. Есептік сан есімдерге мынадай жұрнақтар жалғанудың нәтижесінде реттік сан есім жасалады: -ыншы (оныншы, алпысыншы); -інші (бірінші, төртінші); -ншы (алтыншы), -нші (жетінші).

2-тапсырма.Жұптық жұмыс. Грамматикалық тақырыпты қатытыра отырып «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін...» тақырыбында мәтін құрастыру, мәтіннің негізінде сурет салу, көпшілік алдында қорғаңыздар.

3-тапсырма.Топтық жұмыс. Өлеңнен қазіргі қоғамымызда Отанға қатысты кездесетін келеңсіз мәселелерді анықтап, кестеде оны жоюдың жолдарын ұсыныңыздар.

мәселе	жоюдың жолдары

4-тапсырма.Топтық жұмыс. «Өкіл» стратегиясы. Жоғарыда берілген 3-тапсырманы орындап болған соң топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, талқыланған мәселені түсіндіру, жинақтау және бұл туралы басқа топтың ойын, шешімдерін білу үшін басқа топқа барады. Сосын өз тобына қайта оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ аталмыш әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады. Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тапсырманы жүзеге асырыңыздар.

5-тапсырма.«Тізбектер» стратегиясы. Студенттердің бірі тақырып бойынша бір сөз айтады (не сұрақ қояды), екінші студент оның мағынасын түсіндіреді (не екенін айтады), келесі сұрақ, сосын жауап деп жалғаса береді.

СӨЖ тапсырмасы: Бай өлке (өлке жетістігі туралы статистика).

Рефлексия:Екі жұлдыз, бір тілек.

15-АПТА

Лексикалық тақырып: Тұрғын үй және сәулет. Қазіргі заманауи үйлер.

Лексикалық минимум:кұмырсқаның илеуінше, әкесінің құнын сұрау, үміт оты жарқ ету, тозығы жеткен, жәбір-жапа, иманын үйіру, тауық кепе, жалдау, мелшиіп тұру, дарбаза, көзге шоқтай басылу, өзін тежеу, дәліз,

құлаш жаю, иттің ұясындай, саңылау, шырақ, үрейлене көз жүгірту, лашық, шұрық, тірсек, жүзін жас жуу, малмандай су, аяқтың ұшымен жүру.

Деректі сұрақ: Сәулет өнері дегеніміз не? Тұрғын үй дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Еліміздегі көппәтерлі тұрғын үйлердің сыртқы келбеттері сіздерге ұнай ма?

Пікір-таласты сұрақ: Қазіргі заманауи үйлердің сапасы еуростандартқа сай ма?

Қазақтың киіз үйі мен қазіргі заманауи үйлерді салыстыруға бола ма?

Критерий: В, С

Вкритерий: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерий: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс

Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік...» әңгімесі

(ықшамдалып алынды)

<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/satira/30268/>

Мәтінді Джигсо әдісі арқылы оқу.

Топты 1, 2, 3 деп Джигсо бойынша топқа бөлу. Студенттер «**Үй тобын**» естерінде сақтау керек. Қайыра бөлу (1,2,3 деп), «**Жұмыс тобы**».

• Осы жерде мәтінді беру, Джигсо әдісі бойынша мәтінді оқу, оқушылар оқып болған соң мазмұнын өзара талқылап алады. («Үй тобына» барғанда нені айту керек, неге басты назар аударған жөн, қандай маңызды оқиғалар бар?)

• Оқушылар «Үй тобына» оралады, әр топтағы 1-ойыншы, 2-ші ойыншы, 3-ойыншы анықталып, құрам түгенделеді (олар қолдарын көтереді). Үш топта да 1, 2, 3-ойыншы бар боп шыққан соң, олар кезектесіп, мәтіннің мазмұнын қалған оқушыларға баяндап береді.

- Әр топтағы 1-ші ойыншыларды жеке шығарып алу, олар ойынға қатыспайды.
- Слайдтан мәтіннің мазмұнын меңгеруге байланысты сұрақтарды көрсетіп, жауап алу.
- Жауап бере алмаған сұрақтарын 1-ойыншылар қайта түсіндіріп береді.
- Осылайша 2, 3-топтармен қайталанады.



Алматыны алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді ақырын жүре бастадым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік...

Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті маклер саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің...

- «Шаңырақта» бір үй бар, жас отбасын тұрғызады,-деді семіз қара келіншек. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

- Қанша болады?

- Он мың теңге, үш бөлмелі жаңа үй.

- Шаңырақ алыс па? – дедім келіншегіме бұрылып.

- Өте алыс қой...

- Амал жоқ, шамамыз соған жетеді, үш бөлмелі үй болса болады екен.

- Жарайды, келістік.

- Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

- Мінеки, мың теңгеңіз.

Қалыңдығы бір елі, тозығы жеткен, іші шимайға толы дәптеріне үңіле түсті.

- Мынау телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш тәте жіберді дейсіңдер.

- Қожайынмен бірге тұрмайтынымыз қандай жақсы болды,-деді келіншегім құлағыма сыбырлап, бұрынғы жәбір-жапаны ұмытқан адамдай өте көңілді, жымың-жымың етеді, еріксіз жымыып күлген болдым.

Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлағын бұрадым. Ар жағынан ер адамның барылдаған жуан дауысы шықты.

- Ало, кім?

- Ало, ассалаумағаликум, Сәкен аға ма екен?

- Иә, мен.
- Сұлушаш тәте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік..
- Қайдағы пәтер, өткізіп жібергенбіз үш күн бұрын.
- Сұлушаш тәте он мың теңгеге үш бөлмелі пәтер бар деген болатын.
- Он мың теңгеге тауық кепе де жалдай алмайсың, бауырым,-деді де телефон тұтқасын тастай салды.Ашудан жарылардай мелшиіп тұрдым да қалдым.
- Маклер алдапты,-дедім келіншегіме.
- Не деген опасыз адам еді,-дейді келіншегім дауысы дірілдеп.

Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде пәтер жалдаймын деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қуанғаннан айқайлап жібере жаздап, бетімді шымшып өзімді әрең тежедім. Қожайын ұйғыр әйел екен, бізді суық қарсы алды.

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші сасық исі мүңкіген қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Көзім сәл үйренгендей болды. Қоян екеш қоян да інін дәл бұлай қаза алмас-ау, сірә!?! Қыртыс есікті шалқалай ашты, үш аттап төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиюластырып, кірпіші, шөркесі аралас бірдемелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Үш метр үйге төрт метр төсек, әне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап тозығы жеткен матрац төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғыштанып кеткен. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден әрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Ырғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе бір сәрі. Қыртыспен қиюластыра беріпті. Соның керегеге тірелген соңғы қуысы бізге бұйырып тұр. Саңылауларының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт арғы беттен сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да, сол ашық аралыққа небары жалғыз ғана шырақ орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалады.

Есік жақ қабырға да итеріп қалсаң құлап түсердей, қаусап әрең тұр.

- Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, – деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ күліп.
- Бір нәрсе жоқ.
- Бір нәрсе?! Бір нәрсе ғана емес, бұл үйде ештеңе жоқ.
- Бір нәрсе ғана жоқ.
- Терезе жоқ,-деген әйел дауысы шықты қырсық қабырғаның ары жағынан.
- Терезесі жоқ үй де болады екен-ау, ә.

Кешке пәтерімізге өте жақын бір досым келді. Бұл біз бас құрап үй болғалы келген тұңғыш қонақ еді. Сол себепті бір жағынан қуансақ, бір жағынан қатты қысылдық.

«Үш күннен кейін адам көрге де үйренеді», біз де қараңғы пәтерге үйрене бастадық. Бұл күндері ел ауылдан туысым келетін болды деп қуанса, мен туысым келетін болды деп қорқатын болдым. Әуел десеңіз, дәл мынандай кезде әкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім. Бұл менің жалғыз қорқынышым. Қайнағам келсе қайттым, ойбай, ұят болды-ау! Бір күні кешке ойламаған жерден жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма? Лашығымызды көріп шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздап үрейлене көз жүгірітті. Үйіңе қонақ көп келеді деп сөйлеген қожайын әйелмен де қатты ренжісіп қалдым. Жағдайды көріп қайнағам кетіп қалыпты.

Бұл жерде қала алмайтынымды біліп түн ішінде көшуге бел байладым.

Жаңбыр төпеп тұр. Түнделетіп жаяу келеміз, иығымда көрпе-жастық, қолымда шабадан, бірдеңелерін көтеріп келіншегім соңымнан еріп келеді. Көшелер шұрық тесік. Шұқырына аяғыңды малып алсаң суы шалп етіп, тірсегіңнен келеді. Алғашында қорғанып едім, сәлден соң соқыр адамша былшылдатып баса бердім. Алдымда машина көрінсе де, қорғанар мен жоқ. Машина көрінбеді. Такси ұстауға үлкен жолға қарай беттедік.

Аялдаманың тұсынан шықтық, судан шыққан тышқандай аялдаманың астында жаңбырдан паналап тұрмыз.

Кенет аялдамадағы жарнама қағаздарына көзім түсті. Телефон нөмірі де анық жазылыпты. Дереу телефон шалдым. Ар жағынан:

-Бұл кім?-деген еркек дауысы естілді.

- Аға, мен ғой... Жарнамадан оқыдым, пәтер іздеп жүр едік.

-Иә, бар... Бірақ қазір өте жәй болып кетті ғой.

- Бәрі бір, аға. Бағасын айтыңыз, қазір өзіміз барамыз.

- Неше адам едіңдер?

- Жас отаумыз, келіншегім екеуміз ғанамыз.

- Үйленген бе едің? Бізге бала-шағаның керегі жоқ.

- Мына түрімізбен баланы қалай бағамыз аға, әзірше баламыз жоқ.

- А, онда былай болсын, мен де әйеліммен бірге тұрамын, бір бөлмесін жалға береміз.

-Қанша болады, әдіресін айтыңызшы!

- Бағасы жиырма мың теңге, қымбат емес шығар?

- Қымбат емес.

- Ертең келсеңдер қайтеді!

- Жоқ, қожайынмен келіспей қалып, бізді қуып шыққаны.

- Мына түнде ме? Неткен опасыз еді. Әй, өздерің де тентексіндер ғой тегі, тыныш жүрмегенсіңдер!

- Жоқ, бізде кінә жоқ.

Келіншегімнің жүзін жас жуып кеткен бе, әлде, жаңбыр суы жуып кеткен бе, әйтеуір малмандай су. Ерні дір-дір етеді. Жаңбырдан қорғана түсіп менің мимикамды бағуда.

- Онда былай болсын, баурым. Біз тыныштықты қалаймыз. Қонақ келмейтін болсын!

- Жарайды.

- Арақ ішуші болмандар.
- Ол не дегеніңіз ағасы, мен арақ ішкен адамды өлердей жек көрем. Мен ішем ғой, мені де жек көресің бе?
- Жо-ға, сіз іше беріңіз, сізді жек көрмеймін.
- Ха, ха, ха, тамақты бөлек жасап ішесіңдер.
- Оны білеміз енді, бірге тұрып жүрміз ғой.
- Келіншегің биік өкше аяқ киім кимейтін болсын.
- Неге?! Оның қатысы қанша?
- Қатысы қанша дейсің бе-ей? Дәлізден кіргенде мазамыз кетеді ғой.
- Жарайды.
- Далаға шыққанда аяқтарыңның ұшымен басып шығыңдар.
- Неге?
- Дыбысы шықпау үшін, әйелім ұнатпайды.
- Айтқаныңыз болсын.
- Ал кірген кезде....
- Онда да аяқтың ұшымен кіреміз ғой?
- Жоқ. Кірген кезде өкшелеріңмен ептеп, дыбыс шығармай кіресіңдер..
- Мақұл, мақұл, мақұл.
- Ал тамақ жасаған кезде...
- Иісін шығармай, аяқ-табақты салдырлатпай жасаймыз ғой.
- Оны қайдан білесің?
- Аға, ау аға!
- Тыңдап тұрмын.
- Атаңның басы.
- Не, сен... адам боқтадың ғой, кімсің өзің?
- Боқтықтың үлкені мынау, естіп ал, қазақ былай боқтайды, жетпіс жеті атаңның басы, ұйт тексіз хайуан сол. Ойнастан туған малғұн – дедім де, телефонды жаба салдым.

Жаңбыр толастайын деді, сүрепеті кеткен айғыз-айғыз көшемен қараңғы түн құшағына сіңіп барамыз.

Пәтер іздеп жүрміз...

1-тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы В, С критерийлеріне сай бейнебаянға талдау жасау.

- Әңгіме не туралы?
- Әңгімедегі негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Әңгіменің идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Пәтердің болмауы адамның өміріне қалай әсер ететіндігі туралы қорытынды жасаңыздар.

➤ Әңгімедегі оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерді бағалау, қорытындылау. Көмекші есімдер. Күшейткіш мәнді сөздер.

Мәтіннің бірнеше түрлері бар, мысалы, баяндау мәтіні, сипаттау мәтіні, пайымдау мәтіні т.б. Оқиғаларды рет-ретімен баяндап беретін мәтінді баяндау мәтіні десек, белгілі бір зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайтын мәтін сипаттау мәтіні деп аталады. Белгілі бір оқиға не құбылыстың себебін дәлелдейтін мәтінді пайымдау мәтін дейміз.

Яғни бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерде белгілі бір зат не құбылысқа қатысты деректер алынады және оларды сипаттап, ой пайымдауда жалқы және жалпы, деректі және дерексіз есімдерді қолдануға болады. Мысалы, кеме десек, оны былайша сипаттап, төмендегідей ой пайымдауға болады. Кеме – сумен жүретін транспорт түрі. Оның адамдар таситын, жүк тасымалдайтын, ұзақ сапарға шығатын немесе қала араларында қатынас жасайтын деп бөлінетін көптеген түрлері бар. Кеменің адамдарға пайдасы зор. Кеме арқылы адамдар сапарға шығып, саяхаттай алады.

Көмекші есімдер. Жеке тұрып дербес мағынаға ие бола алмайтын сөздерді көмекші есімдер дейміз. Оған аст (ы), үст (і), қас (ы), жан (ы), іш (і), сырт (ы), алд (ы), арт (ы), шет (і), бой (ы) бас (ы) сияқты толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер жатады. Тілімізде сонымен қатар күшейткіш мәнді сөздер қатары бар, олар заттың т.б. әсерін арттырып тұрады (нағыз, керемет, теңдессіз).

2-тапсырма.Топтық жұмыс. Әңгіменің мазмұны бойынша сурет салыңыздар.Әр топ салған суреттерін мәтін мазмұнына жақындатып түсіндіріпберіңіздер. Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

3-тапсырма.Жұптық жұмыс. «Себеп-салдарлар айналмасы» стратегиясы арқылы әңгімеге талдау жасаңыздар.



- Мәселенің өзектілігі
- Мәселенің туындау себебі

- Мәселенің салдары
- Мәселені көтерудегі қосымша детальдар
- Мәселеген қатысты менің жеке ойым
- Мәселені шешу жолдары

4-тапсырма. Төменде берілген сызба бойынша әңгімедегі оқиғалар тізбегін жасаңыздар.

«Уақыт тізбегі»



5-тапсырма. Әңгімедегі оқиға тізбегі бойынша төмендегі үзінділерді ретімен кестеге орналастырыңдар.

Бұрыс реті	Дұрыс реті
1)	1)
2)	2)
3)	3)
4)	4)

СӨЖ тапсырмасы: Еліміздегі көрнекті сәулет туындылары (жобалық жұмыс).

Рефлексия: Бес саусақ

- 1 – қандай жаңа білім алдым?
- 2 – мақсатқа жету үшін не істедім?
- 3 – көңіл-күйім қандай болды?
- 4 – қандай көмек бере алдым?
- 5 – қандай кедергі болды?

2-семестр. 1-АПТА

Лексикалық тақырып: Білім және ғылым. Ел болашағы – білімді ұрпақта.

Лексикалық минимум: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «100 жаңа оқулық» жобасы, аударма, ауыр кезең, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, ру, тайпа, қалмақ қырылған шайқасы, білекке сену, білімге сену, заманауи әлем, азамат, терең білім, елдің қуаты, өлшену, тәуелсіздік тірегі, ақыл-ой, азаттық, алдаспан.

Лексикалық минимуммен сөйлем құрау.

Деректі сұрақ: Ғылым дегеніміз не? Жастар саясаты дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Елімізде білім беру жүйесінде қандай жаңалықтар болып жатыр?

Пікір-таласты сұрақ: Білімді ұрпақ тәрбиелеу қаншалықты маңызды?

Критерий: А

А КРИТЕРИЙ: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Бейнежазбамен жұмыс

<https://www.youtube.com/watch?v=SNrdMaDcBKM>

1-тапсырма: Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы А критерийіне сай бейнебаянға талдау жасау.

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Білім мен ғылымның адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
- «Бұл заман білекке сенетін заман емес, білімге сенетін заман» дегенді қалай түсінесіздер?

- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.
- Әлемдік сұранысқа ие кітаптардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында түпнұсқадан қазақ тіліне аударылған «100 оқулықтың» жас ұрпақтың білімін ұштаудағы орны қандай деп білесіз?

Грамматикалық тақырып: Заттың (жақ, тарап) анықтамасы (Қазақстан жастары) 3-жақ, салыстыру құрылымдарының берілуі, іс-қимылдың мекені (елімізде, оқу орындарда).

Қазақ тілінде жақ категориясы зат есім мен етістікте болады. Соның ішінде жақ тәуелдік және жіктік жалғауларына тән. 1-жақ – сөйлейтін, айтатын тарап, 2-жақ – тыңдайтын тарап, 3-жақ – бөтен, өзге тарап. Зат есім үш жақта тәуелденіп, жіктеледі.

Жіктелуі: 1-жақ – Мен оқытушымын, 2-жақ – Сен оқытушысың, Сіз оқытушысыз, 3-жақ – Ол оқытушы. Зат есімнің адамға, оның мамандығына, бейіміне қатысты түрлері ғана жіктеледі, «Сен кереметсің», «Ол директор».

Тәуелденуі: 1-жақ – Менің университетім, 2-жақ – Сенің университетің, Сіздің университетіңіз, 3-жақ – Оның университеті. Етістік үш жақта жіктеледі: Мен жатыр+мын, сен жатыр+сың, сіз жатыр+сыз, ол жатыр.

3-жақ, салыстыру құрылымдарының берілуі, мысалы: Қазақстан жастары шетелде «Болашақ бағдарламасымен» білім алады. Елімізде демография өсіп, мектеп оқушылары көбейді. Соған орай жоғары оқу орындарында да студенттер саны артты.

2-тапсырма: Дыбыссыз берілген бейнебаянды ұсынылған сілтеме бойынша (<https://www.youtube.com/watch?v=G3w1chI6p6o>) көріп, дыбыстау (озвучение) жасаңыздар, тапсырманы орындау барысында лексикалық минимум мен грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

3-тапсырма:

Бейнебаянның мақсаты	Бейнебаянның бүгінгі күнмен үндестігі	Бейнебаянның танымдық-тағылымдық мәні	Бейнебаян туралы өз көзқарасың, пікірің

4-тапсырма: «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі» атты тақырыпта эссе жазыңыздар. Грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

5-тапсырма: «FILA» кестесі негізінде бейнебаянға проблемалық талдау жасаңыздар.

Дәлел	Авторлық идеяны	Сұрақ дайындау	Өзіндік шешім
-------	-----------------	----------------	---------------

	табу		шығару

СӨЖ тапсырмасы:

Рефлексия: Оқушылар **шеңбер** құрып тұрады да, кезекпен тақтада көрсетілген **тіркестер** бойынша **бір сөйлеммен** өз ойларын айтады:

Мен бүгін.....білдім.

Маған.....қызықты болды.

Маған.....қиын болды.

Мен бүгінтапсырманы орындадым.

Мен сабақ барысындатүсіндім.

Мен енді істей аламын.

Мен сабақ барысындамеңгердім.

Мен сабақ барысындасезіндім.

Мен сабақ барысындаүйрендім.

Мені.....таң қалдырды.

Ментырысамын.

Сабақтағы..... өмірде де қажет.

2-АПТА

Лексикалық тақырып: Білімді жастар – болашақтың тірегі. Мен жастарға сенемін.

Лексикалық минимум: жастар, айбатты, қайратты, айбынды, жалынды сөз, ар, жібек мінез, таза жүрек, алаш елі, қажымау, иман, ұран, құрбан, сену.

Лексикалық минимуммен сөйлем құрау (жұптық жұмыс)

Деректі сұрақ: Білім дегеніміз не? Оған қалай қол жеткізуге болады? Елімізде жастарға арналған қандай білім беру бағдарламалары бар?

Концептуалды сұрақ: Білімнің, білімділіктің адам өміріндегі маңызы қандай?

Пікір-таласты сұрақ: Қазіргі жастар бәсекеге қабілетті ұрпақ болып санала ма?

Критерий: В

В критерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Мәтінмен жұмыс. М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» өлеңі
<https://bilim-all.kz/olen/980>

Іштен оқу, түсіндіре оқу (Жұптағы 2 оқушы бір-біріне түсіндіріп жатқанда біраздан соң «Стоп» деп белгі беру, ары қарай екінші оқушы түсіндіреді).



Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер.
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда
Мен жастарға сенемін!
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда
Мен жастарға сенемін!

1-тапсырма

1. Өлеңнің басты идеясы қандай? Аталмыш өлеңді жазудағы автордың мақсатын түсіндіріңіздер.
2. Туындыдан қандай ақпараттар алдыңыздар?
3. Автордың көздеген аудиториясы кім? Ойларыңызды нақты детальдармен жеткізіңіздер.
4. Жастардың мықтылығын танытатын детальдарды жазып, өзіндік ой қорытыңыздар.

5. «Мен сенемін жастарға, Алаш атын аспанға, Шығарар олар бір таңда, Мен жастарға сенемін» деген ойды қалай түсінесіңдер, ой тұжырымдаңыздар.
6. Автор біздің жастар туралы не ойлап, не сезінгенімізді қалайды? Мысал келтіріңіздер.
7. Жастардың қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
8. Бүгінгі таңдағы жастар ақын сипаттауына сай келе ме? Ойларыңызды дәлелденіңдер.

Грамматикалық тақырып:-дағы/-дегі, тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы).

Қазақ тілінде -дағы/-дегі, тағы/-тегі жұрнақтары анықтауыштық мағынада қолданылады. Мысалы: бастауыштағы кітаптар, мектептегі құрбым, университеттегі курстасым, ұжымдағы әріптесім, мекемедегі бастығым десек, қай деген сұраққа жауап беріп, қай құрбым, қай әріптесім деп анықтап тұр, яғни бұл жерде аталмыш жұрнақтар құранды жұрнақ қызметін атқарып тұр.

2-тапсырма. Интервью-тест

Сұрақтар	Өлеңде қалай көрініс тапқан?	Бүгінгі замандағы көрінісі қандай?
Қазіргі жастардың бойынан қандай игі қасиеттерді көргіңіз келеді?	Қайратты, иманды, жібек мінезді, рухты	Қайратты, иманды жастар азайып, адамдардың бір-біріне деген кішіпейілдігі, қамқорлығы жойылып барады. Рухты жастар да бар, дегенмен саусақпен санарлықтай аз.
Мәтіндегі «Айбынды Алаш» сөзін қалай түсінесіңдер?		
«Желдей өтер ғұмырда»жастар қандай игі істер атқару керек?		
Ақын жастарға қандай насихат айтты?		

3-тапсырма.Өлеңнің мазмұнына жуықтатып тұжырымды әңгіме құрастырыңыздар (өлеңді қарасөз түрінде беру). Өздеріңізге ұнаған шумақты ойларыңызға, қалауларыңызға ерік бере отырып, әңгімеленіңдер. Әңгімелеріңе өлеңнен үзінді алып, тақырып қойыңыздар. Әңгімеде өлеңдегі айшықты сөздер, оралымдар болу керек. Грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

4-тапсырма.

- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі жаңашылдық туралы ой бөлісіңіздер.
- «Білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар жоғары оқу орындарында қалай жүзеге асырылуда?» атты тақырыпта диалог құрастырыңыздар.
- «Білім – адастырмас шамшырақ» атты тақырыпта эссе жазыңыздар.

5-тапсырма:

- Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, өз пікірлеріңізді жазыңыздар.
- Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты (-дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасын) пайдаланыңыздар.
- «Мағжан айтқан жастар бейнесі қандай?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар. Пікірталас барысында грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: «Болашақ» түлектерімен сұқбат

Рефлексия: «Табыс сатысы».

3-АПТА

Лексикалық тақырып: Өнертабыс және жаңашылдық. Қазіргі заман өнертабыстары.

Лексикалық минимум: өнертапқыштар, өнертабыс әлемі, өзіндік қолтаңба, із қалдыру, гидравликалық қондырғы, өңір, тума, құбыр, қапшық, көлем, өзіндік баға, қызмет көрсету, арзандау, лайық, мәңгілік күнтізбе, емдік қасиет, сүт іріткісі, электронды бесік, тербеткіш, құны.

Деректі сұрақ: Өнертабыс, өнертапқыштық дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Бүгінгі таңдағы қандай өнертабыс түрлерін білесіздер, оларға сипаттама бере аласыз ба?

Пікір-таласты сұрақ: Еліміздегі өнертабыс жетістіктері әлемдік сұраныстарға ие бола ала ма?

Критерий: С

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс

<https://massaget.kz/layfstay/bilim/zharatylystanu/16170/>

Қазақстандық өнертапқыштар өнертабыс әлеміне өзіндік қолтаңбасымен келіп, із қалдырып жатқан жайы бар. Әлменовтың

гидравликалық қондырғысы. Қостанай өңірінің тумасы Бақытжан Әлменов гидравликалық қондырғы ойлап тапты. Өз өнертабысын ол осыдан 10 жыл бұрын Женева халықаралық бюросына тіркетіп, патент алған. Қондырғы «Әлменовтың гидравликалық қондырғысы» деп аталады. Ауа компрессормен алынып, құбырмен төмен, барабанға жіберіледі. Бұл барабан ауаны жинақтайтын және сол ауаны ретімен беріп отыратын механизм. Сол жерден клапан ашылып, қапшыққа өзінің мөлшерленген көлемін беріп отырады. Бүгінде 1 килловтт электроэнергия 15 теңге тұрады. Бақытжан Әлментаевтің қондырғысын іске қосса, бұл баға 2-3 теңгеден аспайды. Энергияның өзіндік бағасы төмен болған соң өндіріс, қызмет көрсету түрлері, коммуналдық қызметтер, жалпы барлық зат арзандайды. Нан бағасы 60 теңге емес, 15-20 теңгеге дейін төмендейді. Бақытжан Әлменов өзінің өнертабысын 2017 жылы Астанада өтетін ЕХРО-ға қоюға лайық деп тапқан. Өйткені ЕХРО-ның тақырыбы – «Болашақ энергиясы».



Өнертапқыш Сайдыбай Бекболатов «Қазақтың мәңгілік күнтізбесін» ойлап тапты. Өнертапқыш Григориан күнтізбесін қате деп есептейді. Оның айтуынша, 12 емес, 13 ай бар, ал әр айда 28 күн бар. Жыл наурыз айынан басталады, ал наурыз айының өзі 1-інен емес, 0-ден басталады. Ал қосымша айды өнертапқыш шаян мен мергеннің ортасына қойған.

Емдік қасиеті бар зефир. М.Әуезов атындағы ОҚМУ технологтары Малика Әлімова мен Нина Алексеева кәдімгі зефирдің құрамына сүт іріткісі мен мейіз қосса, зефирдің емдік қасиеті артатынын айтқан.

SmartBesik. Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты Серікбол Шаймардан электронды бесік ойлап тапты. Арнайы құрылғыны бесікпен қосқандағы жалпы бағасы 50 мың теңге. Бесікті смартбесікке айналдыратын тербеткіштің құны 39 мың теңге болады. Бұл тербеткішті кез келген бесікке орнатуға болады.



1-тапсырма:

1. Мәтінде қандай ақпараттар берілген?
2. Қазақстандық өнертапқыштар қандай өнертабыстарды ойлап тапқан екен?
3. «Әлменовтың гидравликалық қондырғысын» іске қосса, адамдардың қалтасына жеңіл болар ма еді?

4. «Қазақтың мәңгілік күнтізбесін» жасаған Сайдыбай Бекболатовтың 13 ай, әр айда 28 күн бар деген ойымен келісесіздер ме? Қандай жағдайда да өз ойларыңызды нақты фактілермен дәлелдеңіздер.
5. Емдік қасиеті бар зефир өнертабысқа жата ма?
6. SmartBesik қолданысқа енсе, дәстүріміздің жаңғырып, қайта оралуына септігін тигізер ме еді?

Грамматикалық тақырып: Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік + -ма-й-ын-ша, -ме-й-ін-ше, -па-й-ын-ша, -пе-й-ін-ше, -ба-й-ын-ша, -бе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы.

а) Етістіктің шақтары өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп үш түрге бөлінеді. Өткен шақ – барды, осы шақ – бара жатырмын, келер шақ – барармын. Етістік осылайша 1,2,3-жақта, жекеше, көпше түрде жіктеледі.

ә) «Мен бар-**ма-й-ын-ша**, ол келмейді». Қазақ тілінде сөз бірнеше жұрнақты жалғануы арқылы жасала алады, мысалы, жоғарыдағы *бармайынша* деген сөздегі бар – етістік (түбір), -ма – болымсыз етістік жұрнағы, -й – көсемшенің жұрнағы (көсемше – етістіктің ерекше түрі, өйткені ол есімдерше де, етістікше де түрленеді), -ын (сөз түрлендіруші жұрнақ, табыс септігімен шатастырмау керек), -ша – сөз тудырушы жұрнақтар, яғни түбір сөзге бірнеше жұрнақтар (құранды жұрнақ) жалғану арқылы бір мағынаны білдіріп тұр әрі етістіктің шағы ретінде жіктеліп тұр.

Маржан кел-**ме-й-ін-ше**, Сабыр орнынан қозғалмады. Ол айт-**пай-ы-нша**, Дарын үнсіз тұрды. Мен осы кітапты оқып біт-**пе-й-ін-ше**, басқа нәрсемен айналыса алмаймын т.б.

2-тапсырма: бүгінгі тақырып негізінде RAFT стратегиясын қолдана отырып, өнертабыс, жаңашылдық, қазіргі заман өнертабыстары т.б. туралы өз ойларыңызды жазыңыздар. Грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

3-тапсырма: «Айналымалы бекеттер» әдісі бойынша мақаладағы мәселені, автордың идеясын анықтау.

1-бекет тапсырмасы: Мақала үзіндісі бойынша бізге не белгілі?

2-бекет тапсырмасы: Мақалада қандай мәселелер көтерілген?

3-бекет тапсырмасы: Қандай шешім ұсынасыздар?

4-тапсырма: Өнертабыстардынадам өміріндегі маңызы

Маған не белгілі? Не білемін?	Маған нені білу қажет?	Мен оны қалай шешемін? Шешу жолын ұсыну.
Мәселені қай деңгейде қараймын? Неге?		
Жергілікті	ұлттық	жаһандық

5-тапсырма: Сіз «Өнертабыстар – қоғам дамуының кепілі» атты телеарналық пікірталасқа қатысасыз. Пікірталаста қорғайтын ұстанымыңыздың сөзін жазыңыз. Жазбаңызда қажетті деректер және мысалдар келтіріп, өз пікіріңізді қорғаңыз. Тапсырма барысында грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: Телехабарларға шолу.

Рефлексия:Өз миыңыздың суретін салыңыз (сабаққа дейінгі және



кейінгі).

4-Апта

Лексикалық тақырып: Танымал тұлғалар.Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі.

Лексикалық минимум:танымал тұлға, жылқы жылы, мінез, алғыр, талантты, қуаттайды, қайсар, еңбекқор, уәдеге берік, елгезек, орақ тілді шешен, шығармашылық жыл, шегініс, жалықпау, шертпе күй, мәжіліс, ақиқат, биіктерді бағындыру, адал қызмет, табыс.

Деректі сұрақ: «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы дегеніміз не? Оның мақсаты қандай?

Концептуалды сұрақ: Аталмыш жоба жеңімпаздары, еліміздегі ең танымал есімдер туралы не білесіздер?

Пікір-таласты сұрақ:«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы еліміз үшін қаншалықты пайдалы ?

Критерий: А, С

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Бейнежазбамен жұмыс

<https://www.youtube.com/watch?v=gH4h0W8NkFM>

1-тапсырма: Бейнебаянды мұқият көріңіздер. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, мәтін түрінде комментарий жазыңыздар.

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар туынды идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады (дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.)
- Бейнебаянда айтылған танымал тұлғалардың ғибратты ғұмырлары жастарға қалай әсер етті деп ойлайсыз?
- Танымал тұлғалардың қоғам өміріндегі маңызы туралы ой қорытыңыздар.
- Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі туралы не білесіздер?
- «100 жаңа есімге» тағы кімдер лайық деп ойлайсыздар? Тасада қалып қойған тұлғалар бар ма?
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Есімшенің анықтауыштық қызметі Шектік демеуліктері.

Мысалы: айтылған ой, айтқан ұсыныс, таңдаған кәсіп. Осы сөздердің барлығына қандай сұрақ қоямыз. *Айт – етістік (түбір) + ыл (ырықсыз етіс) + ган (есімшенің жұрнағы)* жалғанып тұр, бірақ біз оған қандай деген анықтауыштың сұрағын қоямыз. Қандай ой? Айтылған ой. Яғни, есімше де етістіктің ерекше категориясы, ол да көсемше сияқты есімдерше де, етістікше де түрлене алады, яғни септеледі, жіктеледі, тәуелденеді. Есімше етістік бола тұра анықтауыш қызметін атқара алмас еді, ол есімдерше түрлене алғандықтан ғана анықтауыш бола алады, ал етістікше түрленгенде сөйлемде пысықтауыш не баяндауыш болады, жоғарыдағы мысалдарда есімше есімдерше түрленіп, есім сөздердің қызметін атқарып, анықтауыш болып тұр. Тек көсемше, есімше және тұйық етістік (–у) қана осылай түрлене алады.

Шектік (тежеу) демеуліктері: ғана, тек қана т.б. Мысалы: Тек Анар ғана бұл суретті жақсы сала алады. Тек Асан келсін.

2-тапсырма: «Тәуелсіздік жолын жалғастырар ұрпақ» атты тақырыпта пікір-сайыс өткізіңіздер. Пікір-сайыс барысында грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

3-тапсырма: «Sinkuein немесе бес жолды» өлең стратегиясы бойынша тақырып негізінде 5 жолды өлең құрастырыңыздар.

4-тапсырма: «Миға шабуыл» стратегиясы негізінде «Танымал тұлға болудың қиындықтары» атты мәселе бойынша өзіндік шешім табыңыздар.

5-тапсырма: Топтық жұмыс (студенттерді екі топқа бөлу). «Тірек сөздер» стратегиясы негізінде шағын мәтін жазыңыздар. Грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

Тірек сөздер: танымалдылық, орта, қоғам, өзіндік көзқарас, ұлт, ана тіл, Отан, саналы ғұмыр, болашақ, ұрпақ, тағылым, өнеге т.б.

СӨЖ тапсырмасы: «100 жаңа есім» жобасын қолдаймыз (пікірлесу)

Рефлексия: «Үш сауал» әдісі (Біз бүгін нені білдік? Біз нені жақсы орындадық? Тағы не білгіңіз келеді және ұсынысыңыз).

5-АПТА

Лексикалық тақырып: Бұқаралық ақпарат құралдары. БАҚ – өмір айнасы.

Лексикалық минимум: әдістемелік кітап, қаламы қарымды журналист, үн қосу, зиялы қауым, ұлтқа қызмет ету, буын (қалыптасу), тырнақалды туынды, ұлттың жоғын жоқтау, отты жырлар, қамқор болу, майдан даласы, озбырлық, зорлық-зомбылық, еркіндік, әйел бостандығы, кем көру, ұзатылу, қорлық, сынға алу, қамауға алыну, тергеу абақтысы, құтқару, ату жазасына кесілу, әйел теңдігі, жесір дауы, санасын ояту, құнды дерек, жаңа леп.

Деректі сұрақ: Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз не? Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарын атаңыздар.

Концептуалды сұрақ: Бүгінгі таңдағы БАҚ-тың қоғамдық рөлі қандай?

Пікір-таласты сұрақ: Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті ме?

Критерий: В, С

В критерийі: Жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс: «Қазақтың алғашқы журналист қыздары»

https://www.inform.kz/kz/kazaktyn-algashky-zhurnalist-kyzdary_a2933611



Қазақтың алғашқы журналист қыздарының бірі – Нәзипа Құлжанова (1887-1934) Қостанайдағы қыздар гимназиясын тәмамдады. Ол қазақ мектептеріне арнап оқулық, әдістемелік кітаптар жазды. Тек педагог, ғалым ғана емес, қаламы қарымды журналист ретінде де қоғамға үн қосты. «Қазақ», «Айқап», «Бірлік туы», «Жаңа мектеп» секілді басылымдарда Нәзипа қазақ тағдырына, оқу-ағартуға қатысты мақалаларын жариялады. 1923 жылы - «Мектептен бұрынғы тәрбие», 1927 жылы «Ана мен бала тәрбиесі» секілді әдістемелік кітаптарын дүниеге әкелді. Екіншісіне Ахмет Байтұрсынов алғысөз жазды. Нәзипа Абайды қазаққа танытқан зиялылардың бірі болатын. Жүсіпбек Аймауытов «Айқап» журналына бұл туралы: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазылуы тиіс» деп жазды. Иә, Нәзипа қазақ журналистикасына елеулі үлес қосты.

«Айқап» журналының ерекшелігі сол – қазақтың тұңғыш журналист қыздарының буынын қалыптастырды. Басылымда тырнақалды туындылары жарық көрген Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мәриям Сейдалина, Күләйім Өтегенқызы – қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы журналистер. Мәриям Сейдалина (1891-1916) жастайынан өлең шығара бастады. «Айқап» журналына ұлт жоғын жоқтаған мақалаларымен қатар, «Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ!» секілді отты жырларын жариялады. Қазақ зиялысы Сейілбек Жанайдаровқа тұрмысқа шықты. Сөйтіп, екеуі 1916 жылы Бірінші

дүниежүзілік соғысқа аттанды. Ол жақта майдандағы қазақтарға қамқор болды. Алайда Мәриям сол майдан даласында дүние салды. Невель қаласында жерленді.

Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналына озбырлықты, зорлық-зомбылықты айыптаған дүниелерін жариялады. Одан бөлек еркіндік, әйел бостандығы, өнер-білім секілді мәселелерді қозғады. «Айқапта» Сақыпжамалдың «Қазақ қыздарының аталарына», «Мұндастарыма бір-екі сөз», «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» секілді мақалалары жарияланды. Осындағы 1911 жылы жарық көрген «Қазақ қыздарының аталарына» деген мақаласында Сақыпжамал: «Шариғат бұйрығынша, ер бала мен қыз бала тең болуға тиісті. Ер баланы артық көріп тәрбие қылсын да, қыз баланы кем көріп тәрбие қылмасын деген шариғат бар ма? Қыз баланы кемге тұтыну жаһиттік белгісі емес пе?» деп жазды. Осылайша, журналист қазақ қыздарының қалың малға сатылып, сүймеген адамына еріксіз ұзатылатындығын, сөйтіп қалған өмірі қорлықта өтетіндігін сынға алды. Одан бөлек журналда «Қазақ қыздарына», «Қыз батасы» секілді өлеңдері жарияланды.

Күләйім Өтегенқызы да «Айқаптың» атын шығарды. Күләйім көркем-публицистикалық мақалаларымен көрінді. Ол да өлең жазды. Күләйімнің «Қазақ қыздарына» деген өлеңі «Айқапқа» жарияланғаннан кейін сол кездің қыз-келіншектері бостандықтарын бағалауға, білім алуға ұмтыла бастапты.

Кеңес заманының тілшілері Кеңес заманы журналистерінің бірі – Сара Есова (1903-1984). Ол да Н.Құлжановасияқты жолын мұғалімдіктен бастады. Кейіннін Сараның өмірі саясатпен біте қайнасты. 1938 жылы Сара зайыбы Ораз Исаевпен бірге қамауға алынды. Тоғыз айдай тергеу абақтысында отырды. Соңында Сараны Надежда Крупская құтқарды. Ол Сталиннің қабылдауында болып, «күйеуі үшін әйелі жауап бермейді» деп, Сараны абақтыдан алып шықты. Ал жары Ораз 1939 жылы ату жазасына кесілді.

Алма Оразбаева (1898-1948) да Шығыс әйелдерінен шыққан талантты журналист болатын. Ол да С.Есова сияқтыәйел теңдігі, жесір дауына қатысты мақалаларымен көрініп, қазақ әйелдерінің санасын оятуға тырысты. Алманың да журналистикадан кейінгі өмірі саясатқа арналды. А.Затаевич Алма жайлы: «Оразбаева менің жұмысыма барынша ықылас білдірген және маған өте құнды деректер берген бөкейлік бірінші қазақ қызы болды» деп жазды.

Шолпан Иманбаеваның (1904-1926) алғашқы дүниелері «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланды. Сондай-ақ өлеңдері «Қызыл Қазақстан», «Жас қазақ», «Әйел теңдігі», «Лениншіл жас» басылымдарында жарық көрді. Шолпан Иманбаева, Нәзипа Құлжанова, Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Сара Есовамен жақсы байланыста болды. Алайда ауырып ерте қайтыс болды. Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы санында: «Шолпан қазақтың алғашқы ақын қыздарының бірі еді. Ол кедейлердің арасынан шықты. Алайда далада жайқалған раушан гүліне айналды» деп жазған.

Қазақтың тағы бір талантты журналист қызы Ләзиза Серғазина (1908 - 1982) еді. Ол көптеген басылымдарда қызмет ете жүріп, өзінің еңбекқорлығымен көзге түсті. 1950 жылы «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты хатшысы болып бекітілді. Л.Серғазина қазақ әйелдерінің журналына жаңа леп әкелді. Өзі отбасы бақыты, бала тәрбиесі, әйел теңдігі тақырыбындағы мақалаларын жазды. Ләзиза Серғазина қазақтың белгілі ақыны Әбу Сәрсенбаевтың жары болатын.

1-тапсырма: «Айтылым, тыңдалым, оқылым» әдісі. Мәтінді оқу, мазмұнымен жұмыс.

Мәтінді жұпқа беріп абзацтарды алма-кезек оқыту. Топтағы студенттің бірі оқып болған кезде екіншісі оқығанын барынша айтып беруге тырысады. Бұл әдіс арқылы студент мұқият оқуға, тыңдауға, есте сақтауға және толықтырып айтуға машықтанады. Сондай-ақ студент түсінбесе оқып жатқан кезде тоқтатып қайта сұрауына болады.

Грамматикалық тақырып: Предикаттың күрделенген түрі. Етістік +-са (-се) да, де түрінде түрінде қолданылуы.

Предикаттық қатынас дегеніміз – бастауыш пен баяндауыштың байланысы. Мен келдім, ол отырды т.б.

Предикаттың күрделенген түрі, мысалы: – «...деп», «...екен», «...-уға болады», «...-у керек», «...деді»: ауылға келді *деп*, ауылға барған *екен*, ауылға баруға *болады*, ауылға бару *керек*.

-са, -се – шартты райдың жұрнағы. Мысалы: Ол сабаққа *бар+са да*, болмаған студенттердің қатарында белгіленіп тұр. Майгүл қанша дайындалып, сабақ *айт+са да*, «өте жақсы» деген баға ала алмады. Динара ерте *кел+се де*, ештеңеге үлгермеді. Сабақ *өт+се де*, бұл бара алмады.

2-тапсырма: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Мәтіннен қандай ақпарат алдыңыздар?
- Мәтіннің басты идеясы қандай?
- Басты идеяны жеткізуде конвенциялар қандай рөл атқарып тұр?
- Қазақтың қандай тұңғыш журналист қыздарын білесіздер?
- Олар қазақ даласындағы қандай мәселелерді көтерген?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыздар.
- Мәтін кімдерге арналған (аудиториясы кімдер)?
- Автордың мақсаты қандай?
- Автор аудиторияға үн тастай ма, әлде ақпаратты ұсына ма?
- «Айқап» журналының ерекшелігі неде?
- Бүгінгі таңдағы қандай журналист қыздарды білесіздер?
- Олар аға буын журналист қыздардың ісін қаншалықты жалғастырып жүр?
- Олардың журналистік еңбектерін салыстыра отырып, өз ойларыңызды қағазға түсіріңіздер.

3-тапсырма:Мақалаға жазылған пікірлерге ой білдіру. Оқытушы қағазға жазылған бірнеше пікірлерді топтарға таратып береді. Студенттер өздеріне ұнаған пікір туралы айтады.Тапсырма барысында грамматикалық тақырып жүзеге асу керек.

4-тапсырма:Мәтіндібірнеше абзацқа бөліп, әр абзацқа тақырып қойыңыздар. Абзацтарда берілген мәліметтерді қысқаша сипаттап, кестені толтырыңыздар.

	Тақырып	мәлімет	сипаттама
1-абзац			
2-абзац			
3-абзац			
4-абзац			
5-абзац			
6-абзац			
7-абзац			
8-абзац			

5-тапсырма:Интервью-тест

Сұрақтар	Мәтінде қалай көрініс тапқан?	Бүгінгі замандағы көрінісі қандай?
Қазіргі журналист қыздардың бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?	Тұңғыш журналист қыздар озбырлыққа төзбеді, әйелдірдің бас бостандығы мәселесін көтерді. Отбасы бақыты, бала тәрбиесі туралы жазды.	Қазіргі таңдағы журналист қыздар өжет, білімді, ізденімпаз, еңбекқор т.б.
Мәтіндегі «...өмірі саясатпен біте қайнасты»деген сөзді қалай түсінесіздер?		
«Шолпан Иманбаева далада жайқалған раушан гүліне айналды» деген сөздің мағынасын ашыңыздар.		
Тұңғыш журналист қыздар бүгінгі таңда өмір сүрсе, қандай мәселелерді көтерер еді?		

СӨЖ тапсырмасы: Баспасөз беттері сөйлейді.

Рефлексия:Чемодан –алдағы уақытта барлығы да керек ; етартқыш – алған ақпаратты қайта сүзгіден өткізем; себет –пайдасыз ақпарат.

6-АПТА

Лексикалық тақырып: Көлік және логистика.

Лексикалық минимум: жаһан елдері, геостратегиялық маңызы бар, қолайлы инфрақұрылым, транспорттық әлеует, үздік, қарқынды даму, жүк қабылдау, жаңғырту, жүк тиеу, халықаралық транспорттық компания, құрлық порты, логистикалық карта, «Нұрлы жол» бағдарламасы, 1-санат, құрылыс, қайта жаңарту, жол жөндеу, қарқынды, технологиялық процесс, басып озу.

Деректі сұрақ: Көлік қатынасы дегеніміз не? Көліктің қандай түрлері бар?

Концептуалды сұрақ: Көлік логистикасының міндеттері қандай?

Пікір-таласты сұрақ: Еліміздің көлік жүйесі әлемдік стандарттарға сай ма?

Критерий: А

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Бейнежазбамен жұмыс

<https://www.youtube.com/watch?v=e4hJtEszBCE>

1-тапсырма:

Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы А критерийіне сай бейнебаянға талдау жасау.

- Бейнебаянда не туралы айтылған ?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Еуразияның логистикалық картасындағы Қазақстанның орны қандай?
- Қазақстан логистикасының Еуропа мен Қытай сияқты ірі экономикалық алып елдердің ортасын жалғауда геостратегиялық маңызы бар ма?
- Еліміздің транспорттық әлеуетін арттыруда қандай іс-шаралар атқарылуда?
- Қазақстанның инфрақұрылымы тиімді құрылған ба?

- Қазақстанда қандай порттар бар? Олар еліміздегі логистиканың дамуында қандай рөл атқарады?
- Еліміздің өндірістік қуаттылығы, транзиттік-логистикалық әлеуеті (жеке салалар бойынша) қанша тоннаны құрайды?
- Қазақстанда қандай инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда?
- Көліктің адам өміріндегі орны туралы қорытынды жасаңыздар.

Грамматикалық тақырып: Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері. Көмекші есімдердің берілуі.

Іс-қимылдың болатын мекенін білдіретін үстеудің түрін мекен үстеу деп айтамыз. Ол қайдан, қайда, қалай қарай деген сұрақтарға жауап береді, алыс, жақын, тысқары, ілгері, жоғары, төмен т.б. сөздер арқылы жасалады. Мысалы: Асан жоғарыдан түсті. Гүлмира ауылдың төмен жағына қарай кетті т.б.

Көмекші есімдер негізгі сөздерге тіркесіп қолданылады, белгілі бір мекенге, мезгілге қатысын білдіріп, нақтылап тұрады. Көмекші есімдерге *қасында, жанында, сыртында, маңайында, айналасында, бойында* деген сөздер жатады. Мысалы: Мектептің жанында балабақша да бар. өзеннің бойында гүлдер өсіп тұр т.б.

2-тапсырма: Топтық жұмыс. Оқушылар 3 топқа бөлініп, тақырып бойынша әрқайсысы 3 сұрақ құрастырып, стикерге жазады, сосын топ болып ақылдасып, ішіндегі ең жақсы 1 сұрақты А4-ке жазып, тақтаға шығып іліп, жауап алады. Бір топ басқа топты таңдап, сұрағын соларға қойып, жауап алады. Ең жақсы сұрақ анықталады.

3-тапсырма: Лексикалық минимумды пайдаланып, «РАФТ» стратегиясы негізінде мәтін жазу. Жазылым және оқылым

Р – роль (көлік)

А – аудитория (студенттер)

Ф – форма. Шағын мәтін.

Т – тақырып. «Уақытты бағалай білейік!»

*Топ мәтін мазмұнына орай сурет те салу керек, яғни визуалды және жазбаша мәтін.

4-тапсырма: Рөлдік ойын.

Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, көлік пен логистиканың пайдасы мен зиянын ситуация (жағдаят) арқылы көрсетіңіздер.

5-тапсырма: «Болашақта көлік қандай болмақ?» атты тақырыпта эссе жазыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: Көлік қатынасы туралы баяндау.

Рефлексия: Бүгінгі сабақты оқиға (әңгіме) ретінде айтып беріңіздер. Оның басы, ортасы, соңғы бөлігі бар екендігіне көз жеткізіңіздер (ертегі, ғылыми фантастика т.б. жанрлар түрінде беруге болады).

7-АПТА

Лексикалық тақырып: Тәуелсіз елдің экономикасы.

Лексикалық минимум: тіленші, қайыр сұрау, әдетінше, есті, кемшілік, қыдыру, шүберек, ескі-құсқы, тұтыну, еріншектік, бос жүру, қиналмау, машақат, көңілге жағу, нық.

Деректі сұрақ: Экономика дегеніміз не? Ол қалай дамиды?

Концептуалды сұрақ: Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны қандай? Еліміз қандай халықаралық беделді ұйымдарға мүше болды?

Пікір-таласты сұрақ: Еліміздің пайдалы қазбалары мен табиғи ресурстарын пайдалану экономикамызды қарқынды түрде дамыта ала ма?

Критерий: В

В критерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Мәтінмен жұмыс: Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?»»

<https://bilim-all.kz/article/9591>



Ыбырай Алтынсарин "Дүние қалай етсең табылады"



Ыбырай Алтынсарин "Дүние қалай етсең табылады"



Ыбырай Алтынсарин "Дүние қалай етсең табылады"



Ыбырай Алтынсарин "Дүние қалай етсең табылады"



Ыбырай Алтынсарин "Дүние қалай етсең табылады"

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

- 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күш тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетінше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

- Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді. Сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ елден. Қала-қаланы қыдырып жүріп, кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі үлкен өндіріс орным бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі, баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, - деді де жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп, бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс сияқты көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

- Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдағы үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

- Сен Антонбысың?- дедім.

-Рас,- деді Антон,- мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңіздегі бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме жағып, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы үлкен дүкеннің иесі болдым,- деді.

1-тапсырма:Жұптық жұмыс. Әңгімені оқып шығып, мазмұнын қысқаша айтып беріңіздер.

Грамматикалық тақырып:Себеп-салдар, қарсылықты, ыңғайластық жалғаулықтар. Анықтауыштық қатынас.

Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тең дәрежеде байланыстырады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп те аталады. Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, һәм, әрі. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті. Аталмыш жалғаулықтар танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылауда қолданылады. Ал алайда, дегенмен, бірақ, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен деген жалғаулықтар қарсылықты мағынаны білдіреді.

Анықтауыштық қатынас. Мысалы: нарықтық экономика, айтылған ой, айтқан ұсыныс, таңдаған кәсіп. Осы сөздердің барлығына қандай сұрақ қоямыз. *Айт – етістік (түбір) + ыл (ырықсыз етіс) +ған (есімшенің жұрнағы)* жалғанып тұр, бірақ біз оған қандай деген анықтауыштың сұрағын қоямыз. Қандай ой? Айтылған ой. Яғни, есімше де етістіктің ерекше категориясы, ол да көсемше сияқты есімдерше де, етістікше де түрлене алады, яғни септеледі, жіктеледі, тәуелденеді. Есімше етістік бола тұра анықтауыш қызметін атқара алмас еді, ол есімдерше түрлене алғандықтан ғана анықтауыш бола алады, ал етістікше түрленгенде сөйлемде пысықтауыш не баяндауыш болады, жоғарыдағы мысалдарда есімше есімдерше түрленіп, есім сөздердің қызметін атқарып, анықтауыш болып тұр. Тек көсемше, есімше және тұйық етістік (–у) қана осылай түрлене алады.

2-тапсырма:Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы В критерийіне сай әңгімеге талдау жасау.

1. Әңгіме кім туралы? Туынды неге дәл осылай аталған?
2. Әңгіменің идеясы не, ол қандай детальдар арқылы берілген?
3. «Дүние қалай етсең табылады?» туындысын жазудағы автордың мақсаты қандай? Туындының негізгі идеясын анықтаңыз.
4. Автор Антон бейнесі арқылы қандай ой тастайды?
5. Конвенциялар (*бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері т.б.*) әңгіме идеясын жеткізуде қандай рөл атқарып тұр?
6. Әңгімедегі білімді адам мен Антон бейнесі негізінде жанашыр жандардың адам өміріндегі орны туралы қорытынды жасаңыздар.

7. Әңгімедегі оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

8. Туындыдағы кейіпкерлер мен қазіргі замандағы адамдарды салыстыра отырып, өз ойларыңызды қағазға түсіріңіздер.

9. «Дүние қалай етсең табылады?» туындысындағы және қазіргі өмірдегі отбасылық құндылықтар туралы ой өрбітіңіздер. Туындыданалған әсерлеріңізді сипаттап жазыңыздар.

3-тапсырма: Жұптық жұмыс. Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, «Себеп-салдарлар айналмасы» стратегиясы арқылы әңгімеге талдау жасаңыздар.



- Мәселенің өзектілігі
- Мәселенің туындау себебі
- Мәселенің салдары
- Мәселені көтерудегі қосымша детальдар
- Мәселеген қатысты менің жеке ойым
- Мәселені шешу жолдары

4-тапсырма: «Білу қажет» стенді

Бізге не белгілі болды? Көтерілген мәселелер	Автор ойымен келісемін / келіспеймін	Қолдайтын / қарсы дәлелдер, кемінде 3. Мәтіннен белгілей отырып көрсетіңіз	Шешім. Сіздің ұсынысыңыз

5-тапсырма: «Тікелей радиоэфир» стратегиясы

Мақсаты: Студенттерді белсенді тыңдау, көптеген талқылау дағдыларын дамытуға ықпал етуге бағытталған әдіс.

Ұйымдастыру: Бағдарламаны жүргізуші студент төрт қонақты (тілші, студент...) және аудиторияны (қалған студенттер) қарсы алады.

Жұмыс алгоритмі: бағдарлама жүргізушісі талқыланатын тақырыпты айтады. Студия қонақтарына (төрт студент) рөлдік карточка беріліп, олар сол карточкадағы рөлдерін ойнайды. Тыңдаушылар аудиториясы (аудиториядағы студенттер) баға береді, сұрақ қою үшін «қоңырау шалады», ескертпелер жасайды және т.б.

СӨЖ тапсырмасы: Экономикалық келіссөздер – тұрақтылық кепілі (БАҚ материалдарымен жұмыс).

Рефлексия: Бүгінгі оқыту формасы басқа пәндермен байланысты ма? Бүгінгі оқығандарыңызды басқа пәндерде қалай қолдана аласыз?

8-АПТА

Лексикалық тақырып: Әлем назарындағы Қазақстан. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағдарламалары мен жоспарлары.

Лексикалық минимум: бас қала, айналу, емірену, шайнап беру, өндірішек, үзілу, өгейлік, өзекке тебу, сәуле, тірек, айбын, азаттық, талпыну, жаһан, өліара, ғимарат, самала, аламан, төр, баспалау, босағадан сығалау, шаһар, мұрат, өре, өр тұлға, теңдік, елдік.

Деректі сұрақ: Стратегиялық даму бағдарламалары дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегиялары туралы не білесіздер?

Пікір-таласты сұрақ: Әлем назарындағы Қазақстан көңіліңізден шыға ма?

Критерий: С

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс. Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы

<https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/6f6/6f698cff93d8600acf316df122664b32.pdf&ln=kz>

...Ақмола кеше ғана басқа қала,
Айналды Бәйтеректі Астанаға!
Еміреніп өз анасы емізбесе,
Сәбиге шайнап берген ас бола ма?

Бақытым басымда тұр талай күткен,
Сеземін келмегенін оңайлықпен.
Үзіле жаздап еді өндіршегім,
Өзекке тепкілеген өгейліктен.
Көңілге сәуле құяр Сарай нұры,
Астана – ел тірегі, ел айбыны!...
Армысың, Азаттықтың астанасы –
Талпынған арманына еркін қала!
Жаһанның жанарында жаңа қала,
Жұлдыздай туа қалған өліарада.
Бес жылда бой көтерген ғимараттар,
Жайнап тұр шомылғандайсамалаға!...
Бәйгеге кеш қосылып армандамыз,
Күтеміз аламанды алдан нағыз.
Күні ертең ерке Есілдің жағасына,
Париж кеп орнай қалса таң қалмаңыз!...
Бұйырды өз төрлерің өздеріңе,
Баспалап босағадан сығаламай.
Салынып жатқан шаһар кең далаңа,
Сыйласын асыл мұрат әр балаңа.
Азаттық астанасы аталады,
Қазақтың астанасы сонда ғана!
Бәйтерек – Астананың төріндегі,
Өресі биіктіктің өмірдегі...
Бәйтерек – Елбасының өр тұлғасы,
Әкеліп өз қолымен Тәңір қойған!
Туыңдай қанат керген желді күнгі,
Танытты кең әлемге теңдігінді.
Тұрғанда Бәйтерегің көкке шырқап,
Ұстай біл асқақтатып Елдігінді!..

1-тапсырма: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Поэмада қандай идея айтылған?
- Туынды кімдерге арналған?
- Ақын не себепті бәйтеректі тақырып етіп алған?
- Қазақ халқының өмірінде бәйтеректің орны, маңызы қандай?
- Негізгі идея қандай қосымша детальдар арқылы берілген?
- Астананың бұрыны атауы қандай?
- Қала қашан астана болды?
- «Азаттықтың астанасы» деген сөзді қалай түсінесіздер?
- «Бәйгеге кеш қосылып армандамыз» деп автор нені айтып тұр?
- «Күтеміз аламанды алдан нағыз» деген жолда қандай ой айтылған?
- Поэмадағы «Бұйырды өз төрлерің өздеріңе, Баспалап босағадан сығаламай» деген сөз нені білдіреді?

- Ақын бәйтерек бейнесінде кімді алған?
- Туындыдағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендіруге болады? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Коммуникативтік мақсатқа негізделген монолог. Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері. Етістік + -ғанда, -генде, +қанда, -кенде қосымшалары арқылы жасалуы.

Қазақ тілінде төрт қалып етістік бар: отыр, тұр, жатыр, жүр. Олар жіктік жалғауын тікелей қабылдап, жіктеле алады: мен жатырмын. Бірақ олар тікелей септелмейді, есімшенің жұрнағын қабылдап барып септеледі, мысалы: отырғандар бас изеді. Қалып етістіктерге көмектіш етістіктер тіркеле береді: отыр еді, тұр екен т.б.

Етістік + -ғанда, -генде, +қанда, -кенде қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы: Мен жиналыста отыр+ғанда ұялы телефоным шырылдай берді. Ол үйге кір+генде алдынан баласы жүгіріп шықты. Бақытгүл тамаша жаңалықты айт+қанда апайы қуанып кетті т.б.

2-тапсырма: «Қабырғадағы рөл» әдісі. Поэмадан өзіне ұнаған үзінді мазмұны бойынша сурет салыңыздар, оны үзіндідегі және қосымша мәліметтермен толықтырыңыздар.

3-тапсырма: Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, бәйтеректің қазақ халқы өміріндегі маңызы туралы «Бейбітшілік ұялаған «Бәйтерек» атты тақырыпта эссе жазыңыздар.

№ 4 тапсырма. Поэмадан үзінді жаттап, мәнерлеп оқуға дағдыланыңыздар.

5-тапсырма: Мәтіннің мазмұнына жуықтатып тұжырымды әңгіме құрастырыңыздар (поэманы қарасөз түрінде беру). Өздеріңізге ұнаған жерлерін ойларыңызға, қалауларыңызға ерік бере отырып, әңгімелеңіздер. Әңгімелеріңізге поэмадан үзінді алып, тақырып қойыңыздар. Әңгімеде поэмадағы айшықты сөздер, оралымдар болу керек. Грамматикалық тақырып пен лексикалық минимумды пайдаланыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: БАҚ мәліметтеріне шолу жасау, баяндау.

Рефлексия: Бүгін қандай дағды туралы білдіңіз? Оны университетте қолдана алдыңыз ба?

9-АПТА

Лексикалық тақырып: Ел қауіпсіздігі. Қазақстан Қарулы Күштері.

Лексикалық минимум: әлем бойынша, саяхатшылар, алдыңғы шені, жаһандық баяндама, алдын ала мәлімет, қалыптасу, сенімді бұзу, табан тіреу

(2-орын), экономикалық сарапшылау, қолайлы, үштік, сарбаздар, қару-жарақ, арал, оңтайлы, балық және ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, біріккен ұлттар ұйымы, адам потенциалы

Деректі сұрақ: Ел қауіпсіздігі дегеніміз не? Қарулы күштер дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Қазақстанның Қарулы күштері қандай әскери құрылымдар мен мекемелерді қамтиды? Қазақстанның Қарулы күштерінің міндеттері қандай?

Пікір-таласты сұрақ: Әскери доктрина қорғаныстық сипатта бола ма?

Критерий: А, С

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Бейнебаянмен жұмыс

<https://www.youtube.com/watch?v=W7IDIQUofDE>

1-тапсырма:

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Қауіпсіздіктің адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: монолог, диалог түріндегі ақпарат. Мақсат мәнді сөйлем.

Монолог – адамның өз-өзімен сырласқандай болып сөйлесуі болса, диалог – екі адамның сөйлесуі. Қарым-қатынастың бұндай түрінде де біраз ақпараттар беріледі. Адамдардың алға қойған жоспарлары да байқалады, ол мақсат мәнді сөйлем арқылы жүзеге асады. Мысалы: Университетке оқуға түсу үшін емтихандарға тыңғылықты дайындалуым керек. Бұл қуанышты жағдайды жеткізу үшін өзім де біраз толқыдым.

2-тапсырма: Лексикалық минимумды пайдаланып, «РАФТ» стратегиясы негізінде мәтін жазу. Жазылым және оқылым

Р – роль (қауіпсіздік қызметкері)

А – аудитория (студенттер)

Ф – форма. Шағын мәтін.

Т – тақырып. «Қазақстан Қарулы күштері»

*Топ мәтін мазмұнына орай сурет те салу керек, яғни визуалды және жазбаша мәтін.

3-тапсырма: Бейнебаянның негізінде «БББ немесе маркировка кестесі» стратегиясы арқылы кестенің үш бөлігін толтырыңыздар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді

4-тапсырма: Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, «Кейіпкерге хат» стратегиясы арқылы ел қауіпсіздігін қорғап жүрген сарбаздар туралы ой бөлісіңіздер.

5-тапсырма: «Мен – елімнің қорғанымын» атты тақырыпта эссе жазыңыздар. Тапсырманы орындау барысында грамматикалық тақырыпты қолданыңыздар.

СӨЖ тапсырмасы: Ел қауіпсіздігі - ең басты мәселе (пікір алмасу)



Рефлексия: Бағдаршам

10-АПТА

Лексикалық тақырып: Адами құндылық. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Лексикалық минимум: айтыс, әндету, қаза, қайғыру, құран бағыштау, маңдайға сыймау, жас бұтақ, дидарласу, елес, түйдек-түйдек жаңғыру, жаны жай таппау, көне сурет, жаратылыс шежіресі, адамзат қауымының қалыптасуы, жан баурайтын аңыздар, өнеге, ғажайып оқиға, адамзат өресі, сүріне-қабына жүгіру, аяғын жерге тигізбеу, сықылықтау, ет бауыры елжіреу, қойнына жасыру, бауыр құшағы, мейірлену, маңдайынан иіскеу, балаша әлдилеу, бұрым, кемсендеу, жасау, ағайын-туған, жекжат-жұрағат, зер салып қарау, мұнтаздай жаңа, асыл бұйым, әшекей, ықылас, ризашылық, мерейі үстем болу.

Деректі сұрақ: Адамгершілік дегенді қалай түсінесіз? Адами құндылық дегеніміз не? Бауырмалдық және кеңпейілділік дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Адами құндылықтың адам өміріндегі рөлі қандай?

Пікір-таласты сұрақ: Қазіргі таңда адами құндылықтар бағалана ма?

Критерий: В, С

В критерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс: Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»
автобиографиялық романы (ықшамдалып алынды)

https://lenta.inform.kz/kz/ushkan-uva-otan-otbasynan-bastalady_a2914582

...Әкемайтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін. Қайран әжем

өле-өлгенше Рәзия келінінің қазасына қайғырып өтті. Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келінінің әруағына бағыштап құран оқытар еді.

Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем Рәзия,- деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын. Сөйтіп, Рәзиядан қалған немерелерінің басынан сипап, маңдайымыздан сүйетін. Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болады.

Мен өмірге келгенде Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді –

Сыңары болсын, құлыным.

...Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

- Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, - депті шешем ізетпен иіліп. Атам еміреніп мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем – құл болма,

Шыбық деп берсем – шіл болма.

Бәрінен де, шырағым,

Баяны жоқ ұл болма, - деп келініне мені қайтарып берген екен.

Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты.

...Дәл қазір менің көз алдыма да сонау сәби кездегі қызық пен қуаныштың елестері түйдек-түйдек жаңғырып, жанымды жай таптырмай отыр. Көзге ыстық көне суреттерді қайта қарағандай, соның бір-екеуін келтіре кетейін.

...Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын... Иә, әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы шынайы сезіммен азаматтық тұрғысындағы жан баурайтын аңыздарды айтқан; ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен; ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да, ең алдымен, ата-ана, ағайын-туған еді. Әрине, ол кезде мен де өзге сәбилер сияқты әжем айтқан ертегі мен аңыздардың түпкі байыбына бара

бермейтінмін, әке әңгімесінің өсиетін ұға бермейтінмін және үлкендердің талай-талай өнегесін орындай бермейтінмін... Ол кезде мені қызықтыратыны ертегі-аңыздардың ғажайып оқиғалары еді... Енді, міне, есейіп ер ағасы болғанымда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой...

...Міне Үбиан әпкем үлкен үйден шықты да, қазан басына бет алды. Мен оны көре сала борсаңдап, сүріне-қабына еркелей жүгірем. Әпкем аяғымды жерге тигізбей қағып алып, аспанға көтереді. Мен сықылықтай берем. Әпкем биікке мені бой создырып мәз болады. Сонан соң ол кенет ет бауыры елжіреп мені қамзолының омырауын ашып, қойнына жасырып алады да, жүгіре жөнеледі. Бауыр құшағы қандай ыстық еді, шіркін...

...Әпкем маған бауыр ғана емес, шешем сияқты еді. Жастайымнан көре алмай қалған ана мейірімін мен әпкемнен тапқандай болғам. Сондықтан да оны ешкімге қимайтынмын, жан біткеннен қызғанып шиыршық атушы ем. Менің ойымша, әпкем өмір бойы осылай қыз қалпында қасымнан ұзамай қамқор боп жүре беретін сияқты көрінген. Жоқ олай емес екен...әпкемнің бой жетіп, жар таңдап, ұзатылған кезі таяп келеді...

Үбиан әдеттегісіндей қайта киініп, әкеме сәлем беруге кетті.Әкем қызын мейірлене қарсы алды. Шашынан сипап, маңдайынан иіскеді. Үбиан шыдай алмай жылап жіберді де, әке құшағына жасырына берді. Кеудесіне басын қойып ұзақ жылады. Әкем өзін-өзі әзер ұстап, кереуетке отыра кетті де, қызын алдына алып теңселіп, жас балаша әлдиледі. Ортаншы әпкем Әлиманның бұрымы селтиіп, кереуеттің басынан ұстап қатып қалыпты. Оның да екі бетін жас жуып тұр. Мен әкемнің осыншама еміренгенін көрген емес едім. Әрқашанда сабырлы Үбианның босағанына да таңырқадым. Содан ба, бедірейіп тұрып қаппын. Әлиман шыдай алмаса керек. Жүгіріп кеп, жұдырығымен қойып қалды. Кемсеңдеп әрең сөйлеп тұр.

- Сен неге бедірейіп тұрсың, тасбауыр. Көзіңнен жас та шықпайды ғой...

Мен есемді жібермей, Әлиманды салып қалдым. Алайда көзімнен жас шығып кеткенін өзім де сезбей қалып едім... Әкем езу тартып күлді де, үшеуміздің де ыстық жасымызды төсіне басып, бауырына тыға берді...

...Жасау жағы біткен соң, әкем енді қызын күзде Аюбайға ұзататынын жариялай бастады.Тойға екі апта қалғанда Үбиан ағайын-туған, жегжат-жұрағаттармен танысуға аттанды. Әпкемнің қасына екі жігіт, үш келіншек ерді. Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Аулынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл. Бұдан кейін өз бетінше отау тігіп, өз түтінін түтететін кез туады. Танысқан қыз әкесінің үрім-бұтағын түгел қалдырмай аралап, қайта қауышқандай, қайта табысқандай боп аттанады.Аттанар алдында әжем ауылдың қыз-келіншектерін, бар әйелдерді шақырып, қыз жасауын қызықтауға шақырды. Жасау жияр отау ауыл шетіндегі көк шалғын алаңда тігілді. Жасау-жабдық түгелденіп болған соң, әпкемді ертіп келді.Әпкем босағадан бірінші аттады. Қалғандары соңынан

еріп, ішке енген соң әпкемді құшақтап, игі тілектерін білдірді. Байқасам, әпкем жылап тұр екен. Бұл елден кетерін сезген қыздың қимас көңілінен шыққан жас па, әлде ағайынның ықыласына деген ризашылық жасы ма, ол жағын аңғара алған жоқ едім... Сәлден соң әйелдер үйге үлкен екі сандық алып кірді. Іші толған асыл бұйымдар мен қымбат киімдер екен. Төрдің бір бұрышына апарып сол көйлектерді шығарып ілді. Іргеге әшекейлі ағаш төсек құрылды. Оған мамық салынып, үстін майда жібекпен көмкерді. Жерге киіз, кілем төселді. Енді зер салып қараған кісіге бұл отаудың мұнтаздай жаңа, мол жиһазды үй екенін бірден білер еді. Жаңа отауда алғаш рет мол дастарқан жайылып, көл-көсір шай ішілді. Шай үстінде жасаудың кем-кетігі жайлы келелі әңгіме де қозғалды. Енді немен толтыру керек екені сөз болды. Сонан соң жеңгейлер Үбианға түрлі бұйымдар қоса бастады. «Жақсы көретін қайын сіңлім едің, бикеш. Көзімдей көріп жүрерсің», - деп әрқайсысы кесетабақ, білезік-сақина, алқа-моншақтар сыйласты. «Құдайға шүкір, бикешжан. Мұндай жасауға әркімнің қолы жете бермейді. Әжем мен қайынағаға ризамыз. Бүтіндей бір үйдің ине-жібіне дейін түгендеп, іргеңді берік қондырғалы отыр. Мұндай жасаумен барған жерінде де мерейің үстем болады». Осылайша шын тілектерін, адал көңілдерін білдіріп әйелдер тараса бастады...

1-тапсырма:

- Туынды неге «Ұшқан ұя» деп аталған? Автор аталмыш шығарма арқылы қандай идеяны жеткізгісі келеді?
- Туындыдан қандай ақпараттар алдыңыздар?
- Авторлық идеяны жеткізуде қандай детальдар қолданылған?
- Шығарма кімдерге арналған?
- Конвенциялар (*бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Бүгінгі қоғамдағы әже мен әпкенің орнын айқындаңыздар, роман кейіпкерлерімен салыстырыңыздар. Пікірлеріңізге дәлел келтіріңіздер.
- Романдағы Әже мен Үбианның іс-әрекеттеріне баға беріп, кейіпкерлер бейнесіне қатысты сұрақтар құрастырыңыздар.
- Бас кейіпкердің «Бауыр құшағы қандай ыстық еді, шіркін!» деп Үбианға қатысты айтқан пікіріне өзіндік көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Қамқорлық, татулық, бірлік сияқты адами құндылықтар туралы пікір алмасыңыздар.
- Сіздің ойыңызша, қандай құндылықтар әлемді өзгерте алады?
- Адамның жасына байланысты құндылықтар өзгере ме?
- Адами құндылықтарға нелерді жатқызасыздар? Материалдық құндылықтарға нелер жатады?
- Туындыдағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендіруге болады? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Етістік + а (-е, -й) алу + модаль етістіктер, шақ, жақ формалары арқылы жасалуы.

Етістік + а (-е, -й) алу + модаль етістіктер, шақ, жақ формалары арқылы да жасалады. Мысалы: *айт+а алу керекпін* десек, айт деген етістік (түбір)+а – көсемшенің жұрнағы + алу + керек деген модаль етістік + пін деген жіктік жалғауының 1-жағы және т.б.

2-тапсырма: Өз бойыңыздағы 3 құндылықты атаңыздар. Туындыда суреттелген адамгершілік құндылықтарды бойына жинақтаған қазіргі заманның кемел адамын сипаттап мәтін құрастырыңыздар. Тапсырманы орындау барысында лексикалық минимум мен грамматикалық тақырыпты пайдаланыңыздар.


3-тапсырма:Интервью – тест.

Сұрақтар	Шығармада қалай көрініс тапқан?	Бүгінгі замандағы көрінісі қандай?
Қазіргі адамдардың бойынан қандай игі қасиеттерді көргілеріңіз келеді?	Бауырмалдылық, мейірімділік, имандылық, кішіпейілділік (бұл қасиеттер кімдердің бойынан қалай көрінеді?)	Иманды жандар азайып, адамдардың бір-біріне деген кішіпейілдігі, қамқорлығы, бауырмалдығы жойылып барады.
Дүниеқоңыздық, сараңдық т.б.-лар адамға қажет қасиеттер ме?		
Адамдар өз өмірлерінде қандай игі істер атқару керек?		
Шығармадағы кейіпкерлер бойынан қандай ізгі, адами қасиеттерді байқадыңыздар?		
Шығармадан қандай ой түйіндеуге болады?		

4-тапсырма: Шығармада қолданыс тапқан төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер, оларды автордың қолдану себебін дәлелдеп, осы сөздерді қолданып сөйлем құрастырыңыздар.

Сөздер	Мән-мағынасы қандай?	Шығармадағы орны	Сөйлем
Маңдайға сыймау			
Қазасына қайғыру			
Тасбауыр			
Бата беру			
Отау			
Жасау			
Сандық			

5-тапсырма: Үбианның бойындағы адамгершілік қасиеттерді саралап ассоциограмманы толтырыңыздар.



➤ Кестеге кейіпкерлерге тән адамгершілік қасиеттерді жазыңыздар.

Кейіпкер	қасиеті
Үбиан	
Әжесі	
Әкесі	

➤ «Б.Момышұлы – халық қаһарманы, бүгінгі бейбіт заманның батырлары кімдер?» тақырыбында пікір-сайыс өткізіңіздер.

➤ Лексикалық минимум мен грамматикалық тақырыпты пайдаланып, Әже мен Үбиан бейнесінен алған әсерлеріңізді жеткізіп, олардың біреуіне хат жазыңыздар (өлең арнауға да болады).

➤ «Ел тану» деген... Төменде берілген сызбаны толтырыңыздар.

Жеті ата	Менің жеті атам
Ата	
Әке	
Бала	
Немере	
Шөбере	
Шөпшек	
Немене	

СӨЖ тапсырмасы: Кең пейілді қазақ халқының жер аударылып келген ұлттарға деген бауырмалдылығы туралы бейнебаян дайындау.

Рефлексия: Сабақтағы менің 3 сәтті тұсым.

11-АПТА

Лексикалық тақырып: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.
Демография – ұлт тағдыры.

Лексикалық минимум: демографиялық жарылыс/демографиялық дүмпу/ демографиялық өсім, әлемдік мәселе, асып түсті (халық саны), қазіргі дәуір, жұмыр басты пенде, өсім мөлшері, халық санының өсімі, екі есе көбею, алаңдату, жылдам өсу, дамушы ел, саяси және экономикалық жағдай, ықпал ету, аймақтық және жаһандық мәселе, табиғи ресурс, ауыз су тапшылығы, азық-түлік жетіспеушілігі, табиғи ресурс, энергия, қуат көздері, экологиялық тепе-теңдік, бәсеке, күрделі мәселе, жаңа көзқарас, жаһандық іс-шара, жаңа технологиялар, жоғары технология, игеру, игілік, кедейлік, аштық, кері үрдіс, өлім мен туудың арасындағы айырмашылық, даму коэффициенті, халық саны, ұлғайту, демографиялық қауіпсіздік, адамзаттың дамуы, ықпал ету, адам санының күрт артуы, салмақ салу, уақыт көрсетеді.

Деректі сұрақ: Демография дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Қазақстан халқының демографиялық жағдайы қандай? Халық санының динамикасы қандай?

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы не білесіз?

Пікір-таласты сұрақ: Халық үшін демографиялық саясат маңызды ма?

Критерий: А

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну арқылы оқыту:

ii. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Бейнебаянмен жұмыс

https://www.youtube.com/watch?v=P5_1CoZ8IK0

(00.34-03.03, 18.47-23.20 минуттар)

1-тапсырма: Бейнебаянды көріп, берілген сұрақтарға жауап беріңіздер. А критерийіне сай бейнебаянға талдау жасау.

➤ Бейнебаянда не туралы айтылған?

➤ Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?

➤ Демографиялық өсім әлемдік мәселе ме?

➤ Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.

➤ Адам санының артуы табиғи ресурстар, ауыз су тапшылығы, азық-түліктің жетіспеушілігі, табиғи ресурстары мен энергия, қуат көздерінің тапшылығына әкеліп соға ма?

- Еліміздің демографиялық қауіпсіздігін қалай арттыруға болады?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Демографияның адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Сан-мөлшеркатегориясының қолданысы. Жинақтық сан есімдер, топтау сан есімдері, болжалдық сан есімдері.

Жинақтық сан есімдер заттардың жинақталған санын білдіреді және нешеу деген сұраққа жауап береді. Олар бірден бастап, жеті санына дейінгі есептік сан есімдерге -ау, -еу жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.

Топтау сан есімдері заттардың санын топтап көрсетіп, нешеден, қаншадан деген сұрақтарға жауап береді. Топтау сан есімдер дара және қосарланған сан есімдерге шығыс септігінің жалғауы жалғану арқылы беріледі. Мысалы: үш-үштен, жиырма-жиырмадан т.б.

Болжалдық сан есімдер заттардың санын дәл білдірмейді, мөлшермен айтылады. Мысалы: қырық шақты, елуге жуық т.б.

2-тапсырма: Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, «Қар кесегі» стратегиясын қолданып, адам мінезіне қатысты өз тұжырымдарыңызды ұсыныңыздар. (Бір студент тақырып бойынша өз тұжырымын айтады. Келесі студент оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын қосады. Үшінші оқушы алдыңғы екеуінің айтқанын қайталап, өз ойын қосады. Сөйтіп жалғаса береді. Осылайша белгілі бір тұжырым қалыптасады).

3-тапсырма: «Сұрақтар қобдишасы» стратегиясын жүзеге асырыңыздар. (Ортаға қобдиша қойылады, студенттер тақырыпқа қатысты, яғни «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша және демография, оның ұлт тағдырына әсері туралы сұрақтар құрастырып, қобдишаға салып, кезекпе-кезек алып, жауап береді. Сұрақтарды оқытушы алдын ала дайындап, қобдишаға салып қойса да болады).

4-тапсырма: «Тізбектер» стратегиясы. Студенттердің бірі тақырып бойынша бір сөз айтады (не сұрақ қояды), екінші студент оның мағынасын түсіндіреді (не екенін айтады), келесісі сұрақ, сосын жауап деп жалғаса береді.

5-тапсырма: «Бір сөйлеммен түйіндеу» стратегиясы. Студенттер дәптерлеріне тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден

тұруы мүмкін. Жазғаннан кейін сөйлемдерді дауыстап оқиды, топтағы студенттер бағалай алады немесе көшіріп жазуға болады.

СӨЖ тапсырмасы: Қазақстанның демографиялық жағдайына статистикалық шолу.

Рефлексия: 5-5-1 (Бүгінгі сабақты 5 сөйлеммен қорытындылаңыздар. Оны 5 сөзге дейін қысқартыңыздар. Енді 1 сөзбен айтыңыздар).

12-АПТА

Лексикалық тақырып: Өркениет және жаңа әліпби. Латын әліпбиі – өркениет жолы.

Лексикалық минимум: тамыры терең, тұғырлы тіл, түлеу, заман талабы, талқыға түсу, әлеммен бірлесу, жетік игеру, тамырына қан жүгіру, ата-баба аманаты, саф таза, ұлы бастама, бірыңғай стандарт, тіл майталмандары, сарапшылар, жалпы бұқара, саралау, ғылыми принцип, дыбыстық жүйе, әліпби жасау, рухани болмыс, қоғамдық ой-сана, төрткүл дүние, тарыдай шашылу, түркі әлемі, ықпалдасу, ерекшелік, халықаралық арена, заманауи жетістік, мәдени тұтастық, ақпарат алу, икемдеу, біріктіру.

Деректі сұрақ: Өркениет дегеніміз не?

Концептуалды сұрақ: Қазақ жазуының тарихы туралы не білесіздер?

Пікір-таласты сұрақ: Латын әліпбиіне көшу еліміз үшін қаншалықты маңызды?

Критерий: В

В критерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. Ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

Мәтінмен жұмыс

<https://egemen.kz/article/158865-latyn-alipbii-%E2%80%93-orkeniet-dgoly>



Бүгінгі күн тәртібіне қойылған ең өзекті мәселенің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. Тарихи тамыры терең тұғырлы тілімізді түлетіп, санамызды сілкінткен, заманның өзі талап еткен бұл бастама көпшіліктің қызу талқысына түсті. Елбасымыз өз Жолдауында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, жас ұрпақтың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап айтқан болатын. Туған тіліміздің тамырына қан жүгіртіп, бабалардың аманат еткен тілін ұрпағына саф таза қалпында жеткізуге бастайтын ұлы бастаманы халқымыз сарыла күткен еді. Ел ішінде латын әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселесі бойынша түрлі іс-шаралар өткізілді. Зиялы қауым өкілдерінің, тіл майталмандарының, тарихшылардың, ғалымдардың, сарапшылардың, жалпы бұқараның ой-пікірлері ортаға салынды. Латын әліпбиінің түрлі нұсқалары сараланды, әліпбиді жасау барысында қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің сақталуы, сонымен қатар ғылыми принциптер негізге алынды.

Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. Себебі латын қарпі – ғылым мен техниканың, интернет пен IT-технологиялардың тілі. Латын әліпбиі рухани болмысымызды байытып, қоғамдық ой-санамызды жаңғыртады. Бұл әліпби қазақстандықтар үшін ғана емес, сонымен қатар төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызға да ортақ әліпби болмақ. Латын әліпбиі – түркі әлемімен ықпалдасудың төте жолы. Өз ерекшеліктерімізді сақтай отырып әліпбиді өзгерту тіліміздің халықаралық аренаға шығуына және ғылыми-техникалық прогрестің заманауи жетістіктеріне жол ашады, әлемдік мәдени тұтастықты нығайтып, коммуникациялық үдерістерге одан әрі интеграциялануға мүмкіндік туғызады. Ақпарат алу мүмкіндіктері кеңейіп, шет тілдерден енген сөздер ұлттық ерекшеліктерімізге қарай икемделетінін, көп ұлтты халқымыздың бірлігін одан әрі бекемдеп, бүкіл түркі әлемін біріктіруге күш салатынын да атап айту керек.

1-тапсырма: INSERT немесе түртіп алу стратегиясы – түртіп алу әдісі.

Студенттер қолдарына қарындаш алып, «v» - білемін, «+» -білмеймін, «-» - мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» - мені таң қалдырды деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. студенттер білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндермен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.

V	+	-	?

Грамматикалық тақырып:Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесі. Ғылыми термин және жаңа сөздер. Латын әліпбиі негізіндегі терминдердің қолданысы. Салалық терминдер. Ресми-іскери стиль.

Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесінде тірек ұғымдар, дауыты дыбыс әріптерінің емлесі, дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі, түбір сөздер емлесі, қосымшалардың жалғануы, бөлек жазылатын сөздер емлесі, бірге жазылатын сөздер емлесі, дефиспен жазылатын сөздер емлесі, бас әріп емлесі, жалқы есімдер емлесі, күрделі атаулар емлесі, қысқарған сөздер емлесі, шеттілдік сөздер емлесі сияқты мәселелер қарастырылған.

Термин дегеніміз – ғылым мен техника, өнер т.б.-лардың атауы болып келетін сөздер. Ғылым мен техника салаларының дамуына байланысты түрлі жаңа сөздер туындайды, ғылыми тіл қалыптасады.

Тілдердің терминологиясын белгілі бір сала бойынша терминдер қалыптастырады. Яғни кез келген ғылым саласын игеру үшін осы салаға қатысты терминдер түзіледі. Терминдер белгілі бір ғылым саласының ұғымдар жиынтығына орай пайда болады. Мысалы, қазіргі таңда латын әліпбиіне қатысты көптеген терминдер пайда болды: умлаут, бревис, седиль, диакритикалық акут, апостроф, диграф т.б.

Ал ресми-іскери стиль басқа стиль түрлеріне қарағанда ерте пайда болған. Өйткені – олар мемлекеттің басты салаларында (ішкі-сыртқы қарым-қатынас, сауда-саттық т.б.) қолданылды.

Ресми-іскери стиль – қоғамдық-әкімшілік, құқықтық салаларда қолданылатын стиль түрі. Олар стандартты мазмұнға құрылады, түрлі қысқартулар қолданылады.

2-тапсырма:

- Мәтін не туралы?
- Қандай ақпараттар берілген?
- Мәтіндегі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыз.
- Мәтін кімдерге арналған?
- Латын әліпбиіне байланысты бірыңғай стандартты енгізу мәселесі бойынша елімізде қандай іс-шаралар өткізілуде?

- Әліпби жасау барысында қандай ғылыми принциптер негізге алынды?
- Латын әліпбиіне көшу мәселесі түркі әлемімен байланысты нығайта отырып, тағы қандай мүмкіндіктерге жол ашады?

3-тапсырма: «Ыстық орындық» стратегиясы. Тақтаға бір оқушы шақырылып, студенттер тақырыпқа қатысты (латын әліпбиіне) сұрақтарын қойып, жауаптар алынады. «Ыстық орындыққа» оқытушыға да отыруға болады.

4-тапсырма: Топтық жұмыс. «Тұжырымдамалық карта» (постер) жасау. Студенттерге өтіліп жатқан тақырып негізінде, яғни латын графикасы бойынша постер жасау тапсырылады. Карта тақырыпты ашатындай болу керек. Оған сурет, кесте, ойдың түйіні, график т.б. салуға, дайын материалды жапсыруға болады. Тұжырымдамалық картаны жасамастан бұрын студенттер оның қалай бағаланатыны туралы критерийлер құрастырып алып, топтар бірінің жұмысын бірі бағалайды. Ойды түйіндеп жазу барысында грамматикалық тақырыпты қолдану қажет.

5-тапсырма: Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, латын әліпбиіне көшу туралы өз пікірлеріңізді жазыңыздар. «Қалам тастау» әдісі бойынша пікірлерін оқыту. Студенттер ортаға қаламдарын қояды. Оқытушы қаламдардың ішінен бірін таңдайды, сол студент жазған пікірін оқиды.

СӨЖ тапсырмасы: Мәтінмен жұмыс.

Рефлексия: Екі жұлдыз, бір тілек.

13-АПТА

Лексикалық тақырып: Тілдік кәсіби бағдар. Кәсіби тіл ерекшелігі.

Лексикалық минимум: кәсіби бағдарлы тіл, ауызекі сөйлеу тілі, күнделікті тұрмыс, сөз тіркестері, синтаксистік оралымдар, ағза, тоқ ішек, нақтама, науқас, зертханалық тексеру, медициналық құрал-жабдық, айтылу ерекшеліктері, жүрек-қан тамырлар жүйесі, асқорыту ағзаларының аурулары, тіл үйренуші, жүрек шаншу, жүрек қағу, жүрек айну, тіл ерекшелігі.

Деректі сұрақ: Тілдік кәсіби бағдар дегеніміз не? Кәсіби тіл ерекшелігі дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Болашақ маманның тілдік құзіреттілігін қалай қалыптастыруға болады?

Пікір-таласты сұрақ: Кәсіби тілде тек мамандар сөйлесе жеткілікті ме?

Критерий: С

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс

<https://articlekz.com/kk/article/17210>

Кәсіби бағдарлы тіл дегеніміз де айналып келгенде ауызекі сөйлеу тілінің бір саласы. Мәселен, дәрігер мен науқас арасындағы диалогта да күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер айтылады. Айырмашылығы – медицинаға қатысты терминдер, сөз тіркестері, синтаксистік оралымдар болуы мүмкін. Медициналық терминдер, дене мүшелерінің атауына келетін болсақ, науқас та, дәрігер де сөйлесу барысында көзге көрінетін немесе кез келген қарапайым адам білетін мүшелер мен ағзалар туралы ғана айтуы мүмкін. Ішкі мүшелері ауыратын адамның «өтім ауырады», «бауырым ауырады» немесе «тоқ ішегім ауырады» деп айтуы мүмкін емес. Науқас «мына жерім ауырады» деп қолымен көрсетуі мүмкін. Дәрігер «қалай ауырады?», «қайтіп ауырады?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы оған нақтама (диагноз) қояды. Әрине, ары қарай науқастың қанын, зәрін зертханалық тексеруден өткізу арқылы, сондай-ақ әртүрлі медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен дәрігер өзі қойған нақтамасының дұрыс немесе дұрыс еместігіне көз жеткізеді. Науқасты қай бағытта тексеру керек екендігін анықтау үшін, алдымен, онымен сөйлесудің маңыздылығы осында. Кез келген адам өзінің жай-күйін ана тілінде оңай әрі нақты жеткізеді, сондықтан медициналық білімді орыс тілінде алған студент қазақ тіліндегі ауру атауларын, олардың белгілерінің қазақ тілінде айтылу ерекшеліктерін білуі тиіс.

Кәсіби бағдарлы тілді оқыту барысында кәсіпке қатысты мәтіндерді пайдалануға тура келеді. Мысалы, медициналық оқу орындарында «Жүрек-қан тамырлар жүйесі» немесе «Асқорыту ағзаларының аурулары» деген сияқты тақырыптар болуы мүмкін. Тіл мамандарына медицина ғылымының ерекшелігін білудің қажеті де жоқ. Тіл мамандары осы сала мамандарының еңбектерін пайдаланып мәтін құрастыру арқылы тіл үйренушіге қазақ тіліне тән сөз тіркестерін, синтаксистік оралымдарды үйретеді. Мысалы, жүрегі ауыратын қазақтілді науқас «жүрегім шаншиды», «жүрегім қағып кетеді» дейді. Ал тіл үйренуші «жүректің қағуы мен шаншуының» айырмашылығын түсінуі керек.

Аурудың белгілері адамзат баласына ортақ болғанымен, оны сипаттап беру әр тілде әрқилы болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі «жүрегі айну», «жүрегі сазу» сөз тіркестері жүректің ауруын білдірмейді, ас қорыту

ағзасының ауруын, дәлірек айтқанда, асқазанның ауруын білдіреді. Қазақ тілінің осындай ерекшелігін тіл үйренуші ескеру керек.

1-тапсырма:

- Мәтінде қандай ақпараттар берілген?
- Мәтіндегі негізгі ойды ашатын тірек сөздерді анықтаңыздар.
- Мәтін кімдерге арналған (аудиториясы кімдер)?
- Автордың мақсаты қандай?
- Кәсіби бағдарлы тілді оқыту барысында қандай мәтіндер қолданылады?
- Тіл мамандарына белгілі бір мамандық бойынша тіл үйренушілермен жұмыс істеу үшін әр бір ғылым туралы жетік білу керек пе?
- Тіл үйрену барысында оның қандай ерекшеліктері ескерілуі керек?

Грамматикалық тақырып: Мамандыққа қатысты тілдік ерекшеліктер. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары.

Әр мамандыққа қатысты өзіндік тілдік ерекшеліктер болады. Мысалы, филология саласының өзі тіл мен әдебиетке бөлінеді. Тілге қатысты терминдерді әдебиетке қолдануға келмейді. Сол сияқты техникалық мамандық пен гуманитарлық бағыттағы мамандықтардың өзіндік ерекшеліктері болады.

Белгілі бір ойды жеткізуде дәнекерлеуші тілдік құралдар қолданылады: *сонымен байланысты, соған қарамастан, бірақ, дегенмен, соның нәтижесінде.* Мысалы: Тіл мен әдебиет тығыз байланысты, дегенмен өзіндік айырмашылықтары болады. Студенттер емтиханға тыңғылықты дайындалды, соның нәтижесінде топтық оқу үлгерімі мен білім сапасы өте жоғары болды.

Мен ...етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы тіркесінің 3-жақта түрленіп қолданылуы: Мен баруға тиістімін, мен жұмысқа орналасуға тиістімін т.б.

2-тапсырма: «1 минуттағы ой» стратегиясы. Оқытушы сабақтың тақырыбына қатысты бір сөз айтады. Студенттер осы сөзді естігенде ойларына не түсті, соны 1 минуттың ішінде жазады. Сосын ол сөзді не үшін жазғанын түсіндіреді. Егер оқушылар сөздердің ішінде ерекше сөздер болса, сол сөзді не үшін жазды, бүгінгі тақырыпқа (не айтылған ойға) қандай қатысы бар, соны айтып беру керек.

3-тапсырма: Эссе жанрына тән негізгі ерекшеліктерді сақтай отырып, грамматикалық тақырып пен лексикалық минимумды қолданып, «Мен – кәсіби маманмын» тақырыбында эссе жазыңыздар.

4-тапсырма. «Маман» сөзіне синквейн (бес жолды өлең) жазыңыз.

1 зат есім. Не? _____

2 сын есім. Қандай? _____

3 етістік. Не істейді? _____

1 сөйлем. Нені білдіреді? _____

1 зат есім. Синоним _____

5-тапсырма: Топтық жұмыс. «Бумеранг» әдісі. Әр топ мүшелері тақырып бойынша сұрақтар құрастырады. Сұрақтарын келесі топқа береді. Олар сол сұрақтарға жауап береді. Студенттердің барлығы да қатысады. Тақырыптың ішінде қалып қалған жерлері болса, оқытушы әр топқа өзі сұрақ қоюға болады.

СӨЖ тапсырмасы: Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс туралы мәлімет жинау.

Рефлексия: Сабақтағы менің 3 сәтті тұсым.

14-АПТА

Лексикалық тақырып: Кәсіби тілдің термин жүйесі. Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдер.

Лексикалық минимум: термин сөздер, жүйеленген сөздер тобы, ғылым мен техника саласы, бейнелілік пен реңктік құбылыс, ұлттық сипат, халықтың төл тарихы, салт-дәстүр, ырым-жоралғы, меншіктелу, қызмет атқару, бір тілдің шеңбері, шарт, сөздің мағынасы, қосымша және ауыспалы мағына, тар аясы, дерексіз ұғымдар, әдеби тіл, лингвистикалық терминдер, әдеби-өнер терминдері, мәлімет.

Деректі сұрақ: Кәсіби тілдің термин жүйесі дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Кәсіби-бағдарлы терминдерді өмірде қаншалықты қолданасыздар?

Пікір-таласты сұрақ: Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдерді өмірде қолданану міндетті ме?

Критерий: А, С

А критерийі: ауызша және визуалды мәтіндерді түсіну

- i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;
- ii. конвенцияларды түсіндіру;
- iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;

II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;

III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Бейнебаянмен жұмыс: <https://www.youtube.com/watch?v=d9-bCuBxSeE>

1-тапсырма:

Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы А, С критерийіне сай бейнебаянға талдау жасау.

- Бейнебаянда не туралы айтылған?
- Бейнебаяндағы негізгі деректерді анықтаңыздар.
- Бейнебаянның идеясы не, ол қандай детальдар арқылы жеткізілген?
- Конвенциялар (*дауыс ырғағы, екпін, бейнелі сөздер, тұрақты сөз тіркестері, түр-түс, әуен т.б.*) бейнебаян идеясын жеткізуде қандай рөл атқарады?
- Кәсіби тілдің адам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасаңыздар.
- Бейнебаяндағы оқиғаларды өмірмен қалай сәйкестендірер едіңіздер? Ойларыңызға дәлелдер келтіріңіздер.

Грамматикалық тақырып: Қазақ тіліндегі термин сөздер. Әлеуметтік және кәсіби салаларда қолданылатын сөздер. Тұрақты тілдік оралымдардың берілуі.

Термин дегеніміз – ғылым мен техника, өнер т.б.-лардың атауы болып келетін сөздер. Ғылым мен техника салаларының дамуына байланысты түрлі жаңа сөздер туындайды, ғылыми тіл қалыптасады.

Тілдердің терминологиясын белгілі бір сала бойынша терминдер қалыптастырады. Яғни кез келген ғылым саласын игеру үшін осы салаға қатысты терминдер түзіледі.

Әлеуметтік және кәсіби салаларда қолданылатын сөздер ретінде *тұлға, азамат, заң, шетелдік, нарық, келіссөз, жол қатынасы* сияқты сөздерді айтуға болады.

Гуманитарлық салаларды, оның ішінде филологияда қолданылатын сөздер: әдебиеттану, фольклортану, қазіргі қазақ тілі, әдебиет тарихы, көркемдік-бейнелеуіш құралдар т.б.

2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолданып, «Кәсіби тіл» тақырыбында мәтін құрастырыңыздар.

3-тапсырма. Қазіргі қоғамымызда кәсібилікке қатысты кездесетін келеңсіз мәселелерді анықтап, кестеде оны жоюдың жолдарын ұсыныңыздар.

мәселе	жоюдың жолдары

4-тапсырма: «Жасырын сөз» стратегиясы. Студенттер тақырып бойынша сөз жасырады. Оны сипаттайды, сол сипаттама арқылы басқа студенттер жасырылған сөзді табады. Сипаттауда қимыл арқылы да көрсетуді ұсынуға болады.

5-тапсырма: Топтық жұмыс. Әр топ бүгінгі тақырып бойынша түйін сөздер құрастырып, бір-біріне ұсынады. Олар топ болып ақылдасып, сол сөздердің анықтамасын, мағынасын ашып, келесі топқа түсіндіреді.

СӨЖ тапсырмасы: Тілдік норма қолданысын сипаттау.

Рефлексия: «Плюс-минус-қызықты».

15-АПТА

Лексикалық тақырып: Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі.

Лексикалық минимум: әдістеме, құрылымдық грамматика, қызығушылық, арттыру, оқыту, тиімді, әлемдік тәжірибе, анықтау, меңгеру, ғылыми әдебиеттер, ғылыми-көпшілік қоғамдық сипаттағы газет, дағды, тұрмыстық, саяси-қоғамдық, кәсіптік, ғылыми-әдістемелік, оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім, сауатты жазу, кәсіби тілдесім, тілдік қолданыстар, ресми, бейресми.

Деректі сұрақ: Кәсіби мәтін дегеніміз не? Грамматикалық-стильдік ерекшелік дегенді қалай түсінесіздер?

Концептуалды сұрақ: Жарыссөзге шығу қаншалықты пайдалы?

Пікір-таласты сұрақ: Белгілі бір тілді грамматикасыз үйренуге бола ма?

Критерий: В, С

В критерийі: жазбаша және визуалды мәтіндерді түсіну

i. ақпарат, басты идеялар мен қосымша детальдардан мағына құрау және қорытынды жасау;

ii. конвенцияларды түсіндіру;

iii. ауызша және визуалды мәтіндердегі идея, пікір мен көзқарастарды анықтау арқылы жеке тәжірибелері мен пікірлеріне негізделген жауап беру.

С критерийі: Ауызша және жазбаша түрде тілді қолдану

- I. Сөздік қор, грамматикалық құрылымдар мен ережелердің жиынтығын қолдану арқылы жазу және сөйлеу, сөйлеу барысында анық интонация мен айтылу ережесін қолдану;
- II. Мәтінді қисынды құрастыру үшін ақпарат пен идеяларды ұйымдастыру, байланыстырушы сөз орамдарының жиынтығын қолдану;
- III. Мәнмәтінге сәйкес тілді қолдану.

Мәтінмен жұмыс

<https://melimde.com/kesibi-til-jene-oni-oitudi-innovaciyali-tesilderi.html>

Қазіргі тілді оқыту әдістемесінде құрылымдық грамматикамен қатар, өзге де үйренушінің қызығушылығын арттыратын тәсілдердің қолданылып жүргендігі белгілі. Расында да тілді үйрету тілдің грамматикалық құрылымын түсіндірумен шектелмейді. Әсіресе, ауызекі сөйлеу тіліне үйретуде сөйлеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін, олардың қолданысын үлгі ретінде бере отырып оқытудың тиімді екендігі тілді оқытудың әлемдік тәжірибесінде белгілі болып отыр. Сондықтан қазақ тілін оқытуда осы сияқты тәсілдерді анықтап, оларды оқу барысында пайдаланудың қажеті бар. Қазақ тілін меңгерту барысында тек мамандық бойынша ғылыми әдебиеттерді, ғылыми-көпшілік қоғамдық сипаттағы газет, журнал беттеріндегі мақалаларды оқи алу дағдысын қалыптастырып, жетілдіру емес, сонымен қатар тұрмыстық, саяси-қоғамдық және кәсіптік тақырыптар бойынша сұхбаттарға қатыса алу дағдысын қалыптастыру да бүгінгі алға қойған міндеттердің бірі. Студент өз ойын дұрыс жеткізе білуі керек. Бұл ғылыми-әдістемелік еңбектерді қарастырылған мәселе – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім әрекеттері арқылы тіл үйренушілерге қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгерту, сауатты жаза білу, кәсіби тілдесімді еркін түрде жүзеге асыру. Кәсіби тілдесім – тіл үйренушілерге белгілі бір мамандықтың саласына байланысты сөйлесудің үлгілерін, мамандыққа қатысты сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету. Адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен, қалай сөйлесуіне байланысты тілдесім түрліше болады: ресми, бейресми, қалыптасқан тілдесім және т.б.

1-тапсырма:

- Мәтін не туралы?
- Мәтіндегі негізгі деректерді табыңыздар.
- Мәтінде қандай мәселелер көтерілген?
- Конвенциялар мәтін идеясын жеткізуде қандай рөл атқарып тұр?
- Белгілі бір тілді үйрену тілдің грамматикалық құрылымын түсінумен шектеле ме?

- Тілді үйрену барысында белгілі бір мамандық бойынша ғылыми әдебиеттерді, мақалаларды оқи алу дағдысын ғана қалыптастырса жеткілікті ме?
- Кәсіби тілдесім дегеніміз не?
- Тілдесімнің қандай түрлері бар?

Грамматикалық тақырып: Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі. Қазақ тіліндегі терминдердің салалық бөліністері. Грамматикалық ерекшеліктері мен бірізділігі.

Тұрақты сөз тіркестерін фразеологиялық тіркес деп те атаймыз. Олар екі не одан да көп сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасала отырып, бір ғана ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобынан жасалады. Олардың құрамындағы сөздер бастапқы дербес мағынасынан алшақтап, жеке сөздерге балама болып қолданылады, олардың сөз тіркесіндегі мағыналары дара тұрғанда, мағынасымен сәйкес келмейді. Мысалы: жүрегінің түгі бар – батыл адам; іші күйю – өкіну, қол ұшын беру – көмектесу т.б.

Ауызекі сөйлеу стилі стильдің ең көп қолданылатын түрі. Ол диалог түрінде жүзеге асады. Бұнда екпін орны ерекше. Аталмыш стильде монолог та қолданылады. Ауызекі сөйлеу стилінде эмоция басым болады. Онда жергілікті сөздер, яғни диалектілер көп пайдаланылады. Одағай, қаратпа, қыстырма сөздер қолданысқа көп түседі. Лепті және сұраулы сөйлемдерге құрылады. Сонымен қатар көркемдегіш-бейнелеуіш құралдар пайдаланылады. Мысалы: *сайтандай сап ете қалдың зой, түйедей болмай жолдан былай тұршы т.б.*

2-тапсырма: «Таза тақта» стратегиясы. Мәтіннің мазмұны бойынша студенттер сұрақтар құрастырып, тақтаға жазып, оны толтырады. Содан кейін сұрақтарға жауап беріп, өшіріп отырады. Соңында барлық сұрақтарға жауап бергенде тақта таза болып шығады.

3-тапсырма: Грамматикалық тақырып негізінде лексикалық минимумды қолдана отырып, «Миға шабуыл» стратегиясы негізінде «Жастар және ұлттық, рухани құндылықтар» атты мәселе бойынша өзіндік шешім табыңыздар.

4-тапсырма: Топтық жұмыс. «Өкіл» стратегиясы. Жоғарыда берілген 3-тапсырманы орындап болған соң топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, талқыланған мәселені түсіндіру, жинақтау және бұл туралы басқа топтың ойын, шешімдерін білу үшін басқа топқа барады. Сосын өз тобына қайта оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ аталмыш әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады.

5-тапсырма: «Аяқталмаған сөйлем» стратегиясы. Оқытушы студенттерге тақырыпқа қатысты аяқталмаған сөйлем ұсынады. Әр жұп

сөйлемді өз ойларымен аяқтайды. Нәтижесінде тақырыпқа қатысты шағын мәтін қалыптастыруға болады. Аталмыш стратегия студенттердің шапшаң ойлау, ұтымды сөйлеу дағдыларын ұштай түседі.

СӨЖ тапсырмасы: Кәсіби саладағы іскери қарым-қатынас.

Рефлексия:Бес саусақ



- 1 – қандай жаңа білім алдым?
- 2 – мақсатқа жету үшін не істедім?
- 3 – көңіл-күйім қандай болды?
- 4 – қандай көмек бере алдым?
- 5 – қандай кедергі болды?

Қазақ тілі (B1 деңгей)

1-аралық бақылау сұрақтары

1. Жеке тұлға. Жеке тұлғаның қоғамдағы орны.
2. Жеке тұлғаның азаматтығы, ұлты, білімі, оқу орны туралы мәлімет.
3. Зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары.
4. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестердің қолданысы.
5. Отбасы және дәстүр.
6. Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, отбасы берекесі.
7. Отбасындағы салт-дәстүрлер, туыстық атаулар туралы ақпарат.
8. Жалпы және жалқы зат есімдер.
9. Көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі, тәуелді септеу, жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы.
10. Жай сөйлемдердің коммуникативтік мақсаттарына қарай жұмсалуды. Отбасындағы сыйластық
11. Мамандық таңдау мәселесі..
12. Оқу орны, мамандық таңдау.
13. Таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуі туралы ақпарат.
14. Іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі.
15. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері.
16. Қоғам және жастар.
17. Жастардың қоғамдағы орны, іс-әрекеті.
18. Қоғамның дамуына жастардың қосып жатқан үлесі туралы мәлімет.
19. Ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер (интенциялар).
20. Әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары, салыстыру құрылымдарын беру тәсілдері.
21. Бірінші байлық – денсаулық.
22. Денсаулық – зор байлық.
23. Спорттың денсаулыққа пайдасы
24. Дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығы.
25. Ұлттық сусынның пайдасы.
26. Бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндердің сипатталуы.
27. Жалқы және жалпы есімдер.
28. Деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы (Бұл – құнарлы тағам. Жаттығудың пайдасы)
29. Адам және экология.
30. Табиғи таза өнімдер және оған сұраныс.
31. Табиғи өнімнің сапасы.
32. Таза өнімнің денсаулыққа пайдасы.
33. Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы.
34. Күрделі сөздер (сүт өнімдері, ауыл шаруашылығы, қоршаған орта).

35. Күрделі сөздерге қосымшалардың жалғану ерекшеліктері.
36. Саяхат және туризм.
37. Туған жерге саяхаттау; туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністері.
38. Еліміздің туризм саласы.
39. Жалпы және жалқы зат есімдер, деректі және дерексіз ұғымдардың атауы.
40. Күрделі атауларда тәуелдік жалғауының қолданылуы.
41. Адам және табиғат. Табиғатта болып жатқан өзгерістер.
42. Табиғат құбылыстарының адам өміріне әсері. Күрт құбылмалы ауа райы туралы мәлімет.
43. Мезгіл мағыналы сөздер (қыс, көктем, түсте, кеш батқанда), салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы (Алматыға қарағанда Астана суық; бұған қарағанда, соған қарағанда, осыған қарағанда).
44. Адам және уақыт. Уақыттың құндылығы, оны басқара білу.
45. Уақытты тиімді пайдалану және оны үнемдеу тәсілдері туралы ақпарат.
46. Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру.
47. Мәдениет және өнер. Қазақтың тұңғыш драма театры мен киносы. Алғашқы кино және пьесалар.
48. Қазақтың танымал өнер қайраткерлері. Өзіне ұнайтын туынды жайлы әңгімелеу, театрға саяхат.
49. Бірлескен іс-қимылдың берілуі, қимылдың тәсілі, амалы. Жалпылау есімдіктері.
50. Мінез және келбет. Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті, олардың үйлесімділігі туралы мәлімет.
51. Сән мен талғам. Киім үлгілері пішіндерінің алмасуы, стиль ерекшеліктері.
52. Қазіргі заманғы киім үлгісі. Қазақстанның қазіргі сәнгерлерінің киім үлгілері.
53. Сын-бейне үстеулері, мөлшер үстеулері. Анықтайтын, нақтылайтын сөздердің берілуі.
54. Әдебиет және өнер. Қазақ халқының рухани, мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері.
55. Проза және поэзия жанры туралы мәлімет.
56. Танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылау.
57. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар (бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда).
58. Менің Отаным. Отан, туған жер ұғымы.
59. Отанға деген сүйіспеншілік, елді, жерді құрметтеу, еліміздің рәміздерін қастерлеу жайлы ақпарат.
60. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени салалардағы қатысым түрлері.
61. Сөйлемдердің логикалық, мағыналық байланысы.
62. Реттік сан есім мен зат есімнің тіркесі.
63. Күрделі сан есімнің (жиырма бірінші ғасыр; бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы) берілуі.

64. Тұрғын үй және сәулет. Сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй.
65. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сырт келбеті.
66. Қазіргі заманауи үйлер, олардың ерекшеліктері туралы ақпарат.
67. Баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерді бағалау, қорытындылау.
68. Көмекші есімдер (айналасында, сыртында, маңайында). Күшейткіш мәнді сөздер (нағыз, керемет, теңдессіз).

2-аралық бақылау сұрақтары

1. Білім және ғылым. Білім, ғылым және жастар саясаты.
2. Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық.
3. Қазіргі білім беруді дамыту, білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы мәлімет.
4. Білімді жастар – болашақтың тірегі.
5. Білімділіктің адам өміріндегі маңыздылығы, жастарға арналған білім беру бағдарламалары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ туралы мағлұмат.
6. Дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы): Қазақстан
7. Республикасының білім жүйесіндегі жаңашылдығы, жоғары оқу орындарындағы тәжірибе. Диалогты бастау, жалғастыру.
8. Өнертабыс және жаңашылдық. Өнертабыс-өнертапқыштық ұғымы, бүгінгі таңдағы өнертабыс түрлері мен оларға сипаттама.
9. Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік+ -ма-й-ын-ша, -ме-й-ін-ше, па-й-ын-ша, пе-й-ін-ше, ба-й-ын-ша, -бе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы.
10. Танымал тұлғалар. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы, оның мақсаты, жоба жеңімпаздары, елімізге ең танымал есімдер туралы мәлімет.
11. Есімшенің анықтауыштық қызметі. Шектік демеуліктері.
12. Бұқаралық ақпарат құралдары, оның түрлері. БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі.
13. Бүгінгі таңдағы БАҚ-тың қоғамдық рөлі туралы мәлімет. Ақпарат көздеріне сілтеменің берілуі.
14. Предикаттың күрделенген түрі. Етістік+ -са(-се) да, де түрінде қолданылуы.
15. Көлік және логистика, көлік қатынасы. Көліктің түрлері.
16. Көпшілік пайдаланатын көлік. Көлік логистикасының міндеттері. Қазақстандағы көлік жүйесі.
17. Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері.
18. Көмекші есімдердің (бойында, айналасында, сыртында, маңайында, қасында) берілуі.
19. Ел экономикасы. Қазақстан Республикасының экономикасы, оның дамуы. Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны.
20. Еліміздің беделді халықаралық ұйымдарға мүше болуы. Себеп-салдар, қарсылықты, ыңғайластық жалғаулықтар.
21. Анықтауыштық қатынас.
22. Әлем назарындағы Қазақстан. Еліміздің ұзақ мерзімді даму бағдарламалары, оларды жүзеге асыру жолдары.

- 23.«Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегиялары: қабылдануы және маңызы туралы ақпарат.
- 24.Коммуникативтік мақсатқа негізделген монолог. Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері. Етістік + -ғанда, -генде, -қанда, -кенде қосымшалары арқылы жасалуы.
- 25.Ел қауіпсіздігі. Еліміздің Қарулы Күштері, оның түрлері.
- 26.Қарулы Күштердің әлеуеті, құрылымы мен қызметі. Республика Ұланы, ұландықтардың әскери міндеті.
- 27.Әлеуметтік-саяси, ресми салалардағы қатысымға негізделген мәтіндердің берілуі. Монолог, диалог түріндегі ақпарат.
- 28.Мақсат мәнді сөйлем: етістік+у+ үшін тіркесі арқылы жасалуы.
- 29.Адами құндылық. Адамгершілік пен адами құндылықтар.
- 30.Адами құндылықтың адам өміріндегі рөлі. Бауырмалдық және кеңпейілділік— адамның ең бір асыл қасиеттері.
- 31.Адами құндылықты насихаттау. Танымдық-ақпараттық мазмұндағы мәтінді сипаттау, суреттеу, бағалау және қорытындылау.
- 32.Етістік + а (-е,-й) алу+ модаль етістіктер шақ, жақ формалары арқылы.
- 33.Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Қазақстан халқының демографиялық жағдайы, халық санының динамикасы, демографиялық саясаттың маңыздылығы туралы ақпарат.
- 34.Мәтін мазмұнындағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, қатынасын білдіре алу, ой қорыту тәсілдері.
- 35.Сан-мөлшер категориясының қолданысы. Жинақтық сан есімдер, топтау сан есімдері, болжалдық сан есімдер.
- 36.Өркениет және жаңа әліпби. Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесі. Ғылыми термин және жаңа сөздер.
- 37.Латын әліпбиі негізіндегі терминдердің қолданысы. Салалық терминдер. Ресми-іскери стиль.
- 38.Тілдік кәсіби бағдар. Болашақ маманның тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Мамандыққа қатысты тілдік ерекшеліктер
- 39.Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары.
- 40.Мен ... етістік+барыс септік+тиісті+жіктік жалғауы тіркесінің 3 жақта түрленіп қолданылуы.
- 41.Кәсіби тілдің терминжүйесі. Тілді кәсіби бағдарлы қолдану. Салалық және кәсіби терминдер.
- 42.Қазақ тіліндегі термин сөздер.
- 43.Әлеуметтік және кәсіби салалардағы Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдер.
- 44.Терминдік норма қолданысын сипаттау қолданылатын сөздер
- 45.Тұрақты тілдік оралымдардың берілуі.
- 46.Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі.
- 77.Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі.
- 48.Жарыссөзге шығу. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.
- 49.Қазақ тіліндегі терминдердің салалық бөліністері.

50.Грамматикалық ерекшеліктері мен бірізділігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Студенттің өзіндік жұмысы оқытушы тапсырмасына сәйкес реферат түрінде оқытушының жетекшілігімен жүзеге асырылады.

1-семестр (B1)

№	Тақырып	СӨЖ тапсырмалары мен мазмұны	Тапсыру мерзімі
1	Жеке тұлға. Жеке тұлғаның қоғамдағы орны. Азаматтығы, ұлты, білімі, оқу орны туралы мәлімет. Зат есімнің септік жүйесі, септік жалғауларының мағыналары. Қабыса, матаса байланысқан зат есімді тіркестердің қолданысы	«Мен Қазақстан азаматымын» тақырыбына монолог құрастыру.	1-апта
2	Отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, отбасы берекесі, отбасындағы салт-дәстүрлер, туыстық атаулар туралы ақпарат. Жалпы және жалқы зат есімдер; көптік жалғаулы сөздің тәуелденуі; тәуелді септеу жіктік жалғау, жіктік жалғаудың көптік формасы. Отбасындағы сыйластық. Жай сөйлемдердің коммуникативтік мақсаттарына қарай жұмсалуды.	Туыстар, олардың тұрмысы мен мамандығы жайлы сұқбат. Туыстарының бойындағы ерекше қасиеттері туралы әңгімелеу.	2-апта
3	Оқу орны, мамандық таңдау, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуі туралы ақпарат. Іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға эмоциялық қатынастың және көзқарастың, бағалаудың берілуі. Есімдіктер, олардың түрлері және септелу ерекшеліктері	Менің мамандығым – менің болашағым. «Мен таңдаған мамандық» (ойталқы)	3-апта

4	Жастардың қоғамдағы орны, іс-әрекеті. Қоғамның дамуына жастардың қосып жатқан үлесі туралы мәлімет. Ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер, әртүрлі жағдаяттардағы әрекеттерді жүзеге асыруға түрткі болу, қозғау салу формалары, салыстыру құрылымдарын беру тәсілдері	Жастардың қоғамдағы орны, іс-әрекеті. Қоғам және жастар. Қоғамдық орындардағы этика (пікірсайыс)	4-ші апта
5	Денсаулық сақтау, спорттың денсаулыққа пайдасы, дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығы. Ұлттық сусынның пайдасы. Бейімделген, баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндердің сипатталуы, жалқы және жалпы, деректі және дерексіз ұғымдардың анықталуы	Бірінші байлық – денсаулық. Ұлттық сусын-қымыз. Қымыздың пайдасы туралы бейнебаян материалдарымен жұмыс.	5-апта
6	Табиғи таза өнімдер және оған сұраныс, табиғи өнімнің сапасы, таза өнімнің денсаулыққа пайдасы. Іс-қимылдың объектісі, табыс септік жалғауының түсіріліп қолданылуы, күрделі сөздер. Оларға қосымшалардың жалғану ерекшеліктері	Экологиялық таза өнім. Сапалы тағам – саламаттық өмір бастауы (мәтіндегі негізгі ақпарат-ты түсіну, талдау)	6-апта
7	Туған жерге саяхаттау; туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністері, еліміздің туризм саласы. Жалпы және жалқы зат есімдер, деректі және дерексіз ұғымдардың атауы.	Өз өлкеңді таны «Қандай көркем– туған өлкем» тақырыбына эссе жазу.	7-апта
8	Табиғатта болып жатқан өзгерістер. Табиғат құбылыстары-ның адам өміріне әсері. Күрт құбылмалы ауа райы туралы мәлімет. Мезгіл мағыналы сөздер, салыстыру құрылымдарын берудегі қолданысы.	Табиғат құбылыстарынан келетін қиындықтар (сауалнама дайындау).	8-апта

9	Уақыттың құндылығы, оны басқара білу. Уақытты тиімді пайдалану және оны үнемдеу тәсілдері туралы ақпарат. Іс-қимылдың басталу, аяқталу мерзімі, адам жасының кезеңдерін білдіру, объектілік/субъектілік қатынастарды салыстыру	Ұлы мәртебелі уақыт. Уақытты тиімді пайдалану және оны үнемдеу тәсілдері туралы ақпарат жазу.	9-апта
10	Қазақтың тұңғыш драма театры мен киносы. Алғашқы кино және пьесалар. Қазақтың танымал өнер қайраткерлері. Бірлескен іс-қимылдың берілуі, қимылдың тәсілі, амалы. Жалпылау есімдіктері.	Театр және кино өнері. Өнер көкке жеткізер (жобалық жұмыс)	10-апта
11	Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті, олардың үйлесімділігі туралы мәлімет	Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат. Киіміне қарай қарсы ал, мінезіне қарап (ойталқы)	11-апта
12	Киім үлгілері пішіндерінің алмасуы, стиль ерекшеліктері. Қазіргі заманғы киім үлгісі. Қазақстанның қазіргі сәнгерлері-нің киім үлгілері. Сын-бейне үстеулері, мөлшер үстеулері.	Киім. Сән. Талғам. Тренд қандай? Сән үрдістері, тенденциялары (жобалық жұмыс)	12-апта
13	Қазақ халқының рухани, мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері. Проза және поэзия жанры туралы мәлімет. Танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылау. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар.	Проза және поэзия «Менің сүйікті жанрым» (әңгімелеу)	13-апта
14	Отан, туған жер ұғымы. Отанға деген сүйіспеншілік, елді, жерді құрметтеу, еліміздің рәміздерін қастерлеу жайлы ақпарат. Сөйлемдердің логикалық,	«Атамекен – құт мекен» тақырыбына эссе. Бай өлке (өлке жетістігі жайлы статистика)	14-апта

	мағыналық байланысы.		
15	Сәулет, қала құрылысы және тұрғын үй. Көппәтерлі тұрғын үйлердің сырт келбеті. Қазіргі заманауи үйлер, олардың ерекшеліктері туралы ақпарат. Баяндау және пайымдау элементтері бар мәтіндерді бағалау, қорытындылау.	Қазіргі заманауи үйлер. Еліміздегі көрнекті сәулет туындылары (жобалық жұмыс)	15-апта

2-семестр (B1)

№	Тақырып	СӨЖ тапсырмалары мен мазмұны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4
1	Білім және ғылым. Білім, ғылым және жастар саясаты. Білім беру жүйесіндегі жаңашылдық. Қазіргі білім беруді дамыту, білімді ұрпақ тәрбиелеу туралы мәлімет	«Ел болашағы – білімді ұрпақта». Мәтін бойынша эссе жазу.	1-апта
2	Білімді жастар – болашақтың тірегі. Білімділіктің адам өміріндегі маңыздылығы, жастарға арналған білім беру бағдарламалары, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ туралы мағлұмат. Дағы/-дегі, -тағы/-тегі формасы (анықтауыштық мағынасы): Қазақстан Республикасының білім жүйесіндегі жаңашылдығы, жоғары оқу орындарындағы тәжірибе. Диалогты бастау, жалғастыру	Мен жастарға сенемін. «Болашақ» түлектерімен сұқбат	2-апта

3	Өнертабыс және жаңашылдық. Өнертабыс-өнертапқыштық ұғымы, бүгінгі таңдағы өнертабыс түрлері мен оларға сипаттама. Етістік шақтарының жіктелуі. Етістік+-ма-й-ын-ша, -ме-й-ін-ше, па-й-ын-ша, пе-й-ін-ше, ба-й-ын-ша, -бе-й-ін-ше тіркестері арқылы қолданылуы	Қазіргі заман өнертабыстары. Телехабарларға шолу	3-апта
4	Танымал тұлғалар. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы, оның мақсаты, жоба жеңімпаздары, елімізге ең танымал есімдер туралы мәлімет.Есімшенің анықтауыштық қызметі. Шектік демеуліктері	Заманауи Қазақстанның 100 жаңа есімі. «100 жаңа есім» жобасын қолдаймыз (пікірлесу)	4-ші апта
5	Бұқаралық ақпарат құралдары, оның түрлері. БАҚ-тың ақпараттық және білімдік қызметі. Бүгінгі таңдағы БАҚ-тың қоғамдық рөлі туралы мәлімет.Ақпарат көздеріне сілтеменің берілуі. Предикаттың күрделенген түрі. Етістік+ -са(-се) да, де түрінде қолданылуы	БАҚ – өмір айнасы. Баспасөз беттері сөйлейді.	5-апта
6	Көлік және логистика, көлік қатынасы. Көліктің түрлері. Көпшілік пайдаланатын көлік. Көлік логистикасының міндеттері.Қазақстандағы көлік жүйесі.Мекендік қатынастың берілуі. Мекен үстеулері Көмекші есімдердің берілуі	Көлік және логистика. Көлік қатынасы туралы баяндау	6-апта
7	Ел экономикасы.Қазақстан Республикасының экономикасы, оның дамуы. Қазақстанның халықаралық нарықта алатын орны. Еліміздің беделді халықаралық ұйымдарға мүше болуы. Себеп-салдар, қарсылықты,	Тәуелсіз елдің экономикасы. Экономикалық келіссөздер – тұрақтылық кепілі (БАҚ материалдарымен жұмыс)	7-апта

	Ыңғайластық жалғаулықтар. Анықтауыштық қатынас.		
8	Әлем назарындағы Қазақстан. Еліміздің ұзақ мерзімді даму бағдарламалары, оларды жүзеге асыру жолдары.«Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялары: қабылдануы және маңызы туралы ақпарат. Коммуникативтік мақсатқа негізделген монолог. Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері.Етістік + -ғанда, -генде, -қанда, -кенде қосымшалары арқылы жасалуы	«Әлем назарындағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазу	8-апта
9	Ел қауіпсіздігі Еліміздің Қарулы Күштері, оның түрлері, Қарулы Күштердің әлеуеті, құрылымы мен қызметі. Республика Ұланы, ұландықтардың әскери міндеті. Әлеуметтік-саяси, ресми салалардағы қатысымға негізделген мәтіндердің берілуі. Монолог, диалог түріндегі ақпарат. Мақсат мәнді сөйлем.	Қазақстан Қарулы Күштері. Ел қауіпсіздігі – ең басты мәселе (пікір алмасу)	9-апта
10	Адами құндылық. Адамгершілік пен адами құндылықтар.Адами құндылықтың адам өміріндегі рөлі. Бауырмалдық және кеңпейілділік - адамның ең бір асыл қасиеттері. Адами құндылықты насихаттау.Танымдық-ақпараттық мазмұндағы мәтінді сипаттау, суреттеу, бағалау және қорытындылау.Етістік + а (-е,-й) алу+ модаль етістіктер шақ, жақ формалары арқылы	«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» Кең пейілді қазақ халқының жер аударылып келген ұлттарға деген бауырмалдылығы туралы бейнебаян дайындау.	10-апта
11	Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру	Демография – ұлт тағдыры. Қазақстанның	11-апта

	Қазақстан халқының демографиялық жағдайы, халық санының динамикасы, демографиялық саясаттың маңыздылығы туралы ақпарат. Мәтін мазмұнындағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, қатынасын білдіре алу, ой қорыту тәсілдері. Сан-мөлшер категориясының қолданысы. Жинақтық сан есімдер, болжалдық сан есімдердің берілуі	демографиялық жағдайына статистикалық шолу.	
12	Өркениет және жаңа әліпби. Қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша жаңа емлесі. Ғылыми термин және жаңа сөздер. Латын әліпбиі негізіндегі терминдердің қолданысы. Салалық терминдер. Ресми-іскери стиль.	Латын әліпбиі – өркениет жолы. Мәтінмен жұмыс	12-апта
13	Тілдік кәсіби бағдар. Болашақ маманның тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Мамандыққа қатысты тілдік ерекшеліктер. Ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары.	Кәсіби тіл ерекшелігі. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс жайлы мәлімет жинау	13-апта
14	Кәсіби тілдің терминжүйесі. Тілді кәсіби бағдарлы қолдану. Салалық және кәсіби терминдер. Қазақ тіліндегі термин сөздер. Әлеуметтік және кәсіби салаларда. Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдер. Терминдік норма қолданысын Сипаттау қолданылатын сөздер Тұрақты тілдік оралымдардың берілуі.	Салалық және кәсіби-бағдарлы терминдер. Терминдік норма қолданысын сипаттау	14-апта
15	Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі Кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшелігі. Жарыссөзге шығу.	Кәсіби мәтін ерекшелігі. Кәсіби саладағы іскери қарым-қатынас.	15-апта

	Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.Қазақ тіліндегі терминдердің салалық бөліністері. Грамматикалық ерекшеліктері мен бірізділігі. Тұрақты тіркестер, ауызекі сөйлеу стилі.		
--	---	--	--

ТАҚЫРЫПТЫҚ СӨЗДІК (1-семестр)

1-сабақ бойынша:

Жеке тұлға – личность
Болмыс – сущность
Өзіндік сана-сезім – самосознание
Түйсік – инстинкт
Дағды – навык
Өзін-өзі дамыту – саморазвитие
Пайымдау – осмысление
Генетикалықес – генетическая память
Өмірліктәжірибе – жизненный опыт
Әлеуметтік орта – социальная среда
Шығармашылық – творчество
Құндылық – ценность
Күрес – борьба

2-сабақ бойынша:

Береке – прок, благо
Даңқ – слава, известность
Кембағал – бедный, нуждающийся
Шарапат – благотворное, полезное, хорошее
Жол болу – повезти
Ауқатты – состоятельный, зажиточный
Қараша үй – простая юрта, простой дом
Тостаған – чашка (деревянная)
Текемет – текемет (большая кошма с узорами)
Қарақшы – разбойник
Босаға – порог
Қаңғу – бродить, блуждать, бродяжничать, быть бродягой
Жәбіршегу – быть притесненным, быть униженным

3-сабақ бойынша:

Таңдау – выбор
Еңбекнарығы – трудовой рынок
Басымдық – приоритет
Сұраныс – спрос
Мұқият – внимательно
Құндылық – ценность
Құрмет – почет
Игіқасиет – благое качество, добродетель
Демеу – спонсировать, поддерживать
Руханиқолдау – духовная поддержка
Әлеуметтік желі – социальная сеть

Жарнамалау – рекламировать
Қалыптастыру – формировать

4-сабақ бойынша:

Алтын кілт – золотой ключ
Кемелкелешек – светлое будущее
Жолдау – послание
Маңыздықұжат – значимый документ
Игібастама – хорошее начало
Ел бірлігі – единство народа
Жұмысқа орналастыру – устроить на работу
Тоқтап қалмау – не останавливаться
Өркендеу – процветать
Жасотбасы – молодая семья
Қолжетімді баспана – доступное жилье
Жолсілтеу – направить
Отандық білім – отечественное образование
Тиімді жүйе – эффективная система
Жоғары сапа – высокое качество
Жастарғасенім – вера в молодежь
Аға ұрпақ – старшее поколение
Жүзеге асу – реализоваться
Атсалысу – участвовать

5-сабақ бойынша:

Гулеу – гудеть; шуметь
Кірпік қақпау – не смыкать глаз
Айлалы – хитрый
Машық – способность
Сокқы – удар
Айқас – бой
Тұқыру – опускать голову вниз
Айқын – ясный
Мертіктіру – поколечить
Бәсеңдеу – замедленно, постепенно понизить (звук, шаги)
Шаншылақұлау – упал вниз головой
Жойқын – сокрушительный; перен. обильный, грандиозный, внушительный;
Қаусау – рассыхаться (о деревянной посуде), перен. стареть, дряхлеть, терять силы
Шырай – миловидность лица, красота
Қанат біту – быть окрыленным

6-сабақ бойынша:

Экологиялық таза өнім – экологически чистый продукт

Сүтөнімдері / Ашытылған сүтөнімдері – молочные продукты / кисломолочные продукты

Қатық – катык, ряженка

Тосап – варенье

Қой сүті – баранье молоко

Ағза – организм

Ұйқықашу – не спать

Дорба – сумка

Өре – навес, полка

Іш кебу – запор

Сүткөже – молочный суп

Ұйыған сүт – прокисшее молоко

Ірімшік – творог

Шұңғылыдыс – глубокая посуда

Зардапшегу – пострадать

Зиянкелтіру / қиянат жасау / зардапшектіру – причинение вреда /
злоупотребление / заставить страдать

Қасірет – большое горе, глубокая скорбь, кручина

Құттықоныс / жайлы мекен – благословенное поселение, уютное место

Күту / баптау / қорғау / аялау – заботиться

Құрметтеу / қадір тұту – уважать

Табиғат заңдылықтары – закономерности природы

Табиғат құбылыстары / табиғи апаттар – природное явление

Экологиялық таза өнім – экологически чистый продукт

7-сабақ бойынша:

Дамылсыз – неустанно

Жұпар иіс – аромат

Дерт – болезнь

Дауа – лечение

Көкірек – грудь / гордость

Шарпу – опалить, обжигать, задевать

Қарауыл – охрана

Қалғу – дремать, быть в полусонном состоянии

Көз жұму – умереть

Көкке қарау / аспанға қарау – смотреть на небо

Көлбеу (жату) – горизонтально

Дулыға – воинский шлем; длинная, густая шерсть на верхушке горба верблюда

Бура – верблюд-производитель

Атан – холощенный верблюд, крупный, старый верблюд

Алшаң басу – уверенно шагать

Қалың жыныс – густой лес

Шымылдық – занавес

Сүйір – острый; остроконечный

Тақия – тюбетейка

Тәжім – поклон, знак почтения, уважения; реверанс

8-сабақ бойынша:

Таңдау – выбирать

Жетімсіреу – чувствовать себя сиротой (чувство сироты)

Ем – лечение

Тіршілік – жизнь, существование

Рахаттану – наслаждаться

Қону (көлге) – спускаться, приземляться

Көзілмеу – не сомкнуть глаз

Тербелу – качаться, колебаться

Тәуіп – знахарь, лекарь

Аластау – окуривать (дымом арчи, совершая знахарский обряд очищения от болезни, злого духа и т.п.)

Қасиетті – священный

Жаға (көлжағасы) – берег, побережье

Тұмсық – клюв, ноздри

Аққудынақмамығы – белый лебяжий пух

Атерттеу – седлать коня

Таңсәрі, таң – рассвет

Сор (сорлау, сорлады) – несчастье, беда, бедствие, неудача. Все время испытывать беду

Олжа – добыча

Ерік (еркіненайрылу) – воля, свобода, помимо (своей) воли

Өңбе, түспе – наяву или во сне

Жалбыз – мята

9-сабақ бойынша:

Ғалам – мир, планета

Жылға – сухое ложе ручья, балка, ложбина

Тартылу – высыхать, сохнуть

Жаны ашу – жалеть

Таңнұры – лучи солнца при восходе

Ұран – лозунг, призыв, девиз, клич

Жаңару – обновляться

Ескіру – стареть

Ұрпақ – потомок

Өмірденөту – уход из жизни

Бейтаныс – незнакомый

10-сабақ бойынша:

Шапалақ (шартылдады) – хлопок, аплодисмент

Жүріс-тұрыс – походка

Жат – чужой
Аруактану–воодушевиться, вдохновиться
Күнгірлеу–темное время суток, в переносном - глухой звук, издавать звон
Жаңғыру–звучать громко, звучать звонко; отдаваться эхом, в переносном -
обновление
Қанатынанқайрылу–быть в прискорбии, горевать, печалиться
қайғы-зар– печаль, скорбь
өкініш–сожаление
өксiк– ком в горле
қасiреттi– печальный, скорбный
тым-тырыс–тишина
талпыну– стремиться
өршелену–разъяриться, разозлиться
айызынқандыру– наслаждаться
бәйге– скачки
елемеу– не замечать
гүл-гүлжайнау–расцветать
шабыттану– вдохновляться

11-сабақ бойынша:

Мінез-кұлық– характер
Ұрысқақ–скандальный человек
Ескішежылсанау–летоисчисление по-старому
Халықтықболжам– народный прогноз
Бас қатырмау– не думать, не ломать голову
Сақылдағансарыаяз– сильный мороз
Аспантесілу– пробить небо
Адамғажағу– понравиться человеку
Күрделікұбылыс– сложное явление
Жорамал– прогноз
Тікмінезді– прямой характер
Жанынжаралау– ранить душу
Сезімтал–чувствительный
Әсершіл–впечатлительный
Тәуекел– риск
Уысындаұстаптұру– держать в кулаке
Табандылықтаныту– быть упорным, настойчивым
Бірбеткей– упорный
Ұстамды, тұрақты–сдержанный
Уайымшыл–сентиментальный
Шығармашылық– творческий
Зерек– прилежный
Кикілжің–ссора
Сәтсіздік– неудача

Өзімшіл– эгоист
Назарда болу –быть во внимании
Қызуқанды– горячий
Томаға-тұйық–скрытый, закрытый, скованный
Отпенойнау– играть с огнем
Ара-жігінажырату–различать
Жолыболғыш– удачливый
Сүттенак, судан таза –невиновный, безвинный
Адамдытану– узнать человека

12-сабақ бойынша:

Сән, сәнгер–мода, стилист
Талғам– вкус
Пішін–объём
Стиль ерекшеліктері– особенности стиля
Киімүлгілері– образцы одежды
Сәнүрдістері–тенденциистыля
Білек–предплечье
Бұрым (өру) – заплетать косу
Шолпы–подвески; серебряные украшения, подвешиваемые к женской косе
Кәмшатбөрік– шапка из шкуры выдры
Аласы аз қаракөз–большие черные глаза
Үлбіреген–изнеженный, нежнейший
Бұраң бел – тонкая талия
Некен-саяқ– редко, изредка, кое-где
Шымырлау–ощущение озноба (о мурашках по телу), ощущать озноб;
ощущать дрожь

13-сабақ бойынша:

Әдебиет– литература
Өнер– искусство
Руханимұра– духовное наследие
Мәденимұра– культурное наследие
Тамырсыздық–бескорневой
Індет– пандемия
Қалқалау– заслонять, загоразивать, прикрывать
Мазмұн– содержание
Демеу, жебеу– поддержать
Түпқазық– опора
Айбын–доблесть
Өнеге–пример
Тірек– опора
Шуақшашу– дарить тепло
Қүдірет–могущество, мощь, сила

Қаңбақ– перекати-поле
Ұлылық–величие, могущество
Менсінбеу– пренебрежение
Пенде– человек, раб божий
Бағыжанбау– быть несчастливым
Тыныс– дыхание, передышка, перерыв, жизнь

14-сабақ бойынша:

Атамекен– земля предков
Құт– благо; благодать, богатство, достаток, изобилие
Сүйіспеншілік– любовь, любовное отношение
Құрметтеу–уважать
Рәміздер–символы
Ағындыөзен– быстрая река
Асқар тау – высокая гора
Қыбырлағанжәндік– насекомое
Кеуденіжарыпшығу–разрывая грудь
Бозторғай– жаворонок
Шырылдау– чирикать, щебетать, сильно беспокоиться; суетливо вертеться вокруг
Күйік– печаль; горе; сильное переживание

15-сабақ бойынша:

Құмырсқаныңилеуінше– бесчисленное множество (как в муравейнике)
Әкесініңқұнынсұрау– просить невероятно большую цену
Үмітотыжарқету– надеяться; питать надежду, иметь надежду
Тозығыжеткен–ветхий; встрепанный, изношенный, истасканный, устаревший
Жәбір-жапа– обиды и оскорбления
Иманынүйіру–сильноиспугаться
Тауықкепе– шалаш, временка
Жалдау– нанимать
Мелшиіптүру– замереть, застыть, остолбенеть
Дарбаза–ворота
Көзгешоқтайбасылу–встречаться с радостью либо как ужаленный
Өзінтежеу–тормозить, останавливать, сдерживать, натягивать
Дәліз– коридор
Құлашжаю–распространяться, расширяться
Иттіңүясындай– как каморка
Саңылау– щель, зазор, просвет
Шырақ– свеча
Үрейленекөзжүгірту– смотреть опасаясь
Лашық– лачуга
Шұрық– дырка
Тірсек– голень, коленный изгиб

Жүзінжасжуу– плакать
